Оздерінізге белгілі, осы Тұрксіб жолы салынғанда бір ақындар өлеңінде, теңеулерінде “қара айғыр” деп, “отарба” деп алғанда, сонда бір өлең жазылды. “Бұл қай жол?” деген. Откен жылдарда көзінің жасы төгіліп, тұтқын жүрген, өмір зары сан кезген Жетісу жолы деген жол – Қытай мен Европаның сауда қатынас жолы, сол жолмен адамзат көрмеген қастықтар жүрген, бір кездегі Шыңғыстың қанқұйлы жолы қазір Тұрксіб жолы түсумен қандай жол болады? – деп, бұрынғы қандыбалақ жауыздар жүрген жолдың енді жаңа Отанның күре тамыры болады, сол темір жол арқылы жаңа ойлар, жаңа тамырмен жаңа қандар жүреді деп Faфур Fұлам жазған.

Азия, Африка елінің азаттығы жөнінде де жырлайсыздар. Қатарда келе жатқан ақындар қалай жырлайды? Міне, солардың шығармаларына қарап, танысып отыру керек. Үлкен образ болмай, поэзия болмайды. Сіздер жаңа бақыт пен жаңа мәдениетті ізденудің бойында осы жайларды ойланыңыздар. Сол мәдениетті ақындардың ешбірі айтпаған образды ойлармен айтқандарын сіздер де айта алады деп ойлаймын. Іздену үстінде, үміттену қалпында бір достық тілек: мен ақын емеспін, бірақ ақын өнерімен достардың алдында жақын тұрган қандай өрістер бар, жап-жақын бір белестің астында тұрган кейбір шындық бар, сол белеске шығып, табылмаған жоқты табу, соған тырысу керек деп ойлаймын.

Осымен бірге, Мұхтар қартайғасын ақыл айту дағдысына түскен еken деменіздер, бірақ бір нәрсені айтқым келеді. Жастар, осы бастан бірнеше әдеттен сақ болыңыздар. Ең алдымен, жақсы жаздым еken деп асқақтамау керек, тумай тұрып толдым, жазбай жатып болдым деуден қашу керек. Бұл мінез адамды жаман нәрсеге апарып ұрындырады. Арақ ішу, мастану осыдан туады. Ұлы Лениннің, Горькийдің кішіпейілдік сияқты жақсы дәстүрі бар. Осыны үйрене білу керек. Мастану дегенді көрмей жүрген жоқсыздар, болып қалдым еken деп алдыңғыны мүйіздел, шынтағымен қаққылаң, өзіне-өзі ғашық болушылық – бұл адамның үлкен соры. Бұл, ең алдымен, өзімшілдікті, өзімшілдік – күншілдікті туғызады. Мәдениеті az әдебиеттерде бұл үлкен сордың бірі. Екіншіден, жақсы еңбек жаздым, танылмады деп қорықпандар, танылмаған Шекспир мен танылмаған Толстой көп бола береді деп ойламаңыздар. Олар дүниеде біреу-ак. Олар көрінгенге мысал емес. Шала Шекспирлер, толыспаған Толстойлар танылмай жүре берсін. Одан келер-кетер аз ғана. Өнірі табылмаған тау, терең танылмаған өзен бар ма? Біздің өмірімізде баға берілмей қалған қасиет бар ма? Бағалы-бағаланбай келген қасиет жоқ. Советтің адал сыны, әділ бағасы құмның түкпіріндегі Кербебаевты да таныды, тапты да ғой. Кішкентай Чукчаның Рытхэуін, Туваның Салчак Токасын таныды да, тапты ғой. Ақындық жақсылығым танылмайды деп ойламаңыздар. Жақсылықты тану ретінде ең әділ, әрі әділетті халық біздің совет халқы. Жақсы баға орын тауып беріледі. Сондықтан әдебиет үшін

реклама керек емес. Бұл реклама өзімшілдік, құншілдікті туғызады. Америкага барғанда Маяковский “Бруклинский мост” деген жыр жазған. Маяковский бұл көпірдің үлкендігін, талантты инженердің кім екенін айтпаған. Ол заманда Бруклин көпірі Маяковскийді таңдандыrsa, оның бер жағында бізде салынған, астында тіреуіші жоқ көпірді салған инженердің атын қайсының білесіздер? Осыған қарағанда әдебиет саласы ең бір рекламалы, сондыктан өзін-өзі reklamalaудың ешбір қажеті жоқ. Еңбек жақсы жазылса, “басылғалы жатыр” деп бір хабарласа, “басылды” деп екінші рет хабарлайды. Ол шығарманың циклдары журнал бетінде басылады, кітап боп шығады, сыншы мақтау жазады, міне, көріп отырысыздар, әдебиеттен рекламалы не бар? Көп еңбек қаламның сиясы құрғап болмай-ақ даңқтанып жатады. Социалистік Отанда еңбек етіп жүрген жандардың ішінде енбегін дабырлап жататын тек әдебиетшілер. Сондықтан соның ішінен реклама іздеу бейшаралық нәрсе деп санаймын. Ал жеке адамды рекламалау талантсыздықтың белгісі, ол бейшаралық. Құншілдік пен өзімшілдікке байланысты “менікі онықінен артығырақ, мені бағаламады” деген нәрселердің барлығы осындай дертерден пайда болады.

Сіздерден алдыңғы буын алдағы заманның жамандығын ала келетіні болады, сіздер адаптацияның үлкен әділ таразыларың бар, салмақты сабырларың бар, әдебиеттің жақсылығын шын сүйетін, шын берілген кішіпейіл әдебиетші болыңыздар. Жақсы жазғандарыңыз даға кетпейді, ешбір қасиет бағаланбай қалмайды, алтының танылмай қалмайды. Жақсылық арта түседі. Әдебиетке сұлу мінез өкелуші, үлкен мәдениетті қасиетті өкелуші, нұрлы, жақсы, жарқыраған өрісі бар жастар, еңбектеріңіздің жемісті болуына, талап үстіне талап, нұр үстіне нұр құйып, оку-білімдеріңіздің өсіп-өрлеуіне зор ағалық достықпен тілек айтамын.

ҚАЙТА ТУФАН ХАЛЫҚТЫҢ ӘДЕБИЕТИ

Жас шағынан бастап, құлаш соза, жетіле түскен кезіне шейін жүріп өткен жолын андасақ, қазақ совет әдебиеті қөп салалы, құрделі өмір кешкенін көреміз. Октябрь тудырып өсірген тамаша өренінің бірі – қазақ совет әдебиетін барлық халқымызбен бірге қуаныш, мақтан ете отырып, сол әдебиеттің қөп жайларын тілекtes көңілмен шоламыз.

Қазақ совет әдебиетінің қырық жылдық дәүірі деген сөз – ол, ең алдымен, әдебиеттік нақтылы фактілердің, ағымдардың, қозғалыстардың және үлкенді-кішілі шығармалық шабытты процестердің тарихы деген сөз. Бұл тарих, сонымен қатар, деректі, қомақты дүние. Жалпы бағыт жайлармен қатар, бұл жөніндегі әрбір деректер жеке шығармалар түрінде, жеке жазушылардың өмір тартысы ретінде өте айқын, салмақты келеді.

Сан жағынан мол болып, әр салалы кең көріністер аңғартатын табыстардың сапалық жағы да ойдағыдай. Бір адамның өмірінен де қысқа дәүір ішінде дүниежүзілік майданға шығуға жараған жаңа әдебиет пайда болды. Революция тудырған қазақ әдебиетінің анық өскелендік, сапалық сипатын, табысын танытатын кей көрнекті жайларын арнай атау керек.

Бұл жөнінде біз бар табысы тың болған көркем проза мен драматургияны ең алдымен ауызға аламыз. Қазақ көркем прозасы революциядан бұрынғы кезде үлкен табыс дәстүрге жетпегеніне қарамай, қырық жыл ішінде анық зор өріске жетті. Осы аталған санаулы жылдар ішінде біздің көркем прозамыз өз оқушысына сан алуан үлгі, өрнектер әкелді. Бұл қатарда терең драмалық құрылышы бар, сюжеті қызықты құрылған немесе психологиялық әңгімелер баяндайтын, болмаса тарихтық жайларды суреттейтін, тарихтық-революциялық шындықтарды бейнелейтін және өмірбаяндық, қызық оқиғалық романдар да туды. Өткір сана – мұдделі күнделік тартыс көрінісін бейнелейтін

очерктер, әңгімелер жазылды. Соғыстың қатал күні мен бейбітшілік күндерді немесе тыңды көтеру күндерінде де еңбек қарқының суреттеген көркем проза үлгілері шықты. Осының бәрімен қазақ прозасы партияның өткір құралы болуға жарады. Біздің прозаның табыстарын Одақтағы барлық халықтарымыздың бәрінің де тілінде таныған, танытқан бағалар бар екені белгілі.

Дүниежүзілік әдебиеттің барша мәдениеттік дәстүріне сүйенетін реалистік прозамызды жасаған жазушылар – роман жазушылар мен әңгімелер жазушылар. Мысалы, қазақ әңгімелерінің аса көркем үлгілері Бейімбет Майлиниң өзгеше мұрасынан танылатын. Ирі формалы прозаның роман үлгілері Сәбит Мұқановтың “Ботагөз”, Фабит Мұсіреповтің “Оянған өлкесі”, Фабиден Мұстафиннің “Шығанағы” деп санаймыз.

Мен қазақ көркем прозасының ең ірікті шығармаларын ғана екшеп алып отырымын. Бұл шығармалар – мезгіл сыйын көтерген, тұрақты табыс есебінде бағалануға мейлінше жараган кітаптар. Осы аз ғана еңбектердің бәріне ортақ ерекшелік жайлары бар және, әрине, әрқайсысының өзіне ғана тән, өзіндік жекешелік қасиеттері тағы да бар. Бұлардағы жалпы жақсы белгі әрбір жас әдебиеттің алғашқы Абайдан соңғы дәуірде қазақтың көркем сөзінің сапасы артып, жалпы әдебиеттік мәдениеттің жаңа үлгісін жасайтын жазушылар туғанын аңғартады. Сонымен қатар әрқайсысының жекеше бағалы қасиеттері бар. Мысалы, Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды бол шығады. Және бұл шығармалардың түр, үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады. Бейімбет әңгімелерінің көп топтары революцияның ең алғашқы жылдарынан бастап, отызыншы жылдардың ортасына дейін совет дәуірінде қазақ аулында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады.

Сәбиттің “Ботагөз” романындағы ерекшелік қасиет: бұнда лирикалық жан күйлері мен драмалық жайлар жақсы қабысады да, соның бәрі тарихтық, қоғамдық қозғалыспен, революция дәуіріндегі үлкен тартыс шындығымен жақсы үйлесіп бейнеленеді.

Фабиттің “Оянған өлкесі” романы – көркемдігі де, ойы да терең шығарма. Өзіндік даралық, жекеше жайлары мен тіл

kestesі, сөз шеберлігі оқшау сезіледі. Осындаі стильдік те толық сипаттары арқасында он-теріс адам бейнелерін ішкі сыр-сипаттарымен жақсы ашады. Бұнда жазушының өзіндік психологиялық суреттеу үлгісі талай жандарды сатиравыңды, әжуамен бейнелеуге бейімделіп, дұрыс дамып отырады. Осы әдіс, нақыстар бұл жазушы шығармасының өзгеше өзіндік қасиеті болып айқын байқалады. Фабиденнің “Шығанақ” атты романы да өзгеше қызықты шығарма. Замандасымыздың ішіндегі аса өнерлі егіншісі Шығанақ бейнесін жазушы халық бойындағы даналық қасиеттің жаңа сападағы бір үлгісі, өнегелі адам сипаты етіп көтере көрсеткен. Ұлы Отан соғысы жылдарында сусыз сараң сахарада гажайып мол егін – өнім алған еңбек даналығын келісті қып көрсете білген. Шығанақ бейнесінде еңбек батырлығын танытатын өзі дана, барынша адаптациялді, совет патриоты жақсы сипатталған. Бұл шығарманың өзгеше бір қасиеті: роман дағдылы өндіріс жөніндегі шығармағана болып қалмай, зор көркем шығарма болып қалыптасқан. Өйткені бұнда геройдың ішкі-тыскы сан сипаттарын тұтас ашып суреттейді. Адамның ішкі сезімдері, ой толғауы, қажырлы арманы халықтық кен, қызықты мінездер ретінде әдемі үйлесіп, тұтаса қалыптасқан. Бұл кітаптың осындаі өзіндік өзгешелік қымбат сымбаты бар.

Жоғарыда аталағып өткен төрт жазушының төрт алушан шығармалары қазақ көркем прозасының ең көрнекті, ең елеулі табысы болып саналуға татиды. Осылардай алдыңғы аға буын жазушылармен қатар, соларға ілесе жедел келе жатқан тағы бір топ талантты жазушыларды еске аламыз. Бұлар реалистік әңгімелердің, очерктердің жөне романдардың жазушылары – С. Ерубаев, Ә. Әбішев, F. Орманов, F. Сланов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Т. Ахтанов, З. Шашкин, З. Қабдолов, С. Шәймерденов, Ә. Нұрпейісов, Ә. Нұршайықов, тағы басқалар.

Біздің жаңа әдебиеттің соңғы қырық жыл ішінде тауып баураған жаңа жанрының бірі – драматургия. Қырық жыл ішінде сол драматургия ең алғаш киіз үйде, балаган күрке астында қойылып жүрген жастар ойын-сауығынан бастап, үлкен шеберлікке, реалистік көркемдікке жеткен шығармалар тудырыды. Бұл қатарда айрықша атап өтетін ірі пьесалар: Фабит Мұсіреповтің “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” және “Ақын трагедиясы” атты (Ақан сері туралы жазылған) пьесалары.

Біздің жұртшылық анық жоғары бағалайтын Мұсіреповтің бұл драмалық шығармалары адамның сезімін, көңіл мінез күбылысын, аңсау-арманың ақындықпен сипаттайтыды. Сол қасиеттері жаңа аталған шығармалардың дүниежүзілік драматургия мәдениетінің жақсы дәстүрінде жазылғандығын байқатады. Тек революциядан кейін ғана туған қазақ драматургиясы Мұсіреповтің сол трагедияларының табыстары арқылы жалпы драматургиялық мәдениеттің биік сатысына көтерілді.

Оқиғалар жағынан өткір, тартымды, қызғылықты, шабытты құрылған күйлер бұндағы тартыс пен қактығыс кездерінде адам мінездерінің ішкі-сыртқы қалыптарын қатар ашып отырады. Осындай ерекше жайлары шығарманың монолог, диалог сөздерінде және де шебер, шешен, тапқыр тілмен жақсы үйлеседі.

Майлин, Жансүгіров, Сейфуллин, Мұсірепов, Әбішев, Мұқанов, Тәжібаев, Хұсайынов, Ақынжанов – қазақ совет драматургиясының көрнекті жазушылары. Қазақстандағы академиялық драма театры, опера театры, жастар театры, облыстық театрлар коллективтерімен қосылыш өрекет етіп, бұл аталған жазушылар революциядан бұрынғы қазақ қауымы білмеген жаңа бағалы, оригиналдық көркемөнер үлгілерін туғызып жүр.

Бірнеше буын ақындардың еңбек ізденулері арқасында қазақ поэзиясы да революция жылдарында, әсіресе реалистік поэмалар туғызу жөнінде биік сапаға жетті. Оның ірі көркем шығармалары Сейфуллиннің кейбір поэмаларында, Сәбиттің отызынши жылдардағы кейбір жаңа өлеңдерінде, Ергалиев пен Бекхожиннің поэмаларында, Қасым Аманжоловтың, Фали Орманов пен Сыrbай Мәуленовтің лирикалық қысқа шығармаларында және, әсіресе Илияс Жансүгіровтің ірі поэмалары: “Дала”, “Күйші”, “Құлагер” сияқты шығармаларында айқын танылады.

Илияс Жансүгіровтің ақындық мұраларының ішінде жаңағы үш поэма қазақ совет поэмасының екі үлгісін анғартады. Бір алуаны – лирикалық-философиялық, екіншісі – оқиғалы, сюжетті поэма үлгісі. Осы үш поэма түсында қазақтың Абайдан кейінгі поэзиясы аса биік, ірі сапа табады. Бұлардағы дүниені көрер көз, сезіну сырьы, жалпы дүние тану қалпы, ақындық сыр, өмірге қараған көзқарас – барлығы да бұрынғы қазақ поэзиясы тудырмаяған

тың жаңалықты аңғартады. Осы поэмаларда бейнелегіштік (образность) кенеулі тапқыр оймен ұдайы жақсы үйлесіп отырады. Жансүтіров поэмалары сезім сырына да толы. Ал өлең үлгісіндегі мәдениет те басқа.

Жаңа қоғамды жасау жолында көркем сөз — поэзияның міндет, мұддесі қандай болатыны да бұнда терең сипатталады. “Күйші” мен “Құлагер” поэмалары әрі поэма, әрі өлеңмен жазылған роман болумен бірге, дүниежүзілік революцияшыл поэзияның алдыңғы қатар дәстүрлерін өз бойларынан жақсы танытады. Бұл шығармалар біздегі поэзия мәдениеті Абайдан соңғы дәуірде, революциялық тәрбие нәтижесінде биік сатыға шыққанын дәлелдейді. Халқымыздың ақындық шеберлігінің қөптеген сипатын біздің советтік поэзиямыз өз бойынан жақсы аңғартады. Халық шығармасындағы суретшіл бейнелегіштік, образға байлық, азаматтық өткір сана, азат ойдың еркін серпіні — біздің оқиғалы, оқиғасыз поэмаларымыздың бәрінде де сол халықтық сипатты өсіре түскенін көреміз. Шеберлікке мағыналықты қосады. Және, өсірепе сол халықтық сипатты орыс поэзиясының үлкен формадағы реалистік дәстүрлерімен жақсы үйлестіріп, келісті қүйде тоғысқандық байқатады.

Бірнеше буын ақындардың аттарын атасақ, олар: Ток-мағамбетов, Орманов, Тәжібаев, Жароков, Қасым Аманжолов, Абдолла Жұмағалиев, Сайн, Бекхожин, Әбілев, Сәрсенбаев, Ергалиев, Хакімжанова, Сатыбалдин, Молдағалиев, Шанғытбаев, Әлімбаев, Жармағамбетов, Сейітов, Мәмбетов сияқты жемісті талантты ақындарымыз бар. Бұлар — қазақ совет поэзиясының көп ізденіп, өнерленіп өсіп келе жатқан тобы. Кейбіреуінің басып өткен жолы жемісті, тағы біразының алдағы болашағы қызықты. Қазақ поэзиясының табыскер талаптылары осылар.

Көне күндер, карт замандар шағында шебер жырлар туғызған халық дәстүрін біздің заманымыздығы жаңа үлгідегі ақындық шеберлікпен үйлестіре білген халық өнерпаздары — Жамбыл, Нұрпейіс бастаған қазақ халық ақындарының өрлеу, даму жолы да өзгеше. Революциядан кейінгі дәуірде халықтық шабыт — өнер жаңа сапа табады. Бұл тұста мәдениеттің егіз екі саласының бір-біріне қарым-қатынасына терең өсер етіскеңін байқауға болады. Жазба әдебиет үшін ауызша әдебиет тек ескі дәстүрдің көркемдік бейнелегіштік үлгісі ғана емес. Сонымен қатар ауызша

әдебиет өзі де жазба әдебиеттің қымбатты дәстүрлерін бойына сініре өседі. Солайша, социалистік реализм әдісін халық ақындары неғұрлым өздеріне қанықты үлгі етіп алған сайын олардың ақындық табысы да жемісті бола түсетіні байқалады.

Жаңа жанрлардың туғаны, ескінің жаңғырғаны, екі сала ақындықтың, шеберліктің бір-біріне иық сүйесе өсуі – біздің іздену жолымыздағы асыл сырлы, қымбат сипаттар. Ол, біздің әдебиетіміздің бар бітімін алғанда, соның ұлы жүргінің жақсы соққан ыргағын танытады. Ол сыр, ырақ – коммунистік партиялыштықты, терең идеялыштықты, халықтық қасиетті танытқан жүрек ыргағы болады.

Қазақ совет әдебиетінің өсу, даму жолдарын шолып өткенде, сол әдебиетіміздің өрлеу табысына көп көмек ететін бір топ жандардың аттарын қоса атамасақ, сөз сынаржак болар еді. Біздің әдебиетіміздің бар жаңалығын, батыл ізденгіш өзгешелік қасиеттерін өзіміздің заманымызben нық байланыстырып, өсіре түсуге айнымас көмекшілеріміз де себепші болды. Олар – бар жазушылармен тізе қосып, білекке білек жалғасып, қатар жасасып келе жаткан біздің сыншыларымыз бер әдебиет тарихшыларымыз. Бұлардың кейбіреуінің өздері де жазушы. Ол: Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов. Ал зерттеуші сыншылар аттарын атасақ, олар: Ысмайылов, Кенжебаев, Жұмалиев, Шалабаев, Мәлік Фабдуллин, Қаратаяев, Дүйсенбаев, Базарбаев, Нұртазин, Ахметов, Сәрсекеев, Нұрқатов, Сейітов, Жармағамбетов, Қирабаев, Ахтанов, Шашкин, Әлімқұлов, Қабдолов, Сахариев, Сүйіншәлиев, Сармурзина, Құттыбаев, Ордалиев, Ғұмарова, Нұрмагамбетова, Хасенов, Дүйсенов, Әбетовтерді қосамыз.

Жиырмасынши жылдардың ортасында қазақ әдебиетінің тарихына арналған зерттеу енбектері туда бастаса, отызынши жылдардың басында әдебиет тарихы жөнінде орта мектепке арналған оку құралдары шығады. Содан бері қарай қазақ филологтерінің жоғарыда аталған көп адамдарының еңбегі, ізденулері бойынша жалпы қазақ фольклорын және XVIII–XIX–XX ғасырлардағы қазақ әдебиетін зерттейтін әдебиет тарихының ғылыми туда бастайды. Қазір, міне, жоғары дәрежелі мектептерге арналып қазақ совет әдебиетінің де очеркі екінші рет тольғың түрде қайта шықты. Оның жазылуына жаңағы аталған көп сыншы-тарихшыларымыздың қатынасы

болды. Жалпы редакциясын Сәбит Мұқанов пен тағы бірнеше жолдастар басқарды.

Отызынышы жылдардан бері қарай қазақ әдебиетіне үлкен достық көмек ететін орыс достарымыз көбейе түсті. Бұлар қазақ халқының арғы-бергі әдебиетін зор бейіл беріп, достықпен зерттеп келудің үстіне, біздің әдебиетіміздің табыстарын мол үтіттеуші, көпке танытушы достар. Аттарын атасақ, олар: З. Кедрина, М. Сильченко, Н. Смирнова, Е. Лизунова, К. Зелинский, М. Фетисов, В. Сидельников. Осындай достардың тағы бір мол тобы орыс жазушылары. Бұлар Қазақстан туралы өз шығармаларын жазудың үстіне, қазақ жазушыларының өсу, даму жайында туысқандық қамқорлықпен қатынасып отырады. Аттарын атасақ, олар: Леонид Соболев, Всеғолод Иванов, Николай Анов, Иван Шухов, Павел Кузнецов, Илья Сельвинский, Николай Сидоренко, Дмитрий Снегин, Николай Титов сияқты жазушы-акындар.

Қазақстандағы филология ғылымының терендең өсіп дамуында біздегі әдебиет тілінің өсіп, көркеюіне күнделік көмек етеді. Халқымыздың жалпы тіл байлығы, тіл мәдениеті, сөз өнері өсу жөнінде көп әсер, көмегін тигізетін біздің тілші ғалымдарымыз – оқымысты түркологтеріміз. Бұлардың көп жылғы іздену, зерттеу тапқырлығының жемісі де мол, ол тарихтық табыстар. Солар еңбегімен бір заманда арабша, кейін латынша, ал қазір орыс графикасы бойынша туған жаңа жазу үлгіміз жасалды. Олар оқу құралдары мен методикалық әдебиетті туғызды. Әлденеше түрде екі тілді сөздіктер жасалды. Ұлттық терминология атаулыны қалыптастырыды. Бұған қазақ филологиясының көрнекті ғалымдары профессорлар: І. Қенесбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, Н. Сауранбаев, ғылым кандидаттары: А. Үсқақов, Ф. Мұсабаев, Қ. Махмудов, Ф. Бегалиев, А. Хасенова, Ш. Сарыбаев және басқаларының еңбегі сінді. Соңдай зерттеулерімен қазақтың қазіргі көркем әдебиетінің мүмкіншілігін молайта түсіп отыр. Көркем әдебиетке жасалған көп көмектердің көрнекті бір алуаны осындай.

Әдебиет пен лингвистика ғылымының егізекі қанаттас іздену, өсу жолында біріне-бірі сүйене, нәр берісе айқаса өсу процесі осылайша болатыны – занды күйлер. Рас, бұның әлі түгел анықталмаған, ашылмаған күйлері де көп болу керек. Бірақ солай бола тұрса да, қазіргі мәлім табыстардың

өзі де социалистік дәуірдегі қазақ халқының ой мәдениеті жеткен қымбат жаңаңылтардың белгісі деп бағалануға тиіс.

Осылайша саналған табыстардың барлығы да социалистік қазақ ұлтының рухани мәдениеті ірілеп, өрлең өскенін аңғартады. Тарихтық дамудың осынша жоғары билігіне есқи Россияяда езгіде өскен бұратана елдің бірі тек социалистік революция арқасында жетіп отыр.

Сондайлық табыстарымызды еске алу үстінде қазақ халқының тағдыры мен тарихы, Октябрь революциясы болмаса, қандайлық басқа қиракеziк жолдарға соғып, не күйлер басынан кешіруіне мүмкін болар еді? Соны да кейде болжап көру теріс емес.

Тегінде, біз Лениннің тарихтық жағынан аса терең толғаған бір ойын жіе еске аламыз. Ол ойы: Россияның отары болған бұратана елдер социализмге келгенде, капиталистік дамудың азап дәуірін аттап өтіп жетеді деген болатын. Біз осы шындықты еске алғанда, өзіміздің қоғамның экономикалық, қоғамдық-тарихтық, азаттық-тендік, заттық-техникалық, тірлік-салттық жағдайдағы өсулеріне өлшеу етіп еске аламыз. Ал сол ойларды біздің халықтарымыздың рухани мәдениеті, әдебиеті жөнінде салыстыра сөз қыла қоймаймыз. Қазір біз сол Ленин толғаған ойды қазақ әдебиетінің Абайдан соңғы Октябрь революциясының алғашқы жылдарына шейінгі өткен кезеңіне мегзеп еске алайық.

Осы тұрғыдан қарағанда, Октябрь революциясы қазақ халқының рухани мәдениетін неден тазартты, қандай жайларды мансұқ етіп сыртқа тепті? Нақтылай сөйлегендеге біз неден аттап өттік, нені тәрк еттік? Әдебиеттегі революциялық тұрғыларға қалайша шықтық? Қырық жылдықтың қарсаңында бұл жайға да тоқтап өтү өбден орынды.

Ерте күндерде бізде Шоқан Уәлиханов пен Абай тәрізді ағартушы-демократтарымыз болды. Бұлар өздерінің бағы мен өз халқының бағына қарай орыс мәдениетінің ең алдыңғы дәстүрлері мен улғілерін бойларына сінірген еді.

Ал солардан бері қарайғыны алсақ, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басында майданға талантты ақын Шәңгереj Бекеев шығады. Бұл да Абай тәрізді орысша білім алған, өзі хан тұқымы, Самар губерниясындағы орыс дворяндарының лауазымына ие болған адам. Бірақ ол өзінің сезім күйін таратқан сыршылдық өлеңдерін

Абай үлгісінде жазбайды. Одан бөлек кетіп, алпысынышы жылдардағы “көркемөнер – өнер үшін” деп буржуазиялық бағытқа берілген орыстың Фет сияқты ақынына еліктейді.

Революцияның аз алдында Россиядағы жадидтік мәдресе “Фалиядан” бір топ қазақ мұғалімдері оқып шығады. Бұлардың молдалары Мединеде, ескі Бұхарада, Стамбулда оқып кайтқан адамдар еді. Солардан оқыған жаңағы қазақ мұғалімдері енді таза қазақ тілінде исламның шарттарын оқытатын кітаптар шығара бастайды. Бұрынғы діншілдік кітаптар ескі шағатай тілінде, кітапша – түрік тілінде болушы еді. Исламның жана шыққан, қазақ ішіндегі үгітші молдалары: Н. Күзембаев, М. Тұрганбаев сияқтылар қазақ тілінде “Дін ислам”, “Пайғамбар заманы” деген кітаптар бастырып шығарады. Бұл кітаптар, әрине, ислам үстемдігін үгіттейтін жадидтік схоластикалық идеяға толы реакцияшыл кітаптар еді.

Сол кездерде орыс мектептерінде толық білім алған кей қазақ ақындары алдында өткен Шоқан, Абай, Ыбырай тәрізді адамдардың алдыңғы қатарлы реалистік дәстүрін өздеріне үлгі етпейді. Оның орнына Октябрь революциясының алдында Россияда болған декадент ақындарға еліктейді. Үлгі етіп алғандары Бальмонт, Мережковский тәрізділер болады.

Бұл жайды сөз қылғанда, әсіресе күн нұрындағы ашықжарқын, әрі дені дерттен сау Абай поэзиясының халықтық сипатын қатар еске алмай болмайды. Абай болса өз халқының бойындағы жақсылық қасиеттің бәрін де өз ақындығына сыйғызып, сезімнің сарасын, ойдың асыл санасын ғана мұра қып қалдырған еді.

Жаңағы атағандай, әдебиетшілердің шығармалары революцияның алғашқы жылдарында пантүркистік, үлтшылдық саналарын дамыта түсіп, Шыңғыс ханының, Ақсақ Темірдің, Кенесарының аттарын да әйгілей бергіш болған. Шыңғыс тарихындағы ең қатал қаны шыққан деспоттық пен тирандықтың өкілдерін буржуазиялық-үлтшылдықтың санасына қосқан. Сонымен қатар кейбір жазушылардың буржуазиялық реакциялық романтиканы үлгі еткісі келгені де мәлім еді.

Октябрь революциясының алдындағы жылдар мен алғашқы жылдарында болған, осы аталғандай көрініс күйлерді еске алғанда, Абайдан бергі дәуірдің ішінде қазақ әдебиетінде халыққа қарсы едөуір реакцияшыл ағымдар

болғанын көреміз. Бұлар еңбекші елдің талай-талайына залалды, қараңғы мистика жолына түсіп, әдебиеттің өсу бағытын теріске бұру талабында әрекет еткен ақындар болды.

Ал енді осы айтқан жайларды басқа да барлық әдебиеттерге жанастыра ойлап көріңіз. Россиялық шығыстың барлық әдебиетіне де панисламистік, буржуазиялық-ұлтшылдық, декаденттік және мистикалық идеясымақ сарындар әбден жайылуға мүмкін еді. Біз бүгін өзіміз сондайлық залалды құйлерден аттаң әттік дегенде, тек қазақ әдебиетін ғана айтып қоймаймыз. Осы алуандас халді жалпыға бірдей жай деп түсіну лайық. Бұндайлық құйлерді аттаң, анықтаған сайын Октябрьден кейінгі дәуірде біздің халықтарымыздың рухани мәдениеті жеткен табыстардың тарихтық мәні қаншалық зор екенін аңдай түсесің.

Қазақ совет әдебиетінің негізін туғызуши алғашқы қазақ жазушыларының зор қасиеті, олар революция орнай салысымен Лениннің жарқын жолды іліміне сүйене отырып, әуелгі адамдарынан бастап, сол жаңағыдай реакциялық ағымдардың бәріне қарсы бітімсіз құрес ашты.

Еңбекші қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихында осы бағыт ең жемісті, зор жаңалық басы болып бекі берді. Бұл жөнінде анық тарихтық бағалы еңбек етушілер қазақ совет әдебиетінің көрнекті қайраткерлері: Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов сияқты адамдар еді.

Сырттай жаңалық тәрізденгенмен, мазмұн сыры бойынша арзан еліктеу үлгісіндеңігі реакциялық шығармаларға құрес ашумен бірге, қазақ совет әдебиеті анық, ұлken, халықтық арна тапты. Бұл жолда Горькийдің дәстүрін менгеруден бастап, жалпы революциялық идеяны бойына сіңіріп, орыс совет әдебиетінің ең ірі өкілдері бастаған дәстүрлерді баурап, менгере берді. Сол бағытта Маяковскийдің, Демьян Бедныйдың, Багрицкийдің, Фурмановтың, Серафимовичтің, Фадеевтің, Шолоховтың үлгілерінен үйрену, өсу дәуірі басталды.

Өзінің содан арғы өсу кезеңдерінде қазақ әдебиеті, өсіреле проза мен драматургия саласында, біздің жүртшылымыздың және дос туыстарымыздың бағалауы бойынша, енді барлық совет әдебиетіне де үлес қосарлық жаңа дәстүрлер жасап келе жатқанын көреміз. Бұл процесте қазақ әдебиетінің

сапасы өсті. Біз, қазақ жазушылары, сол жайды ойлағанда, әрине, ең алдымен революция дәүріндегі ғажайып жақсы жағдайымызды, барлық сапалы осуімізді ең бірінші себепшісі деп санаймыз. Бұл жөнінде Октябрь революциясының болуы, қоғамның социалистік құрылышы, қалың елдің арасындағы ағартушылық жұмыс, әдебиет кадрының өзінің мәдениеттеніп өсүі – осының бәрі де жиын үлкен табысты негізіміз. Әрине, бұндайлық шарттарды барлық совет әдебиеттері көріп отырған ортақ итілік, революция берген бақытты жағдайымыз деп санаймыз. Осыны алдымен атаумен қатар, біздің және де зор алғыспен ауызға алатынымыз – өз мәдениетіміздің топырағында туған өз алдымыздары кейбір ата буын ағартушыларымыз болады.

Шоқан Уәлиханов елуінші-алпысыншы жылдарда орыстың ұлы демократтарынан аса жақсы үлгі алғы өтті. Абай болса, орыс классиктерінен нәрлі үлгіні тамаша шеберлікпен ала білді. Сонымен дара жол салып, алдыңғы қатардағы ойшыл, мәдениетті қызын болған қалпымен қазақ әдебиетінің болашақта да өнімді жолмен өсуіне жақсы шарттар жасап кетті. Сондай қасиеттері өсіреле бір жөнде өзгеше оқшау көрінеді. Бұл орайда олардың классикалық алдыңғы қатардағы демократтық әдебиеттерден өте сапалы, аса бағалы үлгі ала білгендігін айтамыз.

Енді бүгін біз алдымызда өткен Шоқан еңбегін оқып, Пушкин, Лермонтовтан Абай жасаған аудармалар бойынша тәрбиеленіп отырмыз. Орыс поэзиясының ұлы мәдениетін менгеріп тудырған Абайдың өз шығармалары бойынша тәрбиеленіп отырмыз. Және бүгінгі социалистік дәуірде Абайдың әрі мұрагерлері, әрі оның ісін ілгері қарай апарушы біз екенбіз. Ендеше, біз, қазақ совет жазушылары, сол алдыңғы ұстаздарымыздың үлкен үлгілерін ескермей отыра алмаймыз.

Мысалы, проза жазушы есебінде, сол Абайдың Пушкин, Лермонтовтан үлгі алғаны тәрізді, біз де Толстойдың, Тургеневтің, Чеховтың, Горькийдің, Шолоховтың эстетикалық, көркемдік дәстүрлерін калай баурау жөнін ойламай қоя алмаймыз. Драматург есебінде біз орыс драматургиясының Островский, Чехов, Горький, Треневтер тудырған тәжірибелерін ескермей кете алмаймыз. Ақындар есебінде біз орыс поэзиясының асыл үлгілері болған Некрасов поэмалары мен Маяковский мұраларын ойламай да қоя алмаймыз.

Осыған орай қазақ совет әдебиетін жүйелік, ғылымдық проблемалар бойынша зерттеу жөнінде және біраз ойларды топтап, түйіндеп көрейік. Қазақ совет әдебиеті – Ұлы Октябрь революциясынан бастап азаттық алған халқымыздың социалистік мәдениетінің бір саласы, тарихтың ұлы табыс айғағы. Ол әдебиет Ленин партиясының идеялық майдандағы үлкен сенімді құралы, көмекшісі деп танылады.

Советтік әдебиетіміздің бүкілодақтық совет әдебиетіне тән төрт түрлі негізгі ерекшелігі бары мәлім. Ең өуелі бұл – революцияшыл, екінші – интернационалдық, үшінші – халықтық, төртінші – социалистік мазмұнды, ұлттық түрі бар көп ұлттық әдебиет.

Ең алдымен, біздің әдебиеттің кейбір көрнекті үлгілерін орыс классикалық әдебиетінің және совет әдебиетінің үлгілерімен салғастыра тексеру – үлкен шарт.

Бірақ осы жайларды ғылымдық дәрежеде нақтылы анықталып, тереңдей зерттеу жасаған еңбек жоқ. Жалғыз совет әдебиет классиктері емес, орыстың революциядан бұрынғы классикалық әдебиетінің өзінен де үлгі-өнеге алған, анық көп салалы, кең сатылы “қарға тамырлы” дегендегі байланыстар барлығы да даусыз. Мысалы, Құнанбай мен Абай арасындағы әке мен бала шалғайлық тартысы деген тақырыпты алсақ, бұл жайды Әуезов қана тапқан жоқ. Әріректе Тургеневтің “Әкелер мен балалар” романы, беріректе Достоевскийдің “Ағайынды Карамазовтары” бар емес пе еді? Әке мен балалар арасындағы қайшылық өрши келіп, ширатыла, шубатыла барып Достоевскийде баланың әкені өлтіруі шытырманына соғатын.

Құнанбай Федор Карамазов болмасын, Абай да Карамазовтың балаларының бірі емес. Бірақ бұнда да әкенің баланы жою ойы тұғаны анық қой. Құнанбайдың Абайға теріс батасын беріп, қарғап-сілеуі өз баласы Абайға “сен өл, жоғал” деген ниет емес пе еді?

Бұл күй де бір алуан зерттеулер тақырыбы болуға жараптық. Ол одан беріден көп ұлтты туысқан әдебиеттер үлгілерін алып, қазақ жазушыларының шығармаларымен салғастыра бастасақ, сан алуан терең проблемалық, жүйелік, шыныайы қызық жалғас жайлар ашылар еді.

Ендігі бір күрделі мәселе, қазақ совет әдебиеті көлемінде социалистік реализм мәселелері: көркем түр, шеберлік жөні

де қалай шешіліп келеді? Осы жөнде де жүйелі проблемалық тексеру, топшылау қажет.

Бұл жайда, әрбір көркем шығарманың социалистік реализм әдісімен жазылған сипаты ретінде, ұлттық спецификалық ерекшеліктерін анықтай талдау шарт екенін ескертеміз. Біздің әдебиетіміздің ұлы Одақ әдебиетіне қосатын тың ұлесі, жарқын жаңалығы дегенді айтқанда, осы жаңағы аталған тың, соны ерекшеліктерін еске аламыз. Сол тың үлестерді қосу шама-шарқына қарай ұлы совет әдебиетінің Одақтық қазынасына біздің әдебиет қосқан бағалы саланы танытамыз.

Біздің шығармаларымыздың социалистік реализм қасиеттерін ұлттық түрдегі шеберлікпен туыстыра, өрлеңе білген өнерін анғартамыз. Қазір бүкіл Одақ көлеміндегі әдебиет жүйесінің проблемалық жайларын сөйлегенде, шығармаларды тек тақырыптық, идеялық жағынан тексеру сындаржак, шап-шағын талдау болады деп танылады.

К. Фединнің III съезді ашарда сөйлеген сөзінде бұл жайлар анық, дұрыс аталған. Партияның Орталық Комитетінің совет жазушыларының III съезінә арналған хатында және жазушылар съезінің Орталық Комитеттеге жазған жауап хатында да идея мен шеберлік талаптарын біртұтас, бір дәрежедегі талаптар ретінде атасқан. Осымен шеберлік ерекшеліктер әр шығарманың сырын, нәрін ашуда синшылар мен зерттеушілердің алдында тұрган ерекше міндет екенін ұдайы есте тұту шарт.

Ал ұлттық специфика мәселесін түсінудің әр түрі бар екенін және есте айқын сақтау керек. Егер ұлттық спецификаны ерекшелік дегенде, өзгеде ерекшелік жоқтай, өз әдебиетінің ғана бөлекше жаралған, өзгеге бітпес артықшылығы, елден ерекше дара ұздік бітімі деп қарайтын болсақ, онда бұл мәселені ұлтшылдыққа айналдырамыз. Ол идеялық-ғылымдық дұрыс жол емес, консервативтік қыяс жол болар еді. Ал маркстік-лениндік ғылым жолымен қараганда, мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениет жайы айтылғанда, ең өуелі Лениннің мәдениетті идеологиялық категория деп түсінгенін есте сақтау шарт. Идеологиялық болса, ол ең алдымен таптық категория болады. Сондықтан да Ленин әр мәдениетте екі мәдениет болады деген. Сталиннің анықтауында да мәдениет деген үгым кең мағынада алынады. Ол үғымға

мектеп те, баспасөз де түгел қосылады. Әрине, мектеп атаулыны алсақ, олардағы оқылатын ғылымдар негізінде бір мазмұнды болған шақта, әрбір ұлт мектептерінің айырмасы өсіреле тілінде болатыны, тіл түрдің ең ұлкен, ең айқын белгісі екені даусыз. Одақ қөлеміндегі көп ұлттар тілдерінде шығатын кезекті баспасөзді – прессаны алсақ та, олардағы айырмашылықтардың ең зоры тіл екені тағы да даусыз.

Әдебиетте негізінде сол аталған мәдениет қатарының бір саласы болуымен қатар, бұған эстетикалық сыр-сыптынан туатын тағы бірнеше айқын ерекшеліктер қосылады. Мұнда жалғыз ғана тіл емес, соның үстіне бөлекше ұлкен орны бар бірнеше анықтаулар мен түсініктер қосылады. Мысалы, қазақ поэзиясы он бір буынды силлабикалық, орыс поэзиясы – лепті-лепсіз буындарға бағынатын тоникалық, француз поэзиясы – силлабикалық, араб поэзиясы – ұзақ созылатын мәтті-мәтсіз буындардың метрикалық өлшеуіне бағынады. Бұл аталған бір ғана мысалдан әдебиет ерекшеліктері өзіне бөлек тұрақты түр, үлгі-өрнектер зандарын ескеруді қажет ететінін көреміз.

Әдебиеттік ұлттық түр мәселесінің бір іргелі ұлкен мәні стильде. Тенеу тілі, әр алуан қөркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел құрала келіп, жазу стилін қалыптайды. Әдебиеттік ұлттық ерекшеліктер жайын атаганда, тіл бұл стильдің өзі емес, құралы, қоры ғана. Екінші бір ұлкен стиль сөздік, ақындық тенеу, кесте мағынасынан басқа екінші мағынаны және тудырады. Ол ұлттық мінез, бейне жасаудың стилі. Міне, ұлттық түрдің жайына ауысқанда, осындей ірі белгілер тілден гөрі артығырақ орны бар, өзгеше сипат есепті болатын жайлар бар. Тегінде, социалистік революция тұрғысынан қарағанда, ұлттық ерекшелікті ұдайы бірқалыпта тұратын, айнымайтын күй деп қарауға болмайды. Оның көп жайлары ұдайы қозғалыс, өзгерісте болатын диалектикалық процесс деп тануымыз керек. Әрбір даму үстінде әдебиет шеберлігі ілгерілеп, үдей түседі де, өзінен бүрінғы ұлттық дәстүрдің бар жақсысын пайдалана отырып, соған тың жаңалықтар, иті үлгілер қосып, үдете өсіре береді.

Бірақ осы жайға байланысты тағы бірнеше ерекше күйді атай кетуіміз қажет. Ол – ұлттық бейне, характер тұрасындағы ойлар.

Социалистік дәуірдегі жазушының революциялық психологиясы өз халқының революциялық психологиясымен

бітеп қайнасқан бірлікте. Халқымен оның еңбегі, аңсаған арманы, ішкі сезімінен тұған жүрек сиро, шынышыл үні мүлде бірге. Сондықтан да совет жырышысы, жазушысы қай тілде жазса да, сол тілде сөйлейтін социалистік ұлттың жан тілін жар етеді дейміз. Олай болса, ұлттық психология мен сол социалистік ұлт жазушысының шығарушылық психологиясы арасындағы байланысты ашып отырып зерттегендеге, осы өзгешеліктерден тұған әдебиеттік шығармадағы ұлттық бейненің сиро, сипатын айқын тануға болады.

Сөздегі теңеулер стильдік бейнелер жүйесін құрайды. Сондықтан мал баққан көшпелі елдің өмірі, бар тіршілігі қазак-ақын жазушыларының сөздік, ақындық стиліндеге теңеудің көбін сол бұрынғы болмыс қорынан алады. Сол негізді жаңалық қосып молайтып, өзгертіп, жаңа өмір қорымен байытады. Тілдегі стиль дегеннің осындай ерекшелігі және де мықты ескерілуі шарт. Енді бір алуан жай адам бейнесі жөнінде. Оның ең ерекше бітім-тұлғасы ішкі психологиялық қабілетінде. Сол психологияны халықтық психологиямен анық байланыстырып, шебер терең талдау жасап ашқанда, маркстік-лениндік тұрғыдан дұрыс түсінік беруге болады.

Осы аталғандай әр алуан ерекшеліктер біздің туысқан елдеріміздің әр әдебиетінде бола тұрса да, бұлардың бәрін көп түрлі, біртұтас мазмұнды туысқан әдебиеттер ететін жиын қасиеті тағы бар.

Социалистік дәуірдегі революцияшыл жазушылардың әр ұлт тілінде шығарма тудыруымен қатар, бәрі бірінші интернационалдық бағытта еңбек етуі ұлттық ерекшеліктердің бар сипатын бастайды, билейді. Социалистік әдебиеттердің мазмұны мен идеясындағы революцияшылдық ең үлкен сипат болғанда, ұлттық түр сол әдебиеттердің қосымша байытушы қасиет-сипаттары есебінде болады.

Жүйелілік мәселелерді осыдан әрі қарай апара түссек, әрбір жеке шығарманың жекелік ерекшеліктеріне үçіле бойлау шарт болар еді. Ұлттық бейне (характер) әр шығарманың ішінде әртүрлі болады, ол қайтalamайды. Өйткені шығарушылық психология өзі де әр шығарма тұсында өзгеріп, үдең отыратын психология. Ол өз айналасындағы тіршіліктің, болмыстың және қоғам өмірінің өзгеруіне, өрлеуіне байланысты қоса өзгеріп отырады.

Жазушыдағы көңіл-күйдің өзі де ортасының мәдениет тіршілігіне, өндіріс еңбек табысына байланысты алған әсер-сезім мен неше алуан тірлік берген қуат-нәрден құралып қалыптасады. Осылайша талдағанда эстетикалық ерекшелік дегеніміз тіл ғана емес, кең мағынада алынған ұлттық стиЛЬ болады. Ол өзі – ұлттық бейне ретінде адам, екінші – ұлттық сөздік, шеберлік ретінде ақындық стиЛЬ болады.

Осындай түсінікпен жазушының шығарушылық еңбек жолын бірнеше саты деп түсіну керек. Ол ең алдымен өмірді тану, білуге міндетті. Сол өмір болмысын алғашқы кезекте жазушы логикалық ұғыммен түсіне таниды. Өмірді танымай, танығанын іштей меңгеріп алмай, жазушының шығарушылық шабыты тумайды. Лениндік ұлы партияның талабын жазушыларға терең оймен жеткізген Хрущев жолдастың талап-мәслихатында жазушы өмірмен тығыз байланысты болын деген пікірде анық ұстаздық, басшы қамқорлық талаптар бар. Жеке жазушы өмірмен байланыса отырып, сол өмірді терең тани жүріп, жазушылық еңбекке кіріседі. Алғашқы сатыда ол көбінше ынталы зерттеуіш қалпында болады. Осыдан кейін туатын екінші сатыда жазушы енбегі сол ақылмен, біліммен, танығанын суретпен бейнелеуге ауысады.

Ұлттық әдебиеттік ерекшеліктерді осыларға қоса таниталдау – шығарушылық қурделі процесті тану болады. Сол жайлары түгел ашылғанда ғана әрбір тілде жазылған әдебиеттік көркем шығарманың бүкілодактық табыс ретінде асыл сипаттары ашыла түседі. Көп өрнекті, көп нақысты бауырлас әдебиеттер қатарлары ұлы Одақтық әдебиет қазынасына сан саладан сондайлық көп сымбатты сипат қосады.

Алдағы міндеттеріміздің бірі есебінде қазақ әдебиетінің очеркін бүкілодак оқушысына арнап ойдағыдай толықтырып аяқтап шығуымыз керек. Бұл іске Одақтық академияның Дүниежүзі әдебиеті институтының тікелей қомегі тимекші. Қосылған еңбек нәтижесінде орыс тілінде қазақ совет әдебиетінің очеркін жаңа редакциямен шығару шарт. Әрбір туысқан совет әдебиеттері жөніндегі очерктер жазылып болған соң, бүкіл совет әдебиетінің біртұтас тарихын жазу міндеті барлық советтік әдебиеттану ғылыминың алдында тұрған ұлken мақсаттың бірі болмақ.

Қазақ әдебиет тарихының үлкен проблемаларын атағанда, совет әдебиетінің дәуірін зерттеу ең зор, ең қадірлі ғылымдық міндет екенін баса айту керек. Арнаулы үлкен монографиялар қазақтың романдарын, пьесаларын, поэмаларын тереңдеп, кең түрде зерттеуге арналу керек.

Мұның бір зор себебі, өткеннен калған мұра атаулы қазақ әдебиетінде шақ қана. Сол Бұхар, Шортанбай, Дулат, Мұрат дейтін ақындардың бар шығармаларын бір араға жинап келіп, таразыға салғанда, бір ғана Қасым Аманжолов ақынның шығармалар қөлеміне жетпейді. Тек қөлемі ғана емес, мазмұны жағынан өсіресе солай.

Халықтық санасының биіктік сипатымен, революцияшыл бағытымен, көркемдік мәдениет қасиетімен, қысқасы, шарттарап шарттарымен солай болған Қасым басым емес пе!

Болып өткен ұлы мазмұнды партия съездері совет жазушылары үшін бүгінгі күн тақырыбына шығарма жазуды қасиетті міндет деп атап отыр. Сол міндет қазақ әдебиетінің советтік дәуірін айрықша зерттеу ретінде әдебиетті зерттеуші ғалымдарға да арналған ардақты міндет болады. Зерттеу ісіміз тіл ғылымы мен әдебиеттану ғылым қөлемінде қазақ совет әдебиетінің бүгінгі татымды табыстарын зерттеуге арналу қажет. Жеке жазушылар туралы монография жазғанда Сейфуллин, Майлін, Жансүгіровтердің мұраларын терендей, сапалы түрде саралап зерттеу шарт. Осымен қатар жоғарыда аталған, бүгінгі әдебиетіміздегі өскелең үлкен жанрларға да арналған мол монографиялық зерттеулер туу керек.

Тұысқан халықтармен байланыс-жалғас жайларды салыстыра тексергенде, мына төмендегідей үйірім-үйірім тақырыптарды күрделі, қызықты зерттеулер ретінде атап өтер едік. Мысалы, Горькийдің өз өмірі жөніндегі әңгімелерінен бастап, Садриддин Айнидің “Бұхарасын”, Сәбиттің “Өмір мектебін”, Ұлық-заданың “Біздің өмір таны” деген повестерін өзара салыстыра талдауға болар еді.

1916 жылға арналған шығармаларды тұысқан халықтар әдебиеттерінен ірікеп салыстырғанда, Берді Кербабаевтың “Айғытлы адым” романын, Сәбит Мұқановтың “Ботагөз” романын Айбектің “Құтлұғ қан”, Аалы Тоқомбаевтың “Қанды жылдар” романымен салыстыра тексеруге болады.

Тарихтық романдар қатарында Айбек жазған “Навои”,

Ахмет Файзи жазған “Тұқай” және “Абай жолы” романдарын қатар салыстыра тексеруге көп деректер табылар еді.

Ғабит Мұсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің Қарғанды қөмір кені жөніндегі романдары мен Мехти Гүсейіннің “Апшерон” романын, Асхат Мұхтардың өзбек әйелдері арасынан жұмысшы табы туғанын көрсететін “Апалысінлілер” романымен салыстыра тексеруге болады. Бабаевскийдің “Алтын жұлдызды жігіт” романына жалғастыра, салыстыра Сыдықбековтің “Біздің заманның кішілері”, Айбектің “Алтын вадидан шабадалар” романын, Башировтың “Намыс”, Мұстафиннің “Миллионер” романдарын және Ата Қашуровтың “Копетдағың итәгіндә” деген романын тағы да кең салыстырып зерттеуге болар еді.

Дәл соңғы жылдарда туған табысқа масайған колхоз бастығының жайында жазылған бірнеше елеулі қызық шығармалар бар. Ол өзбекте Абдулла Каххардың “Зымыран күс” (“Птичка-невеличка”), Мирза Ибрагимовтың “Сулар тоғысуы” атты романдарын, қазактағы Әбділда Тәжібаевтың “Жалғыз ағаш орман емес” пьесасын қоса, көп жайларды қызық талдап, салыстыра тексеріп шығуға болады.

Қазіргі ең соны және көп республикаларымызға ортақ қадірлі тыңды игеру тақырыбына арналған шығармалар да көп. Бұл жөнінде өзбек әдебиеті көлемінде Шараф Рашидовтың “Женгендер” және “Дауылдан да қүшті” деген романдары едәуір елеулі баға алыш жүр. Қазақстанда бұл тақырыпқа үлкен шығарма түа қоймаса да, арнай жазылған очерктер, әңгімелер көп. Орыс, қазақ жазушылары Қазақстан әдебиеті көлемінде түгел атсалысып жүрген қазіргі күннің ең асыл тақырыбының бірі осы. Бұл тақырыпты біз ұлы жетілжылдық жоспар жайын көркем түрде суреттеген кезде де партияның зор талаптарына сай етіп көркем түрде жырлауға міндеттіміз. Ендеше, осы тақырыпта бірнеше туысқан елдер тілдерінде туған шығармаларды тағы да толық салыстыра тексеру шарт. Поэзия жанрына келсек, біздегі Тайыр, Әбділда, Хамит, Қалижан тәжірибелерінен басталған поэмалар үлгісін Тұрсын-заде, Fafur Fұлам, Самед Вургун, Аалы Тоқомбаев, Алықұл Осмонов, Жомарт Бекенбаев шығармаларымен салыстыра тексеру де үлкен жемісті нәтижелер берер еді.

Қазақ әдебиеті тарихы деген ғылым – біздің барлық мәдениетіміз тәрізді жас ғылым. Революциядан бұрынғы

кез-кезендерін алсақ, онда қазақ әдебиет мұраларын әдебиеттануғының жолымен зерттеу жұмысы мүлде басталған жоқ-ты. Бұрынғы еңбектердің бәрі де деректер, ескерткіштер атаулыны жинауга арналатын. Ал, міне, бұгін “Қазақ әдебиет тарихы” деген келелі, ұзақ сөрелі әдебиеттануғыны туғанын көреміз. Әуелі орта мектепке арнаулы сабак болып кірген қазақ әдебиеті жөніндегі ілім-білім енді жоғары дәрежелі мектепте әр сала болып, бірнеше жылдар бойына созылған ғылымдық курстар ретінде оқылатын, зерттелетін болды.

XIX–XX ғасыр әдебиеттерінің, совет әдебиетінің кейбір тараулары университет пен институттарда арнаулы курс ретінде де оқылып жүр. Сан алуан зерттеу, монографиялар жалпы әдебиет тарихтарымен қоса сол жаңа ғылымның қатарын қүштейтіп, дамыта қосылып жатыр. Біздің әдебиеттіміздің өскендігін, сол өсу жолында көп жас қүштердің қоса тәрбиеленіп, талантты топтар құралып келе жатқанын өзімізғана емес, орыс әдебиетінің беделді сыншылары, галымдары да айтып, бағалап жүр. Солайша тілекtes достарымыздың аузымен айтылған талассыз табыстарымыз аз емес. Біздің әдебиеттану ғылымының жыл санап даусыз өсіп келеді деп айта аламыз.

Октябрь берген ұлы жағдайларды, марксизм-ленинизм ғылымының мол жемістерін өзіміздегі әдебиеттің жақсы дәстүрлерімен үйлестіре, жалғастыра отырып, біз, қазақ жазушылары, еңбек етеміз, ізденеміз, өсіп өрлейміз. Сондайлық сипатпен бүгінгі жазушыларымыздың бар буындарының ырысты, асыл, жарқын шабыттары алда әлі талай қасиетті қазыналар туғызады деп сенеміз! Сол үшін де бүгінгі күніміз турасында жауапты ойлар басшымыз болады. Өткен дәүірлерімізге де саналы сынмен қарай өсеміз. Әсіресе өз әдебиеттіміздің келешек көрнекті табыстарына зор сеніммен қараймыз. Ол табыстарымыз әр майдандагы қаһармандық қасиеттер танытып жатқан замандастарымызды ойдағыдай бейнелеуге арналады.

Советтік ерлік женіс, табыстарымызды еліміз, Отанымыз сүйсінердей етіп суреттеу ең асыл арман, мұддеміз болады. Өйткені біз – Ұлы Октябрь тудырған дәуірдің ұлы жолды өркеніміз.

ВЫСТУПЛЕНИЕ М.О. АУЭЗОВА

Товарищи! Мы заслушали все доклады пленарного заседания нашего совещания. Доклады, в разной степени проблемные, в разной степени оригинальные, они в разной степени подняли животрепещущие вопросы теории и практики редактирования, перевода, издательского дела в каждой республике. Поэтому в равной степени представляется их ценность.

Я думаю, что, заслушав все эти доклады, мы все-таки должны признать одну непреложную истину; мне кажется, что для этого совещания не хватает еще одного доклада, доклада важного, нужного для регионального совещания переводчиков тюркоязычных народностей.

Наше совещание названо совещанием, посвященным проблемам перевода с русского языка на языки тюркских народностей — тюркоязычных переводов. К чему это обязывало? Это обязывало к обсуждению многих вопросов в докладах. Доклады должны были не только информировать о том, что делается в каждой республике, не только ставить проблемы, которые действительно законно задеты в докладе по каждой отдельной республике, но вместе с тем они должны были дать выводы и обобщения, которые бы взаимосвязывали теорию и практику наших работ по нашим республикам.

Я хочу остановиться на некоторых вопросах перевода поэзии, художественной прозы и трудов классиков марксизма-ленинизма на наши языки.

Я хочу сказать, что нам нужно было прослушать еще один доклад о том, как решается проблема переводов поэтических произведений. Это сложнее, чем проблема переводов художественной прозы. Надо было говорить, например, о практике переводов на азербайджанский язык Пушкина, Маяковского, как, например, переводить на тюркские языки “Медный всадник”.

Как надо решать сложные вопросы стихосложения на практике при переводе на узбекский, татарский, казахский языки? Маяковского переводят татары, казахи, киргизы, формально сохраняя рубленые строки. А на самом деле – это старая одиннадцатисложная казахская строка, которая для формы разбивается на несколько ломаных строк. Здесь будет обсуждаться перевод “Евгения Онегина” на узбекский язык, выполненный большим мастером узбекской литературы, поэтом высокой культуры М. Айбеком. Это очень ценно и хорошо. Но этот перевод нужно бы сопоставить с переводами на татарский, азербайджанский и другие языки.

Надо было поставить именно такие проблемы и решить их в параллельных рядах, взаимосвязяя, и обсуждение нужно было вести в таком разрезе.

В отношении художественной прозы. Вопрос перевода художественной прозы – не простое дело. Художественный перевод прозы требует передачи синтаксиса, периодов той высокой речевой культуры, которой богата русская художественная проза, начиная с Гоголя.

Тургеневский язык – это прозрачный, легкий, чудесный язык, но и у Тургенева тоже есть интересные, сложные предложения и периоды. А толстовские переводы являются еще более сложными. Было время, когда мы, считаясь с уровнем развития тюркских народностей, периоды Гоголя, Толстого при переводе разбивали на более или менее простые предложения. Но дальше это не должно быть.

Фрукты вымерзли, виноград 15 г. Тутовые по арыкам. Овец 4800, рогат. 400 голов, лошадей 200, свиней 500. Автомашин 20 бортовых, тракторов – 45. Дохода нет, зимой дороги не проезжие, от машин отказались. Продали многие. Ни у одного не осталось. Больница 15 коек, врач из А-Аты. Кружки муз., драмат., библиотека, средняя.

Думаем дать по этому участку 45 ... потому 37 средн. 760 га дает в среднем 45. По урожайности с 50 г. по области, с 56 г. по области первое место наше. Но мы объединились (III Интерна-л, 42 т.) Сбор ручной основной.

Раньше машин. сбор. Практиковал ремонт машин – плохо. Поля плохо подготовл. Мун – 94 т. Тэн Лев – 90 т. Новая марка. Казах водитель Мауленов, новая машина 65 т сбора.

Корейцев – 220, казахов – 260, тадж., узбеки – 220. Школа на казахском, русском.

Чабанов 118 семей. Зимой домики, дети здесь... В вуз не пошли, ученики 3 выпусксов. Гостиница тәүір.

“Ленин” совхозы.

1925 декабрь. Арық қазып, кетпен шаптық. Тұркістаннан келген, Гурьев – Мақат, нефтяник. 1922. 1906 ж. туған.

25 жыл Пахтааралда істедік. 29-ға дейін сушы, кетпенші. Жер землекоп. 29-дан бригадир, Ильич болімінде бес-алты жыл. 37 жылы. Коминтерн отд. начальник болған. 39-ға дейін. 39-дан орынбасар (Армия 41–46-жылға дейін). Кейін тағы зам. 49 ж. Киров аудан, тың совхозда алты жыл. “Отыз жылдық” 54 ж. күзінде окуға екі жылға жіберді. 1956 ж. оку бітіріп, осында жіберді.

Келгенде айдала. 1956 ж. күзінде келдік. 57 жазында құрылыш бастадық. Бір жарым мың жер айдадық. 1957 ж. бір гана колхоз “Путь Ильича” қосылды.

1958 ж. – 2800. 1959 ж. – 4 мың га. 1960 ж. – 5 мың, 1961 ж. – 6 мың сом, 1965 жыл севооборот – 8 полный. Қазір отделение. 57 ж. әйелдер үш бөлім. Қазір үш бөлім, енді біреу қалды. Бар жаны 6 мың. 1500 еңбек. Оқытушы, дәрігер 100 алады. Биылдан бастап доход 2 миллион береміз, биылдан басталды. Бұғынгे 74 проц. бітірдік.

Сборда 40 машина 1800 тонна, алды 90 тоннаға барған.

Оскар Заяц – 90, Вагнер – 80, Громовой – 80, казак Тұрганов – 60.

Школ-интернат 520 балаға екі тілде. Больница салынып жатыр, 50 койка. Қазір 7, 10 жылдықтар бар. Библиотека 3. Үлкенінде 7-8 мың кітап. 120 га бау, виноград-жүзім алды. Землеройная машиналар бар, бірақ аз.

Кавказдан, Әзіrbайжан, Армян, Сибирьден, Америкадан келген. Батыс Россиядан 70-80 семья. 5 отделение қазақтар. Түйекеш Түркіменстаннан, өсіреле осында кеп жатыр. Лыгот алу керек, 20 мың сом саудада.

Құрылыс материалы жоқ. Ағаш, шифер жоқ, стена бар, жабу жоқ жұмыскерлерге, переселен упр-сі алып тастаған. 5 артезианский, алтыншыны қазып жатыр. Электроразведкамен тапты.

Бұнда линзевой (бөлек-бөлек жерасты сұзы), линзевое зам... Алды 1242, арты 8 метр.

Мектептер үш тілде. Орыс, қазақ – бірдей, 50 проц. “Голостепстрой” – өзбек пен біздікі бірдей. Столовый, школ, клуб бәрі бірдей.

Ағашты ертеден, 57 жылдан вагончик, тұрғын үй салмай тұрып еге берген. Біз 20 миллиондай салдық, енді 90 миллион жұмсаймыз, 65 жылға дейін солай. Сонда совхоз 18-20 мың тонна бірінші жылда, содан ары 30 мыңға дейін тарта береміз. Мақтаарап 17 мың береді. Бұл озады.

Үйлерін салуда көп көмектестім (Трест по освоению Голод. степи). Книги новые купим на три тысячи. На узбекском нет. Гостиница жақсы, монша номері бар. Елу кісілік общий. Пекарня екі мың кісіні асырайды. Электромешалкасы да бар. Клуб қыстық, жаздық – жақсы. Детясли салынып жатыр екі этаж. Көмекші келгендеге төрт жүз кісілік общежитие. Школа, тутовник бар. Поселка ішіндегі көшениң көбі шоссе, өздері салған. Поселокты айнала ағаш бақтар, жеке виноградник, питомник салынған. Екі колхоз бірігіп кеткен. Колхоз айнала декоративный ағаштар, водокачка...

4/X.

“Путь коммунизма” колхозы.

Кенсе жақсы. Адам жоқ, бәрі істе, далада кішкене парк (скульптураалар бар). Бастық (кореец) Хван – Герой Труда, Талдықорғаннан келген. Қазір кореец аз, көпшілігі неміс, тәжік (“Ждановта” тәжік). Қазақ қырық үй. Үй саны үш жүз алпыс, “Ждановты” косқанда сегіз жүздей. “Ждановтың” көбі тәжік, қазақ бес-алты үй.

Үлкен парк – скульптуралы бассейн жақсы. Клуб үлкен. Колхоздарда қазақ колхоздары – “Абай”, “Қызылту”, “Амангелді”, “Победа”, “Заря коммунизма”, “Тельман”.

Шымкенттен келген коллектив пресс-автомат заводына ренштері бар, еріккен – мақта жоқ дейді.

Тұтқабай Тұрсынбаев, Айсұлудың отауы, жасауы (Айсұлу отауы): терме алаша, түйген шашак, боғжама, сөнді салбыраған шашақтары бар. Шаукер нәрсені орайды, бетін жабады. Қыжым көрпе, масаты үстіне барқыт қоржын, қолдорба, боғжама тамақшалар. Ракы жастық, жозы көрпе, айнақап, қолдорба, әбдіре, сандық, жағылан былғарыдан ойып, көк сағасыз салып жасайды. Мұнда, сандық жүкаяқ бәрі оятын қаңылтыр. Жер жастық көп, ат көрпе, құс мамықтың үстіне салады (мамық – құс төсек). Бір қазақ бір қазаққа – мамықты матрас орнына жұмсалатын пух деп түсіндірген.

5/Х.

Совхоз “Мақталы”, 1957 г.

На полгода мы младше “Ленина”, с марта 1957 г. Мороз Иван Константинович. Кенжебеков Алим – парторг 6-отделения.

Насел. 3. Семей 780. Рабоч., служ. 980. Первое вниман. жилье 80%, 15 тыс. кв. метр. На этот год 14 м. Освоено 11 млн. На семилетку – стр-во 132 м. До 65 года. 36 млн за эти года освоили. Хлопка $1\frac{1}{2}$ т. Это хотим дать в 1963 г.

В этом году 2600 га, в прошлом 2000. В первом году 600 га сеяли. Сейчас сдам 2900 т от годов. плана 74%. План думаем выполнить 4900 тыс. тонн.

Стр-во двух, одноквартирные дома, 230 инд-ных домов строим сами, 35% стоимости этих домов берет на себя гос-во.

Отгон в песках. Клуб, школы 3, семилетка, 2 нач., фундамент школы-интерната строим, закончим в 1962 г. на 520.

Больница на 50 коек будет. Сейчас на 20 коек. Больничн. городок спроектирован, хлопкозавод. Высадили более миллиона кустов. В 65 году 5800 га будет у нас. Намечает выполнить в 63 году.

На переселенческое строительство с материалами республику леспром. подводит. Особенно плохо с новым шестым отделением.

8 скважин – 1 одна точка 6 отд. На 270 метров. Хорошая вода, остальные 5 – все дают соленую до 450 метров, пусть 1000-1500 метров глубина.

Мы сами организуем набор по местам. Казахс. села из Уз-на, Таджик-на, Туркмен-на.

Прислали цыган из переселенч. Все ушли. Страй-во не удовлетворяет. Сады виноград. 18 га, садов – 44 га. На отделен. семей 150, на 6-ом 118.

Машин хлопкоубор. 30 есть и новая марка. Вчера сдали 4%. Район – 11-го, мы думаем 13-го.

Правда открытое было ныне дружное, помогают полторы тысячи. Орошаемых земель всей 11 тыс. га., всего 13 тыс. га. Пекарня, столовая, баня и др., есть детясли. Озеро, своя рыба.

С-з им. “20 партсъезда”.

С-з “Кирова” виноградно-винодельческий совхоз. С 1944 г., первая посадка с 46 г. С 48 г. – вино 400 тыс. декалитров, т. е. 4 миллиона литров вина. Будем готовить вина. Сорта вина: “Казахстан қагор”, “Казахское целинное” – десертное крепкое, 16–20° сахара, получили большую золотую медаль в Белграде в 1957 г. Сухие не выпускаем. Есть вино “Кзылкум”, “Олеатика”, мускат розовый, портвейн 12-й, 14-й. “Юмалак” – яйцеобразный виноград, виноделы новые. Молчанов Алексей Иванович сам винодел и “Казахское целинное” – его работа. Он кончал политехнический институт, факультет технологии виноделия. Теперь приняли молодых виноделов.

Завод первичного виноделия, виноматериалы даем в Алма-Ату, Караганду, Усть-Каменогорск, Семипалатинск. Заводы вторичного виноделия – Алма-Атинский завод марочных вин берут виноматериалы, получают от нас. Они в бутылки разливают, из виноматериала делают уже вино.

Кролик. ферма. Коллектив восемьсот человек, распределяются – на виноградники с/х. В сезон, в пору урожая – 100 – 120 чел. Строительство, автопарк. Три отделения, одна комплексная бригада. За кражу домой судят. Молодые в начале охот., потом...

Вино на выдержке 2 года – для марочных вин. Ординарные вина отправляются в этот же год.

В чанах бродит, потом переливают в бочки (марочное), ординарное – в цистерны.

Десертные вина все крепленые. Сорт красная лоза (эркацители), саперави каберне – сорта, из которых готовим “Казахстан”, “Кзыл-кум”.

Из муската венгерского — готовим мускат... 800 га сейчас, будет 1100 га.

Главный агроном Душин Анатолий Аркадьевич в Казахстане с 53 г., здесь с 58 г. Секретарь Мукатай Журмухаметов, Шакир Қолдаспаев. Облпрофсовет Жарқынбеков Каржаубек, Ипберген Уаисов.

Арыс, Сайран нашар болғандықтан, облыс басшылығы осы аудандарға салмақ салды. Бұл ауданда бес мақта совхозы, төрт мал совхозы, бір винсовхоз.

5 октябрь күні Шәкірдің үйіне қондық. Аудан мақтадан отыз бес мың тонна, план отыз мың еді. Мұқатай айтуынша, бұнда елу мың жан бар. Соның қоғи, алпыс проценті қазақ. Ильичев ауданында мың қазақ. Бесінші октябрь күні күндіз бірінші жауын басылды, жел түрді, салқын түсті. Мақтаға қылқылдан есепке таласа түсіп отырған шақ та өте жайсыз. Бұл аудан бесінші күні кешке Ильичтен озып шыққан. Ол аудан бүгін шулап жатыр, не қып Кировтан қалып қойдық деп шулайды...

Кировтың алдында әзір облыс бойынша тек Түркістан, бірақ кеше бесі күні онда жауын жауыпты — сонымен олар отырып қалуға мүмкін. Ол аудан жылда сүйтеді. Әуелі алға шыға келеді де, кейін тоқтап, кейінде қалатын әдеті деседі. Бір хабар: Созақта біз кеткен соң басшылықтың біраз адамы ауысыпты. Ауыстырған обком хатшысы. Ауданда жік шығарған (негіzsіз жік), ұсақ талас, бас араздық, бәсекеге кірген. Орнынан екінші хатшы мен аудан бастығы, исполнком бастығы алынған. Біз бүгін исполнком орнына Сары Елбергеновты көрдік... Ол, тағы екі бастық Ленгер ауданнан мақта жинаушы өз адамдарын басқару үшін келген.

“Шымқорған” совхозында Шақабаев Әзімхан деген шабан бар. Үйі киіз, үй іші қып қызыл көрпе плюш, Беляев барды. Жолда сұрады — овоши не употребляете деп қояды.

Кім тұрады деп сұрапты, бес-алты адам екенсіндер бір бөлмеде, үлкейтіп екі бөлме етсе болмай ма, ойласпайсындар ма? Жасауын жақсы-ақ... Қыс үй салып беріндер... Киіз үй өзі де үй емес. Промартельдар жасайды. Шопандарды облыстық совещаниеге апарып, секретарь обкомға лақтырған. Суды Қараөзекте қауғамен тартады, отыз метрдей. Түйемен, қауғамен тарту азап. Садриддин жазғанын оқыдым дейді. Серіз жұз жыл бұрын болған. Обл. партконференциясында айттым. Фылым аудандарына арнап айттым.

Шабанды бухгалтердің алдағ жеуі – алдыңғы жылы басын санап алып ен (счеты), былтыр саулығын санап алдың, биыл мынау төртеуін ойдағы дейсің, қайдан алғансыз дейді.

Таңертең алтыншы октябрьде, алтыда атқа қондық.

6/Х.

Облыс ақпараты:

Ильич – 82,73. Киров – 83, 31. Түркістан – 85,44. Сайрам – 33, ең артта. Ташкент облысы 54, артта.

Ильич ауданы, “Амангелді” колхозы. Парторг Мырзалиев Дәүлет 1946 жылдан бері істейді. Бұнда Усманов Әлкен осы колхозда 20 жыл істеген, зор еңбек еткен.

Колхозда клуб екі этаж, кітапхана отыз мың кітап, биыл сегіз мың кітап алған. Больница, тубдиспансер отыз бес койка... Шаруа – мақта, мал. Үйлер екі тип – кейі үш бөлме, кейі бес-алты. Көрпе оннан отызға дейін. Он шакты мотоцикл, өзге машиналарды сатып жіберді. Жұзім қазақ үйлерінде де тегіс бар. Жоғарғы дәрежелі білім алған отыз екі жас бар – бәрі осы колхозда тұган, агроном, зоотехник, инженер, врач, сестралар. 10 жылдықты Ильичев, Кировта бітіреді. Биыл 14 бала бітірді, 6-уы вуздарға барып түсті. Үйінде кітапханасы бар колхозшылар бар – үйде телевизор, приемник, малдағылар батареялар. Радиоузел, кружоктар, духовой оркестр. Он сегіз мыңға полный комплект сатып алғамыз. Қазақша оркестр, концерт поселкада қояды. Әлкен окудағыларды өзі Ташкен, Алматы, Москвадағысын бәрін айналдырып, қайтып кел дейді екен... Бір барғанда колхоздан бес балаға Алматыда үш сомнан беріп қайтқан. Жиырма шляпа сатып әкеп берген передовиктерге.

Бұл жер тұзданып кеткен, бұнда мақта шықпайды деп қойған. 54–55-жылдан жерді бұзады. Зимний поливпен, дренажбен түзеп, 1956 ж. рекордный урожай алды. Әлкен еңбегі алды. Суды шаюды 51-жылдан бастаған, ең алғаш 40-жылы Арыс, Шаян, Қаратастан келгеміз. Әлкен Шаян ауданынан келген... Еңбек Ері, депутат Верховного Совета Союза еді, соңғы сайлауда бір-ақ қатынасып, қаза болды. 54 жасында рак печени болды, бір жыл ауырды. Аса шешен болатын, өмірі жалшылықты, қыындықты көп көрген.

Айменов Талқы – бастық. ВПШ-ні бітіріп келген. Бұрын Тұлкібастағы райисполком – бұнда үлкен колхоз деп

жіберген. 1956 жылға дейін арлы колхоз болған, әр колхоз бригада. Бұрынғы “Маяковский” колхозы орталық боп қалыпты. Төрт-бес тонна беретін қарт колхозшыға көмек арызы бойынша жәрдем фондыдан береді.

“Коммунизм” колхозы өте жақсы, көмек береді. Мысалы, 15 жылдан аса істеген колхозшыға үш жұз елу еңбеккүн беріледі.

Мал адамдары құмда, сырда, тогай бойында, үйлер (қыска) жылда салынады. Мектеп жетіжылдық еki участка. Құмдағыға биыл салдық... Қызыл отау бар (кр. уголок). Монша жоқ, дүш бар бір жерде. 1958 ж. доход он төрт млн (мақта орта болған), биыл он алты млн-ға жоспарладық. Бір жарым млн-ға техника сатып алдық.

Күрделі құрылыш – телятник, школ, он екі үй малшыға. Күрделі ремонт, машина ремонтты, асыл тұқымды мал сатып алу, жол колхозаралық.

Малдарға ақша, қосымша мал да беріледі. Аға шопан Усентаев Қалмырза қырық қозы алды (қосымша ақысы). Қосымша ақы (он бес центнерден алса, гектарына сонда алатын). 1958 жылдан бастап қосымшаны алу доғарылды.

Биыл разряд бойынша 24 сомнан алады. 500-560 сом. Қазіргі орта айлық, орта есеп бір істеушіге...20 сом.

“Коммунизм” колхозы.

1930 ж. келгем. Маңғыстауда туғам 1917 ж. Түрік-менстанға келгеміз. Совет орнады. Әуелі жұмысшы, әскер болдық. 1920 ж. Красноводтан елге бардым, өзі Адай-Тобыш. Ашаршылық 20-жылды, Туркіменстанға шешемді алып келдім. 1930 ж. Жетпісов елу-алпыс үйді көшіріп әкелді, көбі кетіп қалды.

Жайлыйбеков Тәнірберген 61 жаста.

Бірден колхоз құрылышына араластым. Бір жылдық курс оқыдым. Онда Жетісайда тұқ жоқ, қарақүйрек, киік. Бұл жерде ел бар еді – егінші, жеке мақташылар. 1933 ж. “Прогресс” колхозына келдім. “Диқан” колхозы онда 8 жыл. 41-жылдан бері осында бастық болдым. Содан бері осында. Кейін бұған “Жантаксай” колхозы.

“Қызыл күншығыс”.

Искандеров Тәкене 11 күні бітірініз деп отырмыз. 15-не жұз беріп, бұз кісілердің дегенінен шығамыз гой дейді.

Пахтаарал бір күнде $6 \frac{1}{2}$ берді.

25/IX.

Гектардан план 22 центнер. 28-ге апарармыз. Аудан бұ
кісіден 30 күтеді дейді (Исканд). 10 хлопкоубор. алды 50
тонна жинады. СХМ-48 М. Жақсы, ең жақсы. К-зда 420. 630
жұмыскер. Бір мың школьниктер, колхозшылар (Сыпабек)
жақсы істеп жатыр. Қой 15 мың, бәрінен құтылдық.
Резенкампф “Освоение голодной степи” (диссертация) 1927
г. Американец, инженер – Дэвис.

7/X.

“Пахтааралдың” “Дзержинский” (алтыншы) бөлімшесінде
кондық. Таңертең өлкені араладық. Жер бұнда бас арық,
омон, отвод, қартага бөлінеді. Карта 8-9-10 га болады.
Бұнда трубочный полив. “Пахтааралда” Тоқжігітов Мамық,
Нұрмағанбет Есентаев екеуі Герой болған 1957 ж. 238 га
жерден трактор полеводч. орнында бірінші боп совхоз
бойынша үйимдастырылған. Өзбек болса өз айғайы тұрсын,
оның радиосының да тамағы қарлығады. Өсімбеков Итбай
сондай көтеретін болса еді. Жаңағы тракторно-полевая
бригада қазір төртінші бригада. Бұндағы мақтаның қасиеті
ылғы бірдей, тұтас тығыз, өсіреле бойы бірдей бол өседі.

Ағашты корчевать еткен. Даля, дала севооборот,
жоңышқаны жылына бес орады. Ең алғаш еккен жылдың
өзінде суару арқылы үш рет орады. Бұл жоңышқа жерді
өндійді.

Бригадирлер: Өсімбеков Итбай, Тоқжігітов Мамық,
Қадырғұлов, Жураев Құлжан (тәжік), Амамуратов Даға
(тәжік), Гусейнов Расул, Сералиев Сағымбай. Агроном
Серғазиев Эбділкім 1955 жылдан істейді. Ташкен СХИ-ді
бітірген. Хлопководство жөнінен инженер-механик с 1936
г. Попов Петр Григорьевич. Грек Богдан Данилов, зав.
мастерской. Бар кадр осындағы с/х техникумынан, екі
факультет – агроном, механизация.

Жұмыста көмекте жүрген КазГУ оқушылары бар екен.
Филфак. балаларын көрдім.

Жалпы совхоз деректері: 5300 га. 18 мың тонна
обязательство. Халқы 14 мың. Аудан 79 мың, халқы 60 проц.
қазақ. 70-75 мың доход.

Союзда мұндай пайдалы шаруа жоқ. 70-75 миллион
доход дегеніміз берген продукция өкіметтен алатын ақшамыз.
Бергенімізді шығарғанымыз, затратасы 52 млн болған...
6-шы отделениеде 500 адам. 80 адам механизацияда, 70 адам

стр-вода, малда 40 адам, қалғаны 30-дай рабочий (отводтарда номерлер), 59-шы номер.

С/х техникум – 405 бала, бұрын 1250 еді, биылғы набор 80%. Бітірген 219 – бәрі механизатор, агроном Талғарға берілді. 120-ның 30-ы агроном, 90-ы механизатор. С/х маманы, трактор, автотехник, механик боп шығады.

Шымкенттен тек 7 адам өзінше келген. Мұхамеджан Балташев – агроном директор. Завуч – инженер-ирригатор Кенжалиев Төлебек Тұрмұхамедович. Өңшең жастарды алдық, Алматыдан, Ставропольден, Саратовтан. Общежитие екі жұз елу студентке. 80 проц. қазақ бәрінен көп, биылғы алғанның жұз баласы қазақ. Осы жерден Ильичев, Мактаарал аудандарынан алынған балалар. 120-ның 90-ы 7 класс бітіріп келген, оны 10-шы класс бітірген балалар. Опытное поле – жер беріледі, сортиспытательный участок. Там выращиваются восемнадцать сортов хлопка, советские сорта. Ташкентская селекционная станция – мировая коллекция. Советские сорта, египетские называем советскими тонковолокнистыми. Сорт “Пахтаарал” 108-сорт, имеет авторов Румшевич, екінші – Ахмет Кошқаров, Ферганская область, в Ташкенте аспирантуру окончил, сам из Жанакургана.

Арман – скороспелый сорт іздеу, табу, іздегенде жұз сегізден іздеген шарт. Осы бөлімде төрт күнде посевті бітірген және Балташев айтуынша, точный квадратно ...мұнда кетпен обработкасы жойылған. Балаларға арықты құту жөнін айтқанда, осы алтыншының өзін үлгі етемін – көрмейсіндер ме, балалар, олар арықтың да бетін сылап-сипап қойған дейім.

Трубочный полив ең үлкен табысымыз. Бас арық – групповой оросительный арық, оқ арық, жүйек, екі жарым-бір жарым сантиметр. Одан оман, оманнан – құнан арық, одан оқ арық, одан жүйекке (междурядке) тарайды, осы оқ арықта трубкалар – су ақырын сыздықтап жәйлап барады, бұл бар совхозда емес, бізде фана – сондықтан бізде прогрессивный метод, өзге бөлімдерде де жоқ. Сондықтан оларда жиyrма тоғыз-отыз, біз болсақ отыз алты-қырық екіге дейін береміз.

Мақта новаторларының шарттары: 1) зябь; 2) сор жер болса, тұзын шаю (промывка); 3) мартта боронование, рыхление (закрытие влаги) ылғалын ұстап қалу үшін; 4) текущая планировка (арық борозда); 5) одан соң посев – под пахоту удобрение, борозданың екі жағынан (сухая подкормка);

6) және подкормка су берер алдында жүйек тілінген соң; 7) су алғаш себуге өзірлегендеге квадратно-гнездовой посев. Біз арықтарды ауыстырып отырамыз. Тополь, верба, карагач, акация, ива, декоративные лигустры; 8) культивация – трактормен түзеу, без кетменя обработка... екінші өсімдік үяға қалдырамыз; 9) шырпу – чеканка, өсуін тоқтату, бойын қысқарту. Бұл июльдің онында болады, биыл (бұрын август еді).

1. Абдуллаева (азербайжан) 350 кг терген. Работница.

2. С/х техникамен Досқалов 250 тереді.

7/Х.

“Сарыағаш” курорты. Көріністері көнілді болса да, олқысы көп, болашағы бәрінен қызығылықты. Корпустар салынып жатыр. Келер жылы 14 миллион берілмек. Көк-көк, өсіресе көгерту, гүлдеу, газондау шарт... үйлер, корпустар салынып жатқан жылдарда көгі отырғызылып өсе беру шарт екен. Суға түстік, әрі гигиеналық, әрі денсаулық сипатын тану үшін шомылдық. “Сарыағаштан” 17 шақырым жүріп отырып, Сарыағаш аудан орталығына келдік. Гостиница, қарсылау – көнілді жақсы... күндіз кешке дейін ас күту, гостиницада да тамақ өзірлеу созалаң болды, ашығып, кешігіп ас іштік. Өсіресе, рахат тамаша кеш Мәкен, Үкан үйлерінде өтті. Тұнгі сағат екіге дейін ән-ән, Абайдың бар әні Мәкеннің аса ашық, таза биік сипатты энергичный даусымен өте қымбат, естен кетпестей шеберлікпен айтылды. Көп жүртқа қосыла да жырлады.

Аудан бастығы: Үлтубай Бейсембаев – хатшы, Хамид Жұсіпов – председатель. Ауданда елу бес мың халық, 70% қазақ. Сарыағаш қаласында 11 мың адам. Бұнда гостиница, аса үлкен Дом культуры салынып жатыр, мектеп аудан орталығында, екі мектеп орысша, қазақша. Жақында Лермонтов, Уәлиханов мектептері. Қапланбекте зооветтехникум – учкомбинат. Винодельческ. виноград. совхоз “Капланбек” (плодоягодный).

8/Х.

Келес ауданы.

“Абай базар” орталық. 31 мың халқы, бес совхоз, қазағы тоқсан процент. Орта мектеп жақсы, жаңа. Больница нашар, елу койка, таз балалар, өте-өте жаман үй. Корей врач, дәрі

жоқ. Бұл ауданды алыстағы орындағы ескермейді. Ал өзі көлдей Ташкент қасында қияндағы Созақтан бетер. Оның себебін райком екінші хатшысы айтады, төрт мың сегіз жүз адам келген, дәрі берілмеген, аз медикамент соларға да кетіп жатыр.

Ауданда бес совхоз, екеуі – жүзім, үшеуі – мақта. Бірақ мақта совхоздарының бәрінде мал көп. “Абай”, “Келес”, “Фани Мұратбаев”, “21 партсъезд” совхозы қауыншы, соңғы екеуі жүзім совхозы болмақ, жаңа үйыстырылып жатыр.

Совхозга келдік – “Абай” совхозы. Жол өте жаман. Жолда мақтаны көрдік – шығымы жаман емес, арамшөп бар.

Хатшы: биыл білдік, өтірік айтылады екен. Көп суарған жақсы емес, көсек ашылмай, көк болып қалуга да болады. Украинадан төрт жұз жетпіс үй кеп еді, көбі қайтып кетті. Қата істелген Орынборда, онда уәде үй салып береміз деген, бірақ жабусыз. Суданы орындағық, сиырга мың сом – ал базарда сиыр үш мың. Мақта етуге де оңтайсыз. Бізге көптеген мамандықтар келді. Слесарь, машинист, кочегар, ал ондай мамандықтар бізде жоқ. Тек коммунистер басым көпшілігі қалды. Украинаның көпшілігі механизатор топливы промышленностіте болғандар, электрофикация, бізге керексіз адамдар.

“Қапланбек” совхозы бөлекше шаруа. Көп гектар жүзім, жаңадан да алма мен жүзімнің жаңа бақтарын бес жүздей гектар тіккен. Салған үйлері көп. Әсіресе үлгісі орта мектебі, мақтаны. Моншасы стильмен салынған деуге де болады. Тұрғын үйлер бірнеше көше. Ондағы квартирлер төрт-бес бөлмесі де бар, әзірше үй аздық та, таршылық бар. Жүзімнің он бес сортын өсіреді. “Хусайынды” мақтамайды, “Ширази” жақсы. Саперавиматра, мускат венгерский, розовый дегендерді артық дейді.

Бұнда жиырма үлт бар – неміс, қазақ, орыс, қарашибай, шешен кеткен, аз грек бар, әзіrbайжан бар.

Директор Тищенко. Мамандары, виноделдері әйелдер, лаборантка немка сияқты. Үлкен главный винодел кекселеу әйел. Көп әңгімелер айтты...

Табыстардан басқа неудачалар да болады. Издейді – изобретательство, творчество, бірақ мемлекетке залалсыз. Бірнеше виноградты қосып, жаңа марка вино шығара береді. Бірнеше жыл жатқызып (үш жылдай) сыйнайды.

“Мадераның” жасалуы қызық. Португалия – экспорт. Жолда көп күндер күн астында болу сыйнауын өзгерткен, содан кейін ол виноны күнге ұстап ашыту, выдерживать ету болған. Қазір оған жылы температура беріп сынап өсіреді.

Завод цехында сера құқырт бар. Иісі ауыр. Лабораториядағы ұшырасу.

Ұлтубай Бейсембаевқа қайтыс сапарда – екі жағында екі қазынаң бар, Сарыагаш дедік. Бір бүйірінде алтының жатыр, одан завод минвод жасап алып, миллиондаған бутылка су шығарып сату керек. Бутылкасы 1 сом пәлен тиын болса – қанша дүние. Екінші бүйірінде мына тамаша завод. Қысқасы, Сарыагашты Өзбекстан қасындағы гүл жайнаған өлке етіп қоюға оп-онай. Болмаса, Ташкен сондай түрленгенде, қасында қадам басса Қазақстан болып, ол тек жолы, көгі көркі жоқ – көргенсіздік синонимы боп тұrap. Мынау Өзбекстан Ташкен, ал мынау Қазақстан деген сөз мәдениеттен мәдениетсіздікке, үлгілі еңбек өлкесінен тоғышарлыққа, барлықтан жұтандыққа, мемлекет мырзалығын сарапдыққа, көркемдіктен ластыққа, былаптықта, асфальт жолдан шаңды оқапты, қисық соққан сұмырай жолға ауысадың шекарасы боп тұру мүмкін емес. Республикалық намыс ісі. Бұл – Сарыагаш туралы жайлар. Ал Келес – алда сан-сан кедергі, белес-белес жатқан қыын аудан. Өзінде қазақ көп. Өзі Шаян, Созақтай артta жатыр. Больница, клуб (кітапхана 25 мың дегені өтірік лакап болар). Мен Жексембаев Махмұтпен өзілдесіп ем (аудандық газет замредакторы), кемітсең қайтеді, саудаң бар ма? Кел, азайта түссен дедім...

9/X.

“Абай” совхозы.

Біз “Абай” совхозындамыз. Жол он шақырым, өлердей жаман. Бұнымен ит кешудей қиналып келе жатқаныңда Ташкен қасы емес, Қаратудың ар жағындағы, Қызылкөлдің маңындағы оңбаган оқапты, шаңды сорақы жолдың дәл өзімен келе жатқандай боласын.

Айтпақшы, Сарыагаш қаласының ішкі көшелері, жолы тіпті жақсы – бәрі гудрон, тіпті сырт жолы да жақсы... Совхоз “Қапланбекке” Ұлтубай кінесін айтады.. Жолынды совхоз ішінде өзің түзе деп талап қойды.

Келесте төрт орта мектеп. Ауданда, “Келес” совхозында, “Абайда”, “Фани Мұратбаев” – бәрі де смешанный.

“Абай” совхозында орта мектеп, клуб бар, үш совхозда больница.

Койда отар сайын төрт кісі... тек құдық болса, онда қауға емес, насос бар. Совхоз орталығында жаңа үйлер, стандарт үйлер көп.

“Құдай үрғанды шайтан қоса үрады”. Острый қалжын. Әбдіманап екінші хатшы айтады. Әбдіманап: мынау біздің келгімбайлар дейді – құлқі. “Сорым құрсын”, “Инарод елде көп”. Әбдіманап сөздері: “Мына сойқан құл тағы жалғыз қалды”, кінгтегі дама туралы – мұндай есепті бұрын есіткен жоқ ем (құлқі). “Ол күйіл bogan”. “Келгімбай, қала берсөнізші, бәрімізді, қайсымызың атымызың санап бітіресің” депті студенттер.

Тоян мәліметі. Өзі Ленинградтан алып келген жетпіс үйге стандарт үйлер салып берген тегіс, ілгеріде Созактан кеткендер, осында Созактан тұтас келгендер барды. “Мені құдай қайда ондырған” деп келіп айтқан қайнағана.

Біреуінің сауаты жоқ, түк тәрбие болмаған, белгілі қоныс жоқ, түйекеш, жүк тасиуды. Тауда балаларымыз не қазақ болмай, не тәжік болмай надан қалды, – дейді. Не мұсылман болмай қалдық, атадан туған бірталай едік, әр жерде қалдық, – дейді. Үлт намысы бар, жанға батқан.

Тоян сөзі: Бардым, ілгерігі қазақ тұрмысы сонағүрим артық. Киіз үй жоқ. Үңгірді немесе жерді қазып алған. Жарты шақырым, бір шақырым, бір үй – Ленинабад облысында әлі де бар дейді, көп болса керек. Әлі де жұз қаралы үй бармыз дейді.

Характерное, Әбдіманап бір молданы ұстап алған, сол жетекші – Мұслім. Шал молда келіп, жұз гектар мақтаны алып істеп жатыр. Еңбегі жақсы. Әбдіманап “Ырылдайсың, қаппайсың, менен жақсы таппайсың” деп, кеткенде қайда кетеміз. Кетеміз десек те, кете алмаймыз деп тоқтасты.

Туған ағасының қызына барып қойған жігіт Созақ оқиғасына байланысты өзін-өзі суга тастаған. Ол зоотехник – 1939–40 жыл, екі немере екен. Жетпіс үйді отделениеге бір бригада етіп бердік. 137 га мақта екті, биыл мақталары 18 центнерден жақсы шықты. Жаңа мектеп салып бердік. Бастауыш, жаңа магазин ашып, өзінен сатушы қойдық. Бригадир де өзінен сайланды. Медпункт те бар. Кітап, газет барады – радио жоқ. Землянкада отыр уақытша. 150

килограмнан астық, 800 сом подъемный семьяға, жұз елу – главы семьиға, 50 килограмнан үй мүшелеріне бердік.

Қарақалпақта, Қыпшақ ауданында көп туысқанымыз бар деседі. Алғаш келгенде жастары бір ауыз жөн сұрамайды – тек үлкені арқылы ғана жөн білсетең... Қазір өздеріне тіл бітіп, жөндерін өздері сұрайды. Арқа-басы кеңіді. Тіпті кемпірлері бізге пенсия беріндер, түйекеш болғанда да біз өкімет қызметін атқардық дейді.

Арактап ауырған қазақ: “Бұл ауруды қып-қызыл қызыл бидайға сатып алғам” депті.

10/X.

Текстильный комбинат.

Цветков – директор. Фабзавком – Воробьев. Начал с 1952 г., с 53 г. секретарь парткома. Машины ставили на открытом воздухе в морозные дни. Первый метр – конец 53 г., тогда в месяц производили столько, сколько сейчас в сутки – до 32 тыс. метров в сутки. Семилетний план можем выполнить за шесть с половиной лет, за счет увеличения производит. труда. Сейчас год заканчиваем на 15-20. Оборудование новое. Характерное расширение предприятия до 42 тыс. веретен.

В 56 г. – давали 23 тыс.

Сейчас – 32 тыс.

Сейчас установили 20 станков, прядильных – 6 машин.

Коллектив – 3400 вместе со старой фабрикой, хлопчато-бумажное трико-костюмное, рисунки разные.

В прошлом году освоили детский ассортимент. Стоимость 8 р. 60 коп, в магазине 23 р.

Если будет построена гребенная ф-ка, то будет штапельное полотно (штапель костюмный), с будущего года предполагается.

Мастер ...

80% женщин.

130 человек специалисты.

Лаборатория анализов.

Новое отечественное оборудование.

Доход годовой. За 8 месяцев валовой 69 млн, дали 72 млн. С 1959 г. уже рентабельное, сверх плана 32 миллиона р. За 1958 г. довели до рентабельности, доход сверхплановый за 8 месяцев по плану 1737, фактически 2576 тыс. 739 тыс. сверхплана.

Казахи, узбеки, русские, греки, удмурты.

Оклады, заработка по сделке.

Средняя ткачиха — 850—750 р.

Прядильщица — 820 р. средняя по комбинату

Специалисты:

Главный инженер — 1500—2500 р.

Прогрессивная сделка 3200 р. то же инженер.

Средний специалист — от 800 до 1000 р.

Цементный завод.

Гл. инженер — Чернов. Занимался изысканием сырьевой базы в начале — Састобе, тогда стр-во в Чимкенте. Новая из Германии техника. Очень много размещалось проектов.

Три очереди... окончат. мощность, один из самых крупных в мире. Около 2 миллионов тонн цемента.

В прошлом году первая очередь — двадцать пять процент. проектн. мощности даем уже. В этом году вводим еще одну и четвертую нитку; в первой половине 60 г. — 60%, а в конце 60 г. — вся мощность. Ни один цементный завод не строился так быстро — образец быстроты: за 19 месяцев построен завод... вместо 42 месяцев.

Основная масса коллектива уже есть сейчас... Сейчас 1052 чел., будет 1300—1400 всего.

Будет 6 печей, сейчас 2..., к 7 ноября 3-я войдет. Характер для завода: кадров нет со стороны, набраны и подготовлены здесь — выпускники Чимк. технологическ. института.

Завод пустили нормально. С первого месяца почти начали перевыполнять план.

Предзавкомитета Кусалин Кенжалы — инженер-технолог по цементу. Студенты проходят практику здесь. Есть ин-т “Азницемент” — научно-исследоват. Рабочих, строителей набрали тоже здесь. Жилищное строительство хуже, за этот год стало хуже, завод обзывают. 450 стоит на очереди, нет квартир. Плохо с детскими учреждениями, только окончили за четыре года.

Дворец культуры — вопрос самый печальный. Будет рядом шиферный завод, будет больше тысячи человек, все базы стройматериалов здесь будут. Собрать коллектив негде. В смете наш предусмотрен.

С 60 г. обещали включить в строительство. Завод построили быстро. Жилье предусмотрено. Началось правильно —

начали с поселка, но живут пока строители, а не рабочие. Скоро будут готовы 27 кварт. Строительная база Чимкента строится сейчас — большой комплекс обеспечит стройматериалами весь Чимкент, не включая цемент.

Маленький клуб — времянка... в поселке библиотека — две комнаты, больница строится долго, без конца. Есть и хорошее — освоение производст. мощностей по ряду цехов (помол. и сырьевой), уже освоил мощности печной цех, немного отстает от мощности проектной, но скоро освоим.

Десять тысяч тонн сверх плана обещали и уже дали. Люди вместе с ростом производительности растут хорошо: машинисты вращающихся печей: Кузнецов, Шукров; машинисты мельниц: Комягина, Шеховцов; молодые Сламкулов, Карабеков, Матвеев — мастера-инженеры; Шурабеков — лучший мастер, звание такое присвоено. Семичасовой рабочий день, средний заработка рабочего 900—1000, инженеры на окладе твердом 1200—1300, без премии, премия 300—400.

У начальников цехов твердый оклад 1800—1900 и премия по 500. Нет своей газеты.

11/X.

Сайрам — ескі Сайрамға барған сапар (Ибраим ата, Әбділ Әзіз баба, Қарааш, Қонтажы, Қызырдың әкесі). Бала сөзі: “Ленин” колхозы — бастығы Ордабек Жамалов, Аудан бастығы Нығметжанов.

Түстегі ұшырасу үстіндегі сөз, ойлар. Облыс қан тамырының соғуы білінеді. Бір шеті Мактааралда болса, енді бір шеті Созакта луппіл қағып, бар жерде бір ритм ыргақ бар. Cay. Берік ыстық қан тамырлардың ыргағы пульсирует ровно, быстро, горячо и где-то бьется большое, здоровое деятельное сердце всего этого организма.

Қалжың: сіздер мақта ексең, мақта аласың, жүгері егіп, жүгері аласындар. Ал біздің пивамыз да сан алуан... Кейде сәтті болса, шабыт шаққан ойнап акты бозды түріле кетер сәті бар... Онда Сауранкөктің тобындей шарқ үра самғай шыққаны, сонымен қатар кейде және жи де ұшырайтын жазушылық жарымжандығы, гаріптігі да бар. Бұндайда өздеріңе көп таныс күй көресіз. Жақсы мақта дәнінен жаман капуста да өне алмай, өлеусіреп жатады.

Шымкент.

Май, 1960 год.

23/V.

Таңтерең Дөңбай шопан депутат үйінде. Кең, көрікті, жасаулы киіз (боз) үйде. Манасовтың шофері Қалдаяқовтың “Қайықта”, “Ақмандаілымды” қоңыр, ақырын сезімді әнмен айтты. Шофері де, шопаны да әнші. Кеше Үсен шопан тамаша концертте өте жақсы айтты. Өзі сұлу, үстегі костюмі жана, даусы қоңыр, сұлу, естен кетпейді.

Қыста боранда бір шопан “Қара көзді”, Қалдаяқовты жаттап айтып жүрген ақ боранда. 10 жылдық бітірген.

“Шалдар” совхозы. “Қызыл көпір”.

Қырықтық.

Маманов Керекең – Керімбек. Мың ерекек қой. Совхоз орталығы.

Алтын парторг. Райымбек күйеуі. 7 жылдық редакторы.

Таукеев Пазылбек – “Кр. Нива” колхозының бастығы. Тохтамысова Әтір – совет бастығы. Соц. соревнованиеде алған вымпел “За высокие показат. в соц. соревн.”.

Дөңбайдың 7 баласы бар. Үлкені 19-да, кішісі бірде.

“Кр. Нива”. 474 үй, 800 адам. Қой төлі 41 мың, қара 2130. Жылқы 760, түйе 70, шошқа 445. Мал төрт млн. Бригада егін, мал. Өндіріс бәрі бір.

Дөңбай чабанская бригадада 11 мың қой (3 бригада осы).

580 планың содан, 735 қозы. 123 қозы, әрбір аналық басқа.

Бірінші январда. Ең көп өнім (5400) қой. “Кр. Нива” ең көп өлтірген шаруа. 56 мың га жері бар.

Жер аттары: Шыбықбел, Ақмешіт ұңғірі, Мұзбел, Сасық бойы, Желтимес, Шаян бойы.

Шофер Тұраров Өмірбек – әнші. Онжылдық бітірген. “Айтшы, сәулем, жетер әурен” деп әндetedі. Мандолинды тартады. Қалдаяқовтың “Қара көзін” әдемі айтады. Есік түрлі, алды кек өріс қалың, салқын леп анда-санда соғып қояды. Аста шаги дүрия көрпе. Шөп: ыраң (қоңырбас), шетен, дермене, сасыр.

“Махабbat вальсі” – өз сөзін қосып айтады. Өзіміздің жергілікті балалар шығарған дейді. Шыны өзі шығарыпты. Армияға бара жатып елу алтыншы жылы шығардық. Аудан тегіс әнді сүйеді. Секретарь Нұртаза Исмаилов өзі де қалтасына қағазға жазып алып, ән текстін үйреніп жүреді.

Украшают свою жизнь песней, музыкой.

Кырманнан қайтар кезімде,
Кырқадан күтіп ал деші.

Шаянның өз пейзажы.

Хорошая, талантливая, со вкусом молодежь. Жастар арасында жанжал жоқ. Мейрамда бұзық жоқ. 57 жылды оқу бітіргелі бері қызметтемін. Өзбек әншілерін де тыңдайық (тыңдалап әл берейік).

Бейімбетов Оразымбет: Жарым жасымды сол Мойынқұмда өткізгем. Біз Мырзабай үстімен көшеміз. Құм ортасында біздің қазған құдығымыз жоқ. Құмның ішіне кіреміз. Батыrbай жолы. Шуга қарай қармен жаямыз. Қар жоқ болса, бері етекке шыға қашамыз. Сарбас құдық, Айгене – штабымыз, екі босагамыз. Сарбаста “Красная Нива”, тағы колхоз.

Февраль ішінде қар.

Араб жалына кеп қондық. Мұз әкелеміз деп отырғанда, 24 күні қар жауды. Үш күн үздіксіз, желдетіп жауды. Еріп қатайып тұрды да, 6 марта қайта жауды төрт-бес күн. Әрі сұық. Қой алғаш күндер асылы сексеуілден жем алмаса да, биік сексеуілді шалып аз жүріп көрді. Екі күн солай бауырлап жүрді де, кейін артын көтере алмай, алды қимылдайды. Содан кейін жата бастады. Тұра алмаған қойларға қолдан бес-он күн түйемен шөп, сексеуіл басын қолдан бердік. Бір трактор жүрді. Үш түйемен тасыдық. Біз үшеу, қой бес жұз елуді салдық.

Жәрдемге адам келді. Отарыма балам Мейірбек барды. Күнде жем беріп жаттық, қара бидай, қызыл бидай, арпа – қой жейді, шөп болмаған соң күйіс қайыра алмайды. Төрт-бес күнде де жем болған, бірақ шала алмады, малын шөбі жоқ жерге бұрып әкелген.

Оразымбет: жиырма жеті жыл құмға барғаныма, жасым 73-те, мұндай сұықты өмір-бақи көрген емесспін. Қойдың жарым құлағы үсіп түсті. Өлгенде үздік-создық өлді. Егіз козылы бұрынырак өлді.

Жиырма бес отар барған. Бар отардан өңшең нашарын жығып беріп қойдық. Үш жұз жетпіс еді, жұз сексені өлді. Өз отарынан қырық сегізді өлтірген. Жиырма бес отардан колхоз бойынша мың сегіз жұз отыз қой мартта өлді. Апрельде мың үш жұз тағы өлді – жиыны үш мың бір

жұз отыз қойды “Красная Нива”, орташа есеп әр отардан екі айда жұз жиырма бестен өлтірған болады. Сексеуілді қар алды, жүзгөн көрінбей қалды. Бір ай, бір күн қар жауды. Ашылып жауып, сүйтіп тұрды. Отын сексеуіл, азық мол болды. Шаршағаны болмаса, өзге кірбеніміз жоқ. Магазин, больница бар. Ақша жіберілді.

“Бөген” совхозында.

Завхоз сұрамастан қойшылар үйлерін автомобильмен көшіріп жіберген. Қойшылар далада қойындағы азығымен қалып қойды. Телеграммен қайта шақырыдық. Сегіз күнде қайта көшіріп алдық. Палатка, қыншылық.

“Алғабас” колхозы құмға терең кіреді... Ең жақсы пайдаланады. Өліара – даусыз.

“Алғабаста” түйе жеткілікті. Үш отарда үштен бес түйеге дейін бар. Жарым сағатта үй тігіп үлгіреді. “Алғабас” түйелі болмаған. Құм ішінде ат-шана жүре алмайды. Қаратая жолды кеседі. Жол ең үлкен шарт, тас жол ең үлкен шарт.

Осы бригадада Бақтымбетов Қайлым – апарғаны тоқты. Арыстанбай етегінде, төрт көшіп баратын. Сарбастан алпыс километрде отырды.

Іргежалға, Бесмолаға, Арыстанбапқа барғанда қар, боран басталды. Төрт отырып, марттың жиырма сегізінде қайта көштік. Апрельде жолда тоқты айдауда өлді, ереккек тоқты. Қойды қарға бір жатқызғамыз жоқ. Тұнде жауады, кешегі жолды басып қалды. Құмнан шыққан соң жылда екі қонып келетін жолға он қондық. Екі отар едік. Жолда, артта қалған соң өзім салт, әйеліммен бір үйде көршімен тұрдық. Құмға барған үшін доход қосылады, отгонға қосылады. Мал санына қарай өлшеменеді. Штабта – радиостанция, магазин, мед. пункт, больница, қызыл отау, мектеп-бастауыш – Сарбас құдық басында. Созақ біздің үш құдықта отырды. Екі киіз үйіға бар. Биыл монша саламыз.

Шөп аттары: адыраспан, қуырдақ, қарақұрт, жапырак, шипет сағыз, бидайық, сарбас жоноышқа, сасыр, кеурек, көк жусан, тұбір жусан, боз жусан, дермене.

24/V.

Леонтьевқадан таңертең Орловкаға барып, мектепті, мұғалімдер үйлерін көрдік. Онжылдық, екі мың бес жұз кітап бар. Директор Оспанов Өксікбай, завуч, химия фак. КазГУ. Ұзын бойлы Өксікбай үйі тіпті жақсы. Бөген өзені (Дарбаза бөлімі), Ақтау (синия гора), Алмалы өзен, тауы теректі, алыста

Костура Боралдай өзені. Боз бұтақтың жотасы Байжансайдың бергі жотасы. Октябрь сайы. Бөген екеу. Үлкен Бөген, Бала Бөген. Ел – Тазша, Істы руы, Ошақты, Леонтьевка Жарықбас (о да Істы). Пазылбек – Орта жүз, Қоңырат (Созақтан). Қоңырбас, ыран, бүйра шөптер – ұшып кетеді (июньде). Құзге қалатын бидайық, ноқетек, изен, жусан, тау беткейінде морскебек (баялыштың бір түрі), киікоты – шөп. Жабайы қарағаш, ұшқат, тобылғы, шие сабак, жабайы алма.

Ақтаудың ар жағы, Сасықтың басы жабайы жузім, алма, шие.

Дөң басындағыз. “Мария” әнін жастар шырқады. Қоңыр жел, ашық күн. Тамаша.

Шернияз Серімбетов. Редактор. Аудандық газетте. “Социалистік колхоздың” редакторы. Алтасына екі рет, бес кісі творческий қызыметкер. Отыз алты жаста. Ұш жыл партия мектебін, одан бүрын онжылдық бітірген. Георгиевка ауданынан. Әңгіме жазады. “Лениншіл жаста”, “Оңтүстік Қазақстанда”, аудандық газетада 1950 жылдан жазады. “Оқ тескен кітапша” 1927 ж. оқиғасынан “Оңтүстік Қазақстанда” “Кітапша сыры” деп басылды. “Жігіт сыры” “Лениншіл жаста” үшінші бәйге 1957 ж. алды.

“Жігіт сыры” (әңгіме). “Жым ойнау” салтын бұзды (нарушение молчание). “Көздері байырғы наизағай ұшқынынан айрылып, маржан тісінен шыққан дыбысы тау сүйндей сарқырап”... “Мөлдір көк аспанға көзім түсті”, “Жараган бураша төмөнті ерні”, “Қарақат көздері шарасынан шыға” “Арманымның өзегі сол екен”, “Жүрегіме улы қанжарын қадай түсуші еді” (кыз ба?), “Шайқала басып Зәуреш келеді”.

“Шопан қызы” (жаңа әңгімесі) (биыл жазылған). “Қарақат көзі”, “Ашуға мінген долы әйелше көбік шашады”, “Көктерді де (шөпті) тексеріп жатыр”, “Мөлдір бұлақ сүйндей қара көздері”, “Танауы желді күнгі түнлікке үқсан желбірей бастады”, “Ғашық боп қалам ба қайтем, деп”, “Ұшар алдындағы түйғынша түйіле қалады”, “Қыз жүрегі тайша тулай”, “Қыраттан ойыса жүгіріп”, “Өзен әбжыланша ирелендеп”, “Мен лак, күткар”, “Жолбарыстай”.

25/V.

Манасов Қалибек әңгімелері.

5 март күні. Нач. инспекции Сердалов “Хал жақсы” деп отырды. Хабарлады. Мен Әбентаев Әубекірді (член бюро, секретарь) ала бесінші мартта шығып кеттік. Жер қара, кебу.

Оныншы март бері жылжытпақпаз. Марттың алтысы күні Қаратаудан тас көмір сай арқылы астық. Болмаган жай, он екі машина “Бөген” совхозы алған шөп, төрт машина жем, комбикорм, арпа әртүрлі, басқа үш трактор сүйреу үшін. Өзімдікі “М-72”. Біз өтіп, озып кеттік Бабатаға қарай. “Айгена” совхоз центрі, екі совхоз “Алғабас”, “Бөген” штабы сонда. Бабатадан өткенде бұлт шығып, қар жауып, жел түрді. Боран кесірінен үш легковоймен жеті сағат (60 километрді) зорға жүріп бардық. Бет каратпайды.

Бірінші рет құмға барғаным. Жағдайын білмейім. Сегіз күнге бар старший шопанды жимақ, айдаудан бұрын ақылдаспақ болдық. Бірақ боран, оны отложить еттік.

Әбентаев ат ала “30 ж. Қазақстанға” кетті... “Мал, отар қайда, қандай, біл” деп жібердік. Өзім “Алғабасқа” кеттім (атпен). Гл. ветврач Бурмистров. “Кр. Ниваға” (он жеті мың малы бар) жібердік, кешке бас қоспақпаз. Мен қайтып үлгере алмай, 9-нда түс қайта келдім. Сол күні түнде температура 32, күндіз жиырма, он бес боп түрді. Қар қалындығы құмның өзінде қырық, қырық бес см. Қой халі (состояниесі), қойшылар жалобысы, шөп (жем бар).

Тогызы күні кешке колхоз, совхоз директорларын жидық. Бөгеннен Шоқанов “30 ж. Қазақстан”, Еспаев “Кр. Нива”, Сизаев Эбсейіт зампред. “Алғабас”, Борсықбаев Үсен өзі (парторг) зампред. “Алғабас” совхозы, Қайтанов зав. отгон. Бәрін жиганда, Сизаев құмды білмейді еken. Қайтанов құмды білгенмен, үйстыра алмады. Үш член бюро үшеуміз енді қойшылармен (старший) сөйлесейік дедім. Малды аман алып қайту шаралары, шөп тасу, жем тасу, 26 машина бар. Сол сегіз трактор – “Құмкент” совхозы сатқан шөбінен тасуға келістік. Айдауга жеткенде әр колхоз план жасасын дедік. Мысалы, әр колхоз март маршрут белгілейді. “Кр. Нива”, мысалы, жиырма бес отар. Мынау көп қора, ашық қора...Әр колхозда төрт-бес километр көшіп баратын жер, бар адам барын тазалайды. Екінші партия алдыңғының орнына қонады. Кезекті көшу, қысқасы, бұл жайларды қойшылар қол көтеріп қабылдады.

Құмкенттен жұз елу тонна шөп алмақ. Шөбі көп, жақсы. Бірақ таси алмаған. Жиырма төрт грузовик, сегіз трактормен екі рейс тасып шөп әкелдік. Бұл 13-күні, 14-нде қар ери бастады. Түнде 37 градус сүйк. Қар он, он бес см.

Төмен түсті. Әбентаевпен қайтар жолды барладық. Жусан ашылып қапты. Құмға қарағанда.

Он бесі күні қайта қайттық. Үш вездеход легковоймен жүргеміз. Кейін әуе бұзылып, желдетіп қар жауды. Екі км гана жүрді. Машинаны тастан тарттық. Жеті адамбыз. Алты километр. Алты сағат жүрдік. Жүре-жүре Бұркітті жонынан кешкі сағат сегізде “Ждановка” зорға жеттік. Завмаг үйіне апарып, шай берді. Сейлеуге зорға жараймыз.

Азанда 16-күні қар тағы ұрып түр. Өзгелерге машинаны әкеліңдер деп, өзім атпен Құмкентке тарттым. Келдім (боран, жел) рация уақыты өтіп кетіпті. Ертенге күту керек. Тұнгі он бірде Сарбасқа, аудан штабына келдім. Обком Жарқымбековпен сөйлестім. “Не керек?” деп сұрады. Палатка, жем (қосымша) дедім. Облыс палатка және жұз тонна жем жіберді.

Адамның сөзі ісімен сайд болу керек. Шоқанов (“Алғабас” совхозы) солай шығар дейтүгым. Кейін олай болмай шықты. Он жетісі күні артынан машина жетті. Қойдың бәрін айдан беріпти Шоқанов. Неге ақылда спайсың? Қойшылармен кенеске өзі келмеген, шөбін жеткізбеген. Сарбасқа тағы бардым.

Он сегіз, он тоғыз, жиырма, жиырма бір күндер боранның ең қатты боп түрған күні. Шоқанов келді. Жақсы деді. Макаровпен сөйлестім. Проверить етпек, тағы айтпақ болдым.

Мал Мырзабайға шығып қалған, отар басы жетпіс-сексен қой өлген. “Ақбулак” фермасының қойшыларына келсем, дір-дір, қойында таба нан, қар жеп жүр. Үйлері кетіп қалған. Қойдың үсті қырау. Ысмайлов грузовоймен жем апарған. Машиналарымен көшіріп жіберген.

Жиырма бір, жиырма екісінде Сәлім барды. Қырық кг сары май, отыз кг колбаса, екі жұз нан. “Бөген” киіз үй, шөп қырық тонна алдық. Сәлім көмегі. Жылы үй. Малды ең көп апатқа “Бөген” совхозы – үш күнде екі мың бас қойды шығын етті. Тез комиссия жасадық, санаттық. Бір мың төрт жүзі боранда өлген. Қой жүре алмай қойды. “Күмкент”, “Калинин” қораларын алдық. Палатаны тіктіріп алыстық.

С/совет бастығы директорға бұлайша көмектеспейік деп айттырған. Самолет ала (Сәлім екеуміз) бір күн араладық бар өлкені.

Сәлім: жиырма төрті күні хат жазып шақыртып, машинамен шықтым. Алты километр жүріп тұрып қалдық.

Жаяу тарттық. “Алғабас” совхоз директоры Салдырбаев Үбырай (бұрын секретарь РК болған). Келдім, біреуі мені танымады. Шешіндім, зорға танысты. Бегімбетовті сүрадым. “Айгенеге” кетіпті. Жолға шықтық. Жолда трактор сынып жатыр. Рациямен Шымкентке сөйлестім. Шолақкорғанға баруым керек... Трактор кетті деп хабарлаған. Ол адасады.

Екі жаңа трактор “С-100” келді. Макаров тапсырмасымен. Врач Түркістан қаласынан барған көмеккө. Кешкі бесте Айгенеге жеткіздік (екеуін). Алтыда (кешкі) жолға тамақ өзірлетіп алдық. Қай жолмен жүрмекпіз... Ақылшы көп. Екі жол бар. Сәлімдер соңынан журу бар. Батыrbай жолы және Тастыға баратын сұық жолдан асатын жол. Бес грузовойды, бір “С-100”, “Газ-63” (грузовой) алып, өзім Батыrbай жолымен кеттім. Макаров бар меры жаса, спасать етіндер деген (Сәлімді).

Кешкі алтыда жүрдік. Тұнгі үшке дейін. Сағатына он бес километрмен жүріп отырдық. Сұық, отырып болмайды. Тоқтадық, екі тракторшы, шофер төртеуміз сексеуіл жиып от жағып, жылынып отырдық. Сағат бестен тек тағы жүріп кеттік.

Бір сағаттан соң тегіс жерге келіп ек – жер ойылып кетті, машинамыз түсіп кетті. Шығарам деген “С-100” өзі батты, алды түсіп кетті. Сексеуіл жидық, трактор тістері арасына сап, бір жарым сағатта зорға шықтық. Тағы мидай жазық даалаға келсек, “Газ-69” батып жатыр.

Созақ райисполком машинасын Бегімбетов мініп кеткен. Екі кісі ішінде жатыр – шофер және Ахметов землеустроитель. Тұнгі он екіде тығылған. Сонда Сәлім екі кісіні ертіп, бес километр жүріп сексеуіл іздейді. Ит даусын естиді. Мылтық атады. Екі ит үреді. Үйге жетеді. Сарысу шаруасы екен. Әйел тұрып киініп, көрпе салып, шай қайнатып береді. Сексеуіл арқалап келеді екен. Төбеге шықсам, танымайды, бетіміз тілінген күйде. “Айналайын Манасовпышың?!” Қойшы тамақ істейді. Ет жеп шықтық. Шу жағасына жеттік. Шөп артқан малшылар қатқақ-пен кайтып кетіпті. Шолақкорғанға рациямен сөйлестік. Қайттық. 27 машина, бензовоз және сегіз машина батпаққа кіріп тұрып қалған. “ДТ” машиналарды шығара алмайды. Біздің трактор артта қалып қойған, соны алдырдық. Екі трактор болды. Құн сұытты, жер қатты. Сиыршы үйіне барып демалдық. Трактор үні... Екі жаңа “С-100” тағы

келеді. “Энгельс” совхозынан еken. Тұнгі үшке дейін отыз бес машинаны шығарып кеп, қалғып кетіппін. Жүріп кетіп тағы бата бастап ек, тез шықтық. Содан екі километр, үш-төрт километр жүреміз де тынығамыз.

Сәлім итереміз дейді. Жиырма-отыз адам итереміз де шығарамыз. Устімізден самолет өтті. Ақ шүберек лақтырды. Трактор, азық келді. Бегімбетов туралы белгі етіндер деген еттік. Жұз елу метр жерге сексеуіл сындырып, жол салдық. Жер еріген, аяқта валенки. Штабқа отыз бес километр қалғанша жүрдік. Бензин бітті, тоқтап қалдық. Жиырма жеті километр штабқа дейін. Сәлім қалғып кеткен, біз жаяу кеттік. Үш, үш жарым болды, жеткізер емес. Ахметов екеуміз жүріп келе жатып үйіктаймыз. Жарық... “Алғабас” совхозы – Салдырбаев еken. Сәлімге бар дедім де, құладым. Аяғым қып-қызыл, мазолім қаны шықкан. Сәл демалдық. Сәлім сондай здоровый. “Давай, отарды аралаймыз” деді. Мырзабай даласы. Батпак, қойдың аяғы толарсақтан батады. Тоқтаттым. Шолаққорғанға жеттік, Қолдаасбаевқа келдік.

Он бір адаммен Сәдуақасов келді. Қоспамбетовті Сәдуақасов тындағы. 11 мың отход, “Күмкент” совхозы екі мың бес жүзден (25 мартқа дейін) келген еken. Апрельдің бірінде он бір мың болып шыға келді. Адамдарын бөлді. Біздің малды өзі көрмек болды Сәдуақасов... “Калининді” көрдік. Бір отарға келсек, бір арба шөпті қораның төбесіне салып, өз қойына беріп, өзге қойға бермей қойған. Қоспамбетовке: Шаянның бары бар, бөтен жерде де бірақ шөп бар, тұзы бар, жемі бар, су жылтып беріп жатыр. Системага келтірген (көшу) деп қатты ұрысты. Бұлар бөтен ауданда, сендер өз жерінде осындаі ретсіз деді. “Күмкент” өлімін тасып жатыр, жол бойы көріп бардық. “Маған колхоз малын көрсет” деді. Салыстырады да үрсады.

Мен Сәдуақасовқа айттым, өзім, өз ауданым болмаса, бармаймын дедім. Бөлек кеттім. Қойшылар мені, Әбен-таевты біледі, ол Созақ шопандары Қоспамбетовті білмейді, танымайды еken.

Күмкенттің соры алауыздық, тұнде екі кісі “Сәдуақасов сіз бе?” деп сұрады. Екі жалаңдаған бір ку. Бір сағатта үлгірген, бір уыс арыз қағаз. Біреуін білем – пьянкеш Кенжебеков. “Шопан едік!” деп арыз беріп түр. Атын өзгертіп шопан “Күшікбаевпын” деді Кенжебеков. Сәдуақасов күні бойы оқыды. Тегіс Үәйданы, Тоқбергеновты жамандайды.

Сол жерде үйленген әйелінің ағасы пәлекөр адам екен, полевод екен. Сондай арыз.

Сәдуақасов жиналыс жасады, без повестка дня... нені қалай үйстырырдың, сен сөйле деді.

Ташшабай сұынан өткізер кезі еді, тез жетейін деп кеп жөнелдім. Айтқандай, өткізгелі жатыр екен. Жыңғыл өзірлеттім. “Құмкенттің” директорымен келісіп, алты ағаш алып көпір жасаттым. “Кр. Нива” ісектен бес отарды өткізіп қойған екен, оны да бүрдым.

Шаянда бюро мүшелері спаянның связі бар. Тапсырмасы орындалады, бірлігіміз болмаса, осындай болмайды деді.

Ауданға жинады Сәдуақасов. Қоспамбетовті жиырма алтыншы апрельде обком бюросында алды.

Онжылдық бітіргем. Армияда военный танковый училищеде. Партиком, 49-жылды мартта, жиырмада өскерден қайттым.

Телікбаев Иса шөп тасуда, бюро мүшесі, күні-түні істеді, далада да жатты. Он бірі күні күн-түн тасыды. Төрт член бюро сонда болдық. Жем, қора, шөп жөнінде Сәлім. Қоспамбетов оны әділ сойлемеді деді. Наоборот, менің жәйімнан бір ауыз кемдікті айтпады. Сәлім Ысмайылов екеуміз строгий выговор алдық. Тұлқібас, “Кировта” да істегем.

Комсомолец “30 жылдықтың” шопаны, бала боранда “Ақмандайлымды” жатқа айтып жүр екен.

26, 27/V.

Түркістан.

Қазіргі көп әңгіме, қам-қарекет колхоздардың, әр басқа шаруаның соцобязательствосы жөнінде, соны орындау жөніндегі сөз ең үлкен сөз.

Әзіл сөздер: 1) Қаржау айтқан бір арақ ішетін өкіл жөнінде: “Әкел қатын, өзіміздің бала екен-ау!” дегені.

2) Дүйсенбек туралы: әйелін трамвайдан құладың деп үрады, оны чиновник (учитель) формасында болса да әкесі үрады. Әкесін пашиша адамын ұрасың деп полицейский үрады.

3) Бақытқа қайда баrasың дегенде, ынтымаққа барам депті.

Атакең айтуынша:

1) Мақтаны жер бетіне тегіс шығарып, бір рет тыңайтқышпен қоректендіру. Июнь ішінде және екінші қоректендіру, он бесінші июльге дейін бір қоректендіру.

2) Екі жұз мың қой – соның тегіс жүнін қырқу – 1 июньге дейін боламыз. Жұн жөнінде қөткемде 65-70 процентін орындасақ дейміз. Жұз тоннаны закуп ретінде халықтан сатып алмақпсыз. Жиырма бес тоннасын алдық.

3) Төрт мың екі жұз отыз тонна ет өткізбекпіз. Қырық жылдыққа орындау мақсұт. Қөткемде екінші кварталда соның мың төрт жұз тоннасын өткізбекпіз. Сиырымыз, жылқымыз бар.

4) Сүт жоспары жоқ. Кентауды қамтамасыз етеміз.

5) Жұмыртқа – қырық бес мың годовой – бәрі орындалады.

6) Стр-во он төрт монша салынбақ еді, бесеуі бітті. “Сталин” колхозы – Жұмаділдаев больница, детсад салғалы жатыр. Полевой стан салмақ, үлкен етпек (детсады бар колхоз салмақ).

7) Қалада больница салынбақ. Мемлекет (Қонаев) жеті жұз мың сом шығарды.

8) Қалада клуб салынбақ.

9) Қаланы асфальттау, Кентаудан электроэнергия 63 ж. бітеді.

27/V.

Керек, қажет – библиотека. Верховный Совет пен Мин-во культуры айту. Бұрынғы ескі шіркеу кішкентай. Читальный зал жоқ. Кітаптарды склад етіп үйіне қойған. Түркістандағы өте бір жақсы нәрсе – насосный колодец... ветряк сегіз-тоғыз метрден қол бүрғымен қазады.

Наказ:

Қожа Ахмет ескерткіші. Бір миллион жұз мың сом шығарылған, бірақ спецматериал керек. Бұ жерде жасау қажет. Әзіргі ең бірінші кезек төбесін бүтіндеу, болмаса құлайды.

Кентау. 27/V.

Пионерлер қарсы алды (Бұдан бұрын жолда “Победа” колхозының шығарып салуы. Сұлтан қазақ, Әшекен, Жанбыrbайлар. Алдымыздан Мұқарам Жұнісов, Ыдырыс Тілеубергенов шыққан). Тұсте қазақша спектакль көрдік, “Аңқау Жүсіп” – нашар пьеса.

Концерт қарадық – ұзақ концерт, үш жарым сағатқа созылды. Орысша хор, би, ән, жеке әндер. Орысша бөлімдер жақсы. Қазақ номерлері әлсіз, үретуші басшы сезілмейді, нашар.

Мұқарам айтуынша, Кентаудың бар строительствосы Ленинград, Москва Гипроцветмет мамандарының планы, чертежі, эскиздері бойынша гана салынған. Сондықтан әрбір түрғын үй, кеңсе, клуб, мектеп, кино, лекторий – бәрі де, завод үйлері де, әрбір жаңа кварталдағы гостиница, Дворец пионеров, жаңа кварталдар, жеке особняктар көркем, архитектурно-грамотно алынған. Бұрынғы Ашысай комбинатының жалғыз қабат ұзын жалпақай үлкен үйі қазір ескіріп, ансамбльді бұзып тұр. Жақында ол сносқа кетеді. Сол шебер қиуласқан үлгімен істелген жайды әр үйдің алдындағы оюлы, бояулы шарбактан, изгородь (бақтар айналасындағы) палисадник, перегородка, забор металлич., ограждениелер де тегіс, қалай болса солай емес. Темір қоршаулар биік, бағаналар арасында әдемі көрінеді... Бақтар патша сарайларының айналасында. Бақтардағы скамьялар, орнатылған ғұлсатар ларектер де әдемі. Өте бағалы нәрсе – қаланың көгі, әр көшे ағашы өте ұқыпты, құтімді орнатылған. Әр қорада жүзім, өрік, алма жемістері есе бастағаны көрініп тұр.

Ең әдемі нәрсе – ғұл-ғұлдердің орнатылған, егілген үлгісінде... Ортадағы ғұлдер айналасында тіктеп өскен үлпа да тығыз бір өсімдіктер де бар. Көшелердің жарымы одностороннее движение, кейбіреуінде двустороннее движение.

- 1) Пульмопровод, Харитонов Михаил Иванович от обогатит. фабрики.
- 2) Крайнее левое ...
- 3) Хантагинка, ГЭС (дым): тепло и горячее водоснабжен. с осени (будет), удашевим квартплату (отопление, горячая вода), снижаем квартплату. Все 8 котельных будут ликвидированы.
- 4) Завод экскаваторный, мастерские от него ...
- 5) Совмест. стр-во комбината, треста.
- 6) Город разделяет железная дор. и начинается плановая застройка. Здесь более двух десятков улиц.
- 7) Будущий проспект Ленина – типично Ленинградский проспект, для велосипед., дет колясок закладывается он.
- 8) Приклубная площадь, где будет Дворец культуры с памятником Ленину.
- 9) Будущ. центр. проспект Ленина, новый парк до шестнадцати га.

10) Летом в парке строили бассейн, круглогодично действующий. В этом году начат, в течение двух-трех лет будет построен.

11) За парком этим построили стадион.

12) Будет построен интернат по типу закрытых. Комплексы с/х учреждений, учебно-производственные.

13) Сорок девять кварталов.

14) Сейчас строятся сорок четвертый, сорок пятый.

15) Сорок третий квартал – будущее жилье по методу Карбюзье.

16) Школа раб. молодежи – чтобы учились посменно, не только вечером.

17) Район индивид. застроек.

Питомник.

Сады: А-Аты, Киргизии, Ташкента, Дальнего Востока. Виноград – 9 сортов, персики – 2 сорта, сливы – 3, яблоки – 4. Декоративные деревья – более ста двенадцати разных пород, продаем более ста двадцати тысяч саженцев деревьев: Чимкенту, Кзыл-Орде, Джамбулу, Джезказгану и т.д.

Тұбі сад-парк болады. 54 га. Бұл мол көк. Қала үшін аса қажет. Осындағы тұт ағашының жапырағын сұрап, өзбек “Победа” колхозының бастығы грузовоймен келіпті.

Құндіз “Барабанщица” спектаклін көрдік. Кешке Мұкарам Жұнісов пәтерінде қонақта отырдық. Жол бойы жаяу, қалпы кешкі салқынмен аралай барып ек. Жолда “Түркестанский” көшемен жүріп қайттық. Біз тұрған “Жамбыл” көшесі.

Бара жатып “Ленин” проспекті етегін жер-аланды көрдік. Бұл проспект қаланың үлкен болашағы – онда кең көшениң ортасында бульвар – балалар калияскалары жүретін жол, велосипедшілер жолы, тротуар – екі жақты автотрасса болмақ. Фонтандар, ғулдер болады. Төрт этажды үйлер орнайды, кейін бір топ үйлер Карбюзье стилінде салынады.

Кентауга келем деп сұранушы адам аса көп. Тіпті сұранбай, өздігімен келіп, орын сұрап отырып алатын инженер, врач, оқытушыдай талай мамандық адамдары бар.

Тазалық бар қалада бірдей деуге болады, көшелер: “Сталин”, “Киров”, “Джамбул” параллельный, осыларға перпендикуляр: “Тоқтаров”, “Ленин”, “Пушкин”, “Абай”, “Түркі-стан” сияқты көшелер. Осының бәрінде одностороннее движение. Көшениң екі жағында да екі

қатардан ағаштар орнаған. Арапарында тротуар, шетіректе арық-арық. Бұлар тегіс цемент асташыларға бөлентген. Екі көше шетіндегі ересек ағаштардың жапырақтары тар көшеде екі жақтан жалбырай созылысып, жәйілісіп тиісермен болып тұрғаны да бар. Адам ғана емес, машиналар да көлеңкемен жүрерлік. Ағаш – ағаш үшін күрес күшті. Бір ағаш көктемей қалса, ол ЧП деседі. Қала бастықтары Ыдырыс Тілеубердиев сияқты жолдастар. Биыл мороженое сатушылар өз суларын (тұзды суды) төге беру арқылы бірнеше ағаштардың тубін бүлдіріп жіберіпті.

Көше бойларында – тротуар бойында әр жерге мусор құбісі – темір шелегі тұр... Эрбір үй адамдары мусорларын осыған әкеп тастанды. Қала өзі тазартып тұрады. Папиросты жерге тастанма деген табличкалар жазып қойыспақ.

Сенбі қун кеш он екіден соң жаяу қайттық. Көшеде мастар жоқ. Анда-санда үш-төрттен көрінген жас жігітер – мас емес, жай ғана сейілде жүрушілер көрінеді.

Театрда кешегі любительдік спектаклі көруге, кешкі концертті тыңдауға жиылған қала халқы тіпті сүйкімді. Жақсы киінген, таза, сергек, мәдениетті жүздер аналардан, әкелдерден, әсіресе жастар ажарларынан байқалады.

Лекторшы залы құламалы, кең орындары, қатарлары жақсы. Әсіресе занавес... қызыл барқыт. Сахна рамасының жиектері алтынша боялған орнамент. Қызыл шымылдықтың етегі де орнаментті, көп өрнекті – сүйкімді қалыптанған.

Сахна жаққа қарасаң, көңілге уют, көркем, өнерлі, үлгілі жай анғары танылады. Адамға барлық амандық, тыныш тоқтық, тату жарастық сезімдеріндей әр алуан нарядно-праздничный сыпайылық танытқандай. Келүші жастар көңілін тыныштандыра, жадырата түсетін сыпайы мекен сыпаты бар.

Көшелерде көзге ең алдымен түсетін ағаштар, үйлермен қатар, изгородь, загородка, палисадник, решетчатый забор, огражденилер мүлде тамаша. Бұлардың бәрі ең әуелі тек жерге шаншылған штакеталар емес. Аласа, тас фундаментке отырғызылған шарбактар. Және сол фундаментте әр алуан биіктігі, түрлі қыры бар тас бағаналар орнаған. Олар кейде биікше жұмырлау, көбі қырлы биікше бағана. Ал арапарындағы кебінше ағаштан жасалған бояулы штакета немесе темір таяқша шарбактар... Осының ағашы, темірі болсын бәрі де әрі бояулы және әрі үлгілі. Көбінше екі

бағана арасында ойыла төмендей барып шеттері биіктейтін бір үлгіден. Соган қарсы тағы бірінің орта тұсы дөңестене береді. Оның шеттері аласарып, бағаналарға сүйенеді. Ирек-ирек боп қатар түзеген шарбактар да бар...

Сондай әдемі қоршаулар қала паркінде, гүл бағында, тағы талай орын-жай кеңсе, мекеме, кітапхана, столоваяларда көрінеді. Әдемі, мол қалың бақ медицина жайларын қоршаған. Қалың көк арасында бозғыл жиде (жигда) бөлекше көзге түседі. Ол мамықтай, гүлдей бүрі әзір... Маңынан өте берсен, әдемі хош иісін аңқытады. Бұнда столовая да жақсы... Фонтан, фонтандар да көп.

Бассейн (жылы сулы – сұықта да түсіре берілетін мәдениетті бассейн) қаланың ортасында болмақ. Үйлер көп үлгілі...

Әсіреле тұрғын үйлер. Ленин көшесіндегі коттедждер өзгеше сүйкімді. Мұкарам пәтері соның бірі – екі-үш этажды мансардалы (қызыл черепицамен жапқан) особняк... қорасында жеміс (ұзім де бар), бөлмелері кішілеу, аласалау болса да уютный. Ал көп квартиrlі үлкен үйлер тек коробка емес, не бұрыштары, не шатырлары немесе подъезд фасадтары әр алуан өзгешеліктерді аңғартатын әртүрліліктер бар.

Жекешелердің үй салуына қала проект орны да көп бейіл береді... Типовой проекттер беріп, ақыл-мәслихат жасайды. Кеше сондай үйлердің үлгілерін көрдік. Қазақ, украин, орыс үйлері деп бөлерлік айырмыс жоқ. Бәрі де бақ ішінде, баққа көмілген кішілеу аласа особняктарда тұрып жатқан қазыналық үйлер тұрғындарымен қатар, жекешелер үйлері де ансамбльді бұза қоймайды. Олар да екі-үш түрлі типовой проект бойынша шатырын, верандасын, үй алдындағы бау шарбағын құрған.

Қала салдырған үлкен үйлердің бәрінің қорасында көк жеміс бақтары және әсіреле балалар үшін құм (коршаулы аласа есімдіктермен қоршаулы) площадкалар... онда ортада столик жағалай аласа беседкалар... Балалар әр қорада үлкендердің ықылас, камқорлығын көріп, пайдаларын сезерлік.

Жалпы сырттай, іштей тани келе бұл қала өлдебір мәдениетті, өнерлі, пұлды Европаның, немесе үлгілі Шығыстың, не қалса шетелдік көркем қаланы танытқандай. Сонымен қатар, өз Отанымызда Қырым, Кавказдағы курорт-санаторий қалаларын аңғартқандай болады.

Көп үйлердің қораларына тек подъездной путь есебінде асфальтті тар жолдар кіре оралады. Онысы қораларда машиналар тегі жұрмесін, жаяуга жағдай болсын, балалар машина жолынан аулақ, тыныш болсын деген заботаны аңғартады. Бұ да Европаның кейбір жаңа үлгілі қалаларын еске түсіреді. Мысалы, Индияда Пенджаб штатында салынған жаңа орталық қала Чандигар осындағы еді. Кей көшелерде машина-көлік атаулы мүлде жүрмейді – тар... Онда тек газондар, кустарниктер, аласа өсімдіктер ғана бар – онда аналар, балалар жүреді, алаңсыз жүреді, тыныс алады. Шан-шудан (машина шуынан) аулақ, әдейі уотты тұрғын үйлер көшелері құрылған.

Барлық жер-дүние тырысладап, сыйырлап, жарылып жатқандай, ол шегірткелердің, қара шегірткенің сыйырынан солай. Немесе бар әлем шытырлап шырылдан, тыным таппай безектей үн салып тұрған тәрізді... Қаңбақ секіре-секіре ұшады. Қайтып жарысып, бірін-бірі басып озып шапқылайды. Шақпалы тат желдің қаталдана қуалай үрген екпінінен кейде әлденеге жабыса... жөнеледі.

Сар жағал жас бөктергі, жас қарақұстың қысық тұмсығы қырындай қарайды.

29/V.

Рабочийлер үйін араладық.

1) Жарымбетов Аманжол елу бірде. Шахтада отыз жыл. Аңысай, Мырғалымсайда, Шаян, Созақ. Откатчик, забойщик, крепильщик, нач. смены, пом. нач. участка. Пенсияга алпысыншы жылда, үйі елу үшінші жылдан бастап, әлі салынып келеді. Төрт бала, үлкені жиырма екіде, трест “Жилстройда”, тоғыз бітірген. Ортанышы баласы запад шахтада істейді. Қырық алтыншы жылдан сердечник, гипертония, курорт Қырым, Кисловодск, кеуде бітіп қалады, жөтел аз. Шахта вертикальная.

Ликбезде оқыдым, ақша да танымаушы ем. Безменде де істедім. Тыловой фронтта болдым. Үй іші жасауы қазақша. Жұқаяқтар, сандықтар, көрпе-жастық мол.

Орысша оқимын. Қазақша кітапты оқымайым. Ленинизм, философия, марксизм партия, өкімет оқытты. Саяси кітапты көп оқимын. Бір балам, қыз, қүйеуге тиіп, қазір ажырасып шығып еді, қүйеуі сүйықтау болды, ішетін, өтірікші. Больница үйіміз болды ғой. Жүректен гипертониядан бұрын басқа

ұрып, тілге ұрып жатқызбайтын – шанишып салқыннататын. Әзір төуір. Банкалар, қан алу көп.

2) Нагория үйі.

Бейсенбаев Ергешбай – бурщик. Жас жігіт. Бейсенбаев Түймебай – төрт бөлме үйі бар Мырғалымсайда, екеуі де бурщик. Әйелдері бар, шешесі қухняда – бәрі бір жерде тұрады, қорада малдары бар. Өздері Ойықтың жігіті, малдары сонда.

3) Занин Александр – бригадир скоростн. проходческ. бригады. Был членом бригады коммунист. труда. А сейчас его выдвинули бригадиром. Двести пятьдесят метров в месяц проходки – будет соревноваться с ком. бригадой, служил в армии, механик авиацион.

4) Құлманов Абсан – начальник шестого восточн.уч. Миргалимсая, своя машина (“Москвич”). Во дворе садик, молодой, двухкварт. Өзі техник, үйі мәдениетті.

5) Қожамқұлов Айдарбек жиырма екінші жылы туған, бурщик. Өзі бригадир – он екі адам, Мырғалымсай, Шоқтас деген жерден, Жетімдер – Қонырат. Үй салып жатыр. Үш бала, шеше... Ен үлкен бала бесте. Газет, журнал қазақша, сиыр бар.

6) Килан Кошумов – рудком Мырғалымсая. Аңысайдан 54-жылы келген, бұрын да общ. жұмыста болған. Қазақ жұмысшысы қырық екі процент дейді.

Қыйын суреті: шаң бетті қаптай басқаны сондай, оған саусақпен жазу жазуға болар еді.

Жел-жел, шақпак желі. Ағаштарды жұлқи сіліккені жөнінен. Жаңғақтан, нәк, алшадан, алмадан, шапталыдан жас салған ұрықтарды жұлып-жұлып тастаған. Ағаштар асты айнадай ашық, жер бүршактай төгілген жас жемістерге толы.

29/V.

Екі оқиға: I – Жетісайда.

Жетісайда былтыр 1959 ж. болған, гидротехник жас жігіт (жетісайлық) сол Жетісайдың қызды өз ағайынының үйінде көреді. Қыз ауырып, докторға көрінгелі Жетісайға барып, көріне алмай, (нағашысының) үйіне қонған екен. Гидротехник сонда жақын адам есебінде келіп қалып, қызды көре сала қызығады, жабысады. Қыз ұнатпайды. Жігіт омырау, ожар. Қыз көнбейді. Тұн ортасында үй әйелінен өтінеді, осындағы бір жақын адам үйіне апарып сал дейді. Жолда жігіт андып, тағы жабысады. Қыз алысады.

Жігіт пышақ жұмсап, мойнын жаралайды. Қыз көнбейді – емденеді.

Арада уақыт өтеді. Гидротехник бір күн грузовикке шофер мен бір досын алғып, қыздың үйіне тұнде келеді. Тыста жатқан шеше, қыз, оның бауыры 16 жасар бала болады. Жігіт (гидротехник) қызды көтеріп ала жөнеледі. Қыз бұлқынады. Бауыры ұмтылып, машинаның руліне жабысады. Гидротехник пен жолдасы оны алғып соғып, тепкілеп жығып салады. Дөңгелек түбіне жығылған шағында кейін шегінген машина басып, езіп кете барады.

Өлімші бала больнициға түсіп (өзі 9-класта), милиция, прокурорды шақырганда жан бармайды. Бала өледі. Осы семьяның әкесі Отан соғысында қаза болған. Немере аға іске кіріседі. Арыз береді. Аудандық партия комитеті Тасанбаев аяқсыз қалдырады.

Арыз обкомға беріледі. Инструктор татар райкомға қайырады. Ол қағаз прокурордың үстінен берілген еді. Кейін шал аға өзі ізденіп обкомға келеді. Зейне общ. отдел Қайыргалиға, секретарьға жетектеп әкеледі. Қайыргали обл. судтан орынбасарын бастық етіп, үш кісілік комиссия сайлап жібереді.

Комиссия барып тексеріп, енді райкомға салады. Райком прокурорға, СМУ-га, милицияға выговор береді де қояды (СМУ-да гидротехниктің жақын ағасы... қасында партия мүшесі өз ағасы да болған, сол бар жерге жүріп, істі женілдетеді рой).

Комиссия істі Шымкентке әкеліп, обкомға табыс етеді (Макаров). Обком пленумның соңынан осы мәселеге бар көп, кең жүртшылықты қосып отырып тексереді. Қайыргали баяндама жасайды. Залда көп жүрт жылап отырады.

Біз бір социалистік семьяның сорға ұшырағанын көрдік дейді. Обком: прокурорды, СМУ-ды, милицияны, ағасын партиядан шығарады. Тасанбаев секретарьға строгий выговор береді. Жігіт гидротехник, шофер жолдасы абақтыда. Өлім жазасы гидротехникке бұйырылған еді, Одақ прокуроры осы өкімді бекітпей отыр.

Прокурор осы күнде обл. сотта істеп жүр. Жәй қызметкер.

II – Түркістан, Шәуілдірде.

Әкесі, шешесі жоқ жас жігіт жетімдер үйінде өскен. Аз оқыған, қойшы болған. Шәуілдірдің қызын алады. Он мың

бермек боп, бес мыңын береді де алады. Кейін 5 мыңды бере алмай жүреді. “Берменді” деген сөз бола жүреді, қойда жүргенде қыз бала туады. Кейін Түркістандағы педучилище директоры Алтынбаевтың әйелі мен өзі жастарға барып, оларды қалаға әкеледі. Үйлерінде тұрғызады. Алтынбаев қырық бесінші жылы партиядан шығарылады. Ол екінші хатшы (райком) дәрежесінде за нарушение устав с/з артели шығарылған. Әйелі де партия мүшесі, кезінде әйелдер бөлімінің завы болған. Қазір типография бастығы.

Осы екеуі қойшыны қайтарып жібереді. Әйелің “барады” дейді. Кейін әйел бармайды. Қойшы келсе, бермейді. Қойшы қызын, баласын алып кетеді. Жолда машина әуресі, қалып қояды. Өзі де, қыз да ауырады, қиналады. Бірақ әйел келмейді. Әйел енді бармайым дейді. Алтынбаев, әйелі барма дейді. Енді біразда әйел басқа біреуге, бұрын қатыны өлген кісіге тиіп кетеді. Одан да Алтынбаевтар ақша-пұл алышты деген айыптар бар.

Қойшы осыдан кейін райкомға, обкомға барады. Қазақстан Орталық партия Комитетіне жазады. Баласын қойнына салып жүріп аралайды. Қонаев Макаровқа лично тексеруге тапсырады. Обком райкомға тапсырган. Қазір райком (Әшірлер) Алтынбаев пен әйелін партиядан шығарып отыр.

Жастарды тексеруде. Қыз қойшыға бармайым, сүймейім дейді. Сүймегеннен өзім кеттім, ешкім азғырған жоқ, ол мені үрды, қинады дейді екен. Бұл істе екі жақты қыншылығы, көп түйіні бар оқиға. Үйткені Алтынбаев педучилищеде завуч. КазГУ-ды 1939 жылы бітірген. Оқымысты адам. Өзі биолог екен. Айыпсыздау деген дауыстар, сөздер қатар шығады. Бұл да Макаров алдында.

29/V.

Кентая.

Тұстен кейін қала сыртына шықтық. “Хантагыны” тағы көрдік. Парк нашар, ағашы болғанмен, жерінде топырағы шығып жатыр. Аллейлері тақыр, шаңдақ, шебі жоқ, өуелде мүлде бол көрмеген. Содан тау бектерлеп қаланың құншығыс жағына биікше қабақта шықтық. Жолда “Хантагинка” суының жағасында қаладан қашқан қазақ аулы – Сарбас созыла ілеседі. Үйлер сүр кірпіш, терезелер батысқа қарағандықтан, мына жол жақ, тау жақ сырттары аса сүркай. Үйлердің ішкі беттері көнілдірек болу керек. Оған ағаш бірен-саран, огород, өсіреле жонышқа көп

көрінеді. Қаланың оң жағында – “Хантағы”, ТЭЦ бөлімі... Одан бері жақында экскаватор заводының бір жағы қоңыр, бір жағы ақ, корпустары – тығыз, аласа, көктері бар. Одан әрі механизация базасы, содан ары қалаға қарай трубалы пивзавод, жоғарыда дөң басында хвостохранилище, содан ары төбешік басында Мырғалымсай руднигі.

Кеше көргеміз, “Хантағыдан” тауға кететін қызын көркем жолда Қарасу шахтасы бар-ды. Оның тау жолы аса шебер, жақсы салынған. Ол қаланың мақтаны... Қыр басынан қаланың Түркістан жағындағы (бұрын совхоз болған) “Бұйрым” населенный пункті көрінеді.

Қала желкесі биік тау емес екен. Қырқа-қырқа үлкен Қаратай алыста, желке төбе, қырқалар арасында тықырлау көп беттер, өзектер, ауыл қоныстары байқалады. Бірақ, тегі, Кентау айналасындағы тау, төбенің бәрі тасты, жалаңаш сүр тасты, жақпар, шоқпар шоқақ тасты таулар, төбелер көбірек көзге түседі. Осы пейзажға қарағанда қала питомнігі, қала паркі, гүл бағы – көшелер, үйлер көгі, бағы аспан сыйындаі. Бұл өлкеге ғасырлар жоқшылығы, тілегі мейірсіз аспанға айтқан шағымы бір жол, осы жол ғана акталып, жаңағыдай аспан сый түсе қалғандай.

30/V.

Совхоз овоцемолочный “Кентауский”, директор Вишневский. Создан 1.01.60 г. на базе “Ленин жол” (колхоза) и Аatabаевского плодоягодного с/за и сельхозкомбината Ачисайский продснаба.

Последнее становилось убыточным. Начали жить с конца февраля. Указа не было, тянулось. От района теперь оторвались. В Кентау нет с/х предприятия. Я слышу много речей о нехватке техники и т.д.

Город не кредитовал с/х предприятия, на новый совхоз навесили два с половиной миллиона просроченной ссуды, с/х комбинат покрывает в банке задолженность за наш счет. Затруднения с зарплатами для рабочих.

Ограничивает нас вода. Все малые источники считаются мест. хозяйством, поливают земли соседнего хоз-ва. К/з “Коммуна” для производства овощей нет воды – ограничивает. Более триста га овощей, картофеля свое количество... не смогли посеять. Если “Коммуна” присоединилась к нам, было бы лучше. Новую технику дали, мало пахотной. Дренажный – заложить двадцать тысяч тонн

силоса. Мало силосоуборочных комбайнов... Молока будет и много, и дешево... Раб. силы – достаточно, обеспечены специалистами – бригадиры, механики и т.д. Будем закладывать 5 домов из местного материала, из самана. Что изменилось в жизни народа?

Вера в то, что жизнь идет на лад быстрее. Техника колоннами приходит. Здесь в районе хлопок, теперь овощи, поливы – есть и богара... Водохранилище (план есть, проект в области) обеспечим.

Бақшасы бар. Қоралардың жайы. Бұрынғы табысымыз болатын. Омбы, Томскіге шейін самолетпен апаратын. Қазір бақшалары мол, шаруалары бар. Жеті жарым сотық норма болғанда болар, онықі мол, артық, қалай болады. Кейін шешіледі. Ас үтінде мұғалім (фотограф) наразы жайлар байқатты. Әлі келген жақсылық жоқ, машиналар келген жоқ па деген секретарға машина өкіметтікі, ол бар жерде барғой деді. Су... су... су мен жол екеуі ғана – атабаба ырысы жүреді. Қайтарда басқа, жаңа жолмен қайттық, бұл қысқарап, жайлырақ жол. Кейін асфальтті жол бөлеқ. Жолай ауыл үстімен өттік. Онда жақсы сүт фермасы, үлкен дүкен бол жайғасқан.

30/V.

Кешке директордың баяндамасы болды. Бірнеше күн күтіп, қасымда жүрген хатшы үлкен орашолақтық жасады. Алтыға он минут қалғанда залға кірсек, бес-алты ғана рядта жұрт отыр. Кісі келмеген. Құндіз РК-ның бес инструкторына ауызша тапсырган да жүре берген. Үйыстыра білмейтін олақтық, шикілік анқып түр. Мектептер естімеген. Кеңсе қызметкерлері тек 6-ға шығады, оларды елемеген. 7-8-ге белгілесе, ешкім кудаламас еді. Парткабинет бастығы Байтасов келіп, қатты өкінді. Жаңа телефон соқсам ешкім естімеген дейді. Орыс школы қазір барсақ қешікпейміз бе деп асығып, өкініп жатыр. Құндіз телефонограмма жіберуі жетер еді. Бір ғана экспедитор қызы райком атынан хабарлап үлгерер еді. Сенімдірек болар еді.

Біздің хатшы дос өзі шымылдықты ашқызып, ел жокта-ақ столға отырайық, сонда сахнада тосайық деп ұсыныс берді. Шымылдықты сасқан бойда ашқызып қойды. Біз амалсыз бүйірде отырып тостық. Өзі қайта-қайта залға барлап, бажырая қарап, дәрменсіздік анғартады. Жұрт қашан қалың топ болып келер екен деп менен де қысылады.

Залға үміт пен күдік аралас пұшаймандықпен қарайды. Сол бір 20 минут ішінде секретарь абырайдан, салмақтан айрылып та үлгерді.

23/IX.

Шәкір секретарь РК, әңгімесі – рынок, монша (повесткамен), электростанция, гостиница, стадион, летний кинода (8 жылдан финский үй жатыр екен) болдық, больница елу койка, рентген, зубной, хирургическ. бар. Аптека (моланың ішінде еді), райком зданиесі, зал заседаний.

Қойдан миллион қой ұстауга болады екен, үштен екісін ғана пайдаланады. Шуға екі көпір салдық. Бетпақты игеру. Төрт совхозымыз Бетпақты кесіп өтіп, Қарағандыға шейін барады. Құм ішінде бес құдық, он үш артезиан қаздық, бізге жұз отыз керек. Құмкентке плотина істедік. Совминге жібердік.

Қарабұлақта “Біресек” деген су бар, тастаққа құриды. Соған плотина құрып, ауданға әкелуге, үш-төрт мың га етуге болады. Бұрын “Құмкентте” “Мырзадала” (Мырзабай) түгел егін болған екен.

Алтыбай қазғанға он жеті источникті созып әкелуге болады екен (құнарлы азық үшін). Шұқырой сүйін қимай жүріп Аққалқаға құйғыздық (жасанды көл болады). Су үшан-теніз, тек су төменде, көтеру қажет – мечтамыз еді көп жылдан...

Мойынқұмға бата бара алмаймыз, артығы қалып қояды. Енді он сегіз артезиан құдығын қазып берсе. Бетпақта үш құдық қазылды: Шолак, Еспе, Итаяқ Еспеден қазылды. Біздің аудан жерінде, Бетпақта, Жуантөбе түсында тағы артезиан құдық қазылды. Дарбыз шығып жатыр.

Созақ ауданында жетіжүлдікта бір миллион өсіруге болады. Қазір үш жұз отыз үш мың, міндеттіміз – алты жұз елу бес мың, мүмкіндігіміз бір миллион, тек су берсе. Жер де, жайылым да жетеді. Тастьда екі құдық – самоизливающийся бол шықпайды. Өзендер: Талас, Асы, Бұркіт, т.б. Жетіқоңыр, Бетпақта бір жарым метрден су шығады. Жетіқоңыр біздің жайлайа. Бетпақты басып барамыз, Жетіқоңырын жайлаймыз (ол Қарағанды облысы). Жетіқоңырга неше облыс барады.

Шәкір: Шу кейде бедственны. Су алып кетті, керексіз су келген. Аудандар өзі буып алу керек. Шуда регулировка болса, бойынан облыс шөбін орып алуға болады. Бізге ол

тіпті ущерб жасайды, көп жайылып, жол бермей жатады, қамыс боп кетеді (күз кезде).

Екі жұз жыл бұрын құмда арықтар болған, елұалпыс километрге тартыпты. Әкеміз айтады: Шу қауыны самауырдан үлкен бопты, атқа өңгере алмайды екен.

Нет перспективы, көніл болса үлкен, қинаитыны – жол. Связь, әсіреле свяζь (қыс қатынасыз қаламыз). Малда породное районирование болмаған. Қаракөл реттеліп қалды, қара малды ондай алмадық...

Американ. сантагертруда – бұқа фермасын ала алмадық. Салмағы бір жарым тонна, ала алмадық. Казахский белоголовыйдан қысқасынан басқа түгі қалмаған (ирония судьбы).

Сексен екі мың қой бердік, саттық басқа облыстарға, соған орай қырық екі мың қаракөл сатып алдық. Серый қаракөлдің бағы ашылды, экспорт ала бастады.

23 күні біз Құмкенттен шығып, қырық бес шақырым жүріп, Мырзабай даласын басып, Қызылкөлді жағалап отырып, атақты Бабатаға келдік. Онда раскопкалар, мешіт, мазарлар. Жері жақсы, өзен, жартастар. Қызылтас, үйтас – Бабата жоны...

Осында 21-жылы болған үлкен трагедия – Үміттің өлімі. Болыс Әбдіраман, байы Құрманбек, сүйген жігіті Боранбай. Үміт Сарыарқадан әкелінген сұлу, жетім қызы болған. Баласы 8 жаста екен. Кейін туберкулезден өлген.

24/IX.

Таңертең Шолаққорғанды араладық. Больница, главврач Жақай Құсанбаев. 9 врач бар, екі терапевт, бір хирург, стационар 50. В родильных 10 коек. Хирург сейчас с женой уехал; приезжают – год-два и уезжают, приобретают навык и уезжают. Медикаменты, препараты – тыс қаламыз, стрептомицин, пенициллин өте зор қындықпен аламыз. Өзімізге келмесе, алар жер жок. Қыста жол қар жауып, жабылып қалады. Рентген-кабинеті бар, бірақ хирург кетті, совмещать етуші еді. Жуантөбеде екі совхозға дәрігер Төреканов замглавврач. Осы жердікі. Құмкентте де врачи керек. Оқып жатқан хирургтерді санап отыр.

Созакта екі врач бар. Айгенеде инфекционный корпус бар, амбулатория, жарым персонал врачтар қазақ. Больница жақсы, елу койка стационар.

Мектеп сегіз жұз елу бала, биыл тоқсан сегіз бала бітірген. Вузға жиырма, аудан бойынша қырық бес бала кеткен. Жатақхана жаңа, тәуір (әйел балалар). Ауданда парк, футбол, танцплощадка. Пекарня, столовая – бәрі жаңа (больницаға Ондасынов жәрдем еткен).

Райком үйі тіпті жақсы. Райкомсом. ол да солай. Парктабинетте 500 кітап, көркем әдебиет. Кеңсе үйлер көп. Көшеде электр. Столовая жақсы болмақ. Шолаққорғанда төрт мыңдай адам. Ауданда жиырма мың үш жұз, Өзбекстаннан келіп жатқан қазақ көп (үш мың үш жұз содан).

Аудандық библиотека жақсы. Он бір, он екі мың. Мектепте де төрт-бес мың кітап бар.

24/IX.

“Созақ” совхозы.

Қала ойран болған, көшелер оңбаған, бес рет қиналып зорға өттік. Бес бөлім ферма елу төрт мың екі жұз қой. “Энгельске” қырық төрт мың бердік. Қара мал екі мың жеті жұз жетпіс бес, жылқы бір мың бес жұз жетпіс сегіз, түйе алты жұз отыз бес. Зерновой екі мың төрт жұз, 5 $\frac{1}{2}$ центнерден алды, жүгері төрт жұз жақсы... Бір мың екі жұз жұмысшы. Шабанның әйелі қырық бес процент алады (мың сегіз жұз отар акысы).

Больница отыз бес койка, екі врач қазақ, местный кадр, тортеу болу керек – жоқ.

Мектеп онжылдық – біреу, жетіжылдық – екеу, Созақта – бес жарым мың халық – қазақ 85 процент, клуб, мешіт, үш ферма ортасында (әрбірінде) клуб бар. Қазір қалыпқа келтірдік. Ақша бөліп қүштейтіп жатырмыз. Совхоз үш жыл бойы табыс беріп келеді. 1958 ж. екі мың бір жұз, он мың елу жеті, бір миллион сексен мың берді, биыл да жақсы береді.

Строительства жұз қырық мың сом саудаға береміз. Материал жоқ: стандарт, монща түр, пекарня түр, екі шабан үйі түр. МТМ түр... Алты жыл болды тәбе жоқ.

Орта мектеп жақсы. 10 жылдық жақсы, мастерская жоқ, стена салынған, машина бар, тәбе жоқ...

Хатшы: Шәкір, Сәмен агроном, Балтабай арасындағы репликалар:

- Жүгеріні жөнелт.
- Машина жетпейді.
- Керенау кердеңді қой.

- Қайт дейсіз?
- 20 машина жүргіз.
- Бар машина 12.
- Ендеңе, жарты алтауын үш рейістен.
- Болмайды ғой ондай.
- Ендеңе, бюрода сөйлесейік.
- Бюросыз да ұғынайық та.
- Өзің оқыған баласың, оқымаған балаша сөйлейсің.

Бізде қандай қындық боп отырғанын білмейсің.

Балтабай үйінде қонақтамыз, алпыс кісі сыярлық өзбекше үй. Қабырғада сандық, көрпе, жастық, чемодандар, бер жағы қызыл шымылдықтар.

Балтабай:

- Жиырма машина беріңіз.
- Қайдан?
- Біздің машинаның біреуін шығаруға болмайды.
- Оған мен жауап беремін! Сенің жүгерің мақтадан қымбат емес. Біз сұрамақпаз машинаны, бірақ беріп қою – ала қою деген емес, партия хатшысы, өзім директор, агроном бәріңе бірдей айттыған сөздерді төрт көзің түгел отырсың, бүрода барғанда айттар сөз осы.

— Кеппесе алмайды, шіріп кетті, ол мемлекет тіршілігі (хатшы), кептір, сендерше екі-үш күнде жауын жауғалы түр, жүқалап жайындар жүгеріні... гарантыйный расписке беріңдер, основной переговор өздерінде болсын. Мен де бір жағынан араласайын.

— Үш сағат бұрын қайтып келмейді деген не сүмдыш, вот сендерге обком рақмет айтсын, сіздерге айтсын, бізге де айтсын. Бұндайда рақметтен құр қалуга болмайды, ескеріңдер (сен слушай!).

- Осы-ма, Жәке-ай!
- Бірге.

Жол бойындағы жерлер: Абай, Жыныс, Шұқырой, Сызған, көл Аққалқа, Қозымолдақ, Балтабай білген жол бойғы жер аттары: Қөктөбе, Ақтөбе, Ақназар, Сыпаның сазы, Қызтөккен (қыз анызы, қашқан жігіт екеуді өлтірілген), Балықшы өулие, Бекембай өулие, Құлметай өулие, Бәжінің белі, Жамантас, Мұзбел, Қоғашықтың өзені, Исаңың өзені, Қексарай (қойтас), сонан ары Түркістан.

Күйші балалар: мандол – Байғазиев Қорғанбек, рубаб – Айтмет Рысметов, домбыра – Сауырбек, Карбоз (жұмысшылар, трактористер).

Шәріптің соңғы сөзі. Ауданда соңғы үш жылда бір миллион жеті жұз мың еді, қазір үш жұз отыз үш мың, алпыс мынды етке өткіздік. Басқа облысқа сексен екі мың бердік, саттық. Қырық екі мың қаракөл, бес мың сиыр саттық, төүір сиыр алдық. Қаракөл сапасы артты. Сексен тоғыз процент қаракөл, бірінші сорт қаракөл, акшасы өте қымбат.

Кетер жерде үш күйші балалар Абайдың “Өзгеге, көнілім...” олеңін, әнін айтты. Тек “Өлеңді қайтіп қоярсың” деді. Екіншісі (マンдол) “Алыстан серменті” айтты. Өзгелері инструменттерімен қосылды – екеуі де ырғактарын, настроен., сонша түсініп – поэтично жырлайды, дауыстары күшті емес, бірақ сезінулері күшті.

25/IX.

Кентау.

1949 ж. тарихы басталады.

Қырық сегіз мың, отыз тоғыз мың Кентауда, тоғыз мың Ашысада, Кентау Созақтан келгенде қиял қаласы. Көшениң бәрі асфальт, газонно, көк жасыл жас бақша. Жас балғын ағаштар қалың жапырақ сыйбыры көрікті көктем өмір лебін, тыныс сыйбырын сездіреді. Көшелер кең емес, движение бір жақты. Европа жаңа қалаларында кей көшелер – көп көшелер (таза көк жасыл, таза сұлу үйлер көшелері) машина жүргізбейді. Қалада парк, лекторий, пионер двореці, үлкен кино (паркте бассейн, фонтан), қала жақында көл жасап алады. Көп көшелерде үйлер алды оюлы шарбақ – әсем шарбақ. Көп үйлер, жекелер үйлері де терезе алдына бақ тіккен. Бұнда школа-интернат, онда екі жұз жетпіс қызы, екі жұз қырық орыс баласы. Воспитательницалар әр класқа екіден, қазақ жас әйелдері, аттары – Ырзаева, Беккожаева.

Оте тамаша жаңа мектеп онжылдық, Кеш бата қаланы көп кезіп араладық, көз тоймастай, тап-түйнақтай, анық іргелі, мықты мәдениет ортасы. Шеттерінде қазақ үйлері – әдемі, өз үлгілері, өнері бар...

Кешке Төлеген (гороно) үйінде қонақта болдық. Бұнда әсем, үлкен гостиница болмақ. Әзірше оны интернатқа берген, онда қазақ балалары тұрып келген. Қазір ол интернат үйі салынғанша болған. Жаңа мектеп қазақ балалары үшін былтыр

салынған, ол Алтынсарин школы – бүтін көреміз. Жалпы осы екі школа бүкіл Қазақстанда жоқ. Айналасы асфальт, дуал железобетон, оюолы газондар, кірер есіктен сырт.

Екінші хатшы Тілеубердиев Үйдырыс бірінші келді. Зенков Александр Ильич – инженер, әуелде техник, кейін оқу бітірген, екі арасы – Үйдырыс жалтаң көз...

Зенковпен қаланы араладық: 1) обогатит. фабрика... 2) компрессорная; 3) экскаватор заводын көрдік; 4) Баядыраға бардық, онда мың кісі; 5) Хантағы бес мың адам – көпшілігі қазақ, шешен, әзіrbайжан, түрік, татар – жиыны Кентауда жиырма жеті ұлт бар. Хантағыда ТЭЦ, швейная фабрика, Дом культуры, онда қазақтың Пушкин мектебі, жолда орыстың Абай мектебі (онжылдық).

Паркі араладық, “Дружба” киносында болдық, лектории. Мырғалымсайда болдық. Қала жотадан жақсы көрінеді – көл болмак. Ақыры өте жақсы Алтынсарин атындағы мектепті көрдік. Мастерскойлары (механич.) ручной труд, инструментальная, пионерская комната, биология кабинеті, физический, химический каб., гулдер... столовая – горячие закуски, мастерск., столдар (курек, ернеулі). Спортзал аспаптары тамаша. Әр класта кітап қоятын шкафтар, умывальная. 5-ші кластан бастап класти балалар өзі жуады.

Биыл үш жарым мыңға кітап алған, кітапхана жақсы. Заврайоно Төлеген Әкімқұлов, Алтынсарин мектебі, Бахтияров Аппақша. Сонда Құләш Кішібаева, Вера Николаевна Линовая.

27/IX.

Түркістан.

“Победа” колхозы. Мектеп екі жуз отыз екі бала, биыл он тоғыз бала бітірген. Төртеуі вузға түскен. Мастерская: плотнич., механич. станок, кузнецкий, опытный, биолог. участки. Кітапхана жақсы, қазақшадан аударғандар бар. Худож. самод. оркестр.

Колхоз “Коммунизм” үш жұз үй. Полевой стан, “дала косы”, шайхана. Бұнда “шөл мақта” богатый оседі. Сырты обыкновенный. Жұз сегіз ферганский суарылмайды, бірақ жыртылады, ленточный опытный. Жиырма га, тек бұл мақта салмақпыз.

Стан жақсы, балалар жақсы, жайлы. Столовая, кухня, груднич дет. ясли, демалыс залы – личная беседа, читка,

кино. Күнделік еңбек показателдері, Доска почета, доска показателей, Құрмет тақтасы, көрсеткіш тақта...

“Коммунизм” өзір үшінші орында, бір ғана процент қалды. Бүгін, ертең “Победаға” жетеміз деп отырмыз. Әбдірахманов Әбдіразақ к-з бастығы; бүгін алты жарым процент аламыз деп отырмыз. Қырық екі тонна, елу бір тонна (20 сентябрьде) өткізген күн де болады.

Гектарынан жиырма бір центнер, биыл жиырма төрт болмақшы. Исменова Зулпия (Зульфия) кеше бес жұз он бір (норма сексен), алты норма берді. Бір күнде, сезонда жиырма бес тонна беру, міндет алу, норма үш жарым тонна.

Ақы прогрессивка, мысалы, Зульфия бес жұз он бір кг бергенде, бір күнге екі жұз қырық жеті сом алады.

28/IX.

Шәуілдір (20 мың халық).

Бойтанов Төлеген – қойшы дауы, жұз бір қоймен кеткен. Жұз жетпіс бес, екі жұз километрге кеткен. Өлді деген хабар болған. Артынан түйемен іздейді, ат жүре алмайды. Қырық, жетпіс километрден ары бара алмайды. Түие шөлге мықты. Бойтанов – Герой Соц. Труда, 47-жылы герой болған. Бұрын “Овцевод” колхозында малшы болған. 18 күн адасқан, содан кейін тапқан.

Кей қойды жеген өлмес үшін. Жаяу, қазақы қой жүргүре шабан, қаракөл қой – жүрдек, жосып кетеді. Төрт күн ыққан қой, бір қора қой. Қойшы үш күнге нәр татпаған. Гурьевте әйел 6 күн, 6 түн, әйел өзі екіқабат екен...

Биылғы Арыс тақыры – халық ортада қалып қойған. Вертолетпен тамақ апардық. Халықты вертолетпен барып, морально успокоит еттік. Вертолет Совминдікі. Халық қамқорлығы деген ой бәрінен басым. Малды да малшылар кетпеген тастан.

Биыл жиырма алты мың қаракөл (көктемде жаңа сойылған қозылар), мотормен кісі жібердік, зорға күтқардық. Моторист Қасиев Қалиды учитель грузин, физкультурник – адасқан, кейін зорға тапқан. Моторный қайықты плотина ар жағына көтеріп апарып салдық. Плотина салынғанда жергілікті жағдай ойланылмаған. Тұзды шығарып жіберетін...

Сарықұлов – шәуілдірлік. Зам. министра водного хозяйства.

Арыстанбаб, Отырар бардық. Жолда мектеп екі этаж.

Бес жұз бала оқиды. Елу жатақ орны. Темірде және де қазақ онжылдығы. Больница да бес врач бар, жақсы екеуі. Әзіrbайжандар жақында кетеді. Партияға кірген (осында), жақсы жастар екен.

Жел-жел, жел жазда да, қыста да сол жел. Бұндағы күш жүгері, мақтаны биылдан бастап ауданнан алған... жүгері, мал (қой), түйе... екі жарым мың (аудан балалары).

Аудан басшысы Әшір Момыновтың Юсуповпен сөйлескені: телефонмен мені пәленге қос, осы тұрған жерімнен дейді. Амандасу, қажетті айту. “Өте жақсы демалдым, рақмет... Мақта проценттін естіп қуанып жатырымыз. Отзына жіберсін деген екен, соган даярланып тұрмыз”.

28/IX.

Ерманов Шерім. “Темір” қаракөл қой совхозы. Шеке. 1954 жылдан, одан бүрын түйе заводы болған. 1957 жылдан колхоздарға береді. Бес колхоз, жобасы үш жұз үй келді. Былтырдан Тәжікстаннан, Қыргызстаннан, Өзбекстаннан – барлығы алпыс үй келді. Тағы да келмек... сөлем кеп жатыр. Шалдар келгісі келеді, жастар жағы сөйлесуді керек етеді.

Алғашында, елу төртінші жылы он алты еді, қазір жұз үш мың қой, бұдан тышкары он мың етке отыз екі соиып бердік. Биыл қаракөл, соның сексен жеті проценті бірінші еді, жиырма проценті көк, түпкілікті бәрін көкке “сүр”, “қамбар” (сүрдың қоңырлауы) етіп алмақпаз.

Түйе мың алты жұз. 1) Турменский нар – қияқ сүтті болады. Оннан жиырма бес литрге дейін береді. 2) Астраханский (айыр) айыры кен, өзі ірі келеді – қазақтан ірі, монғолдан келген. 3) Монгольский – о да айыр, онша жазық, кен емес, бірақ өте жұнді болады. Жеті-сегіз кило, буласы он сегіз килога дейін береді. Нар мен айырдан қоспақ туады – бибатша, байбатша дейді. Салмагы бір тоннага шейін. Біртума (байбатшалар осы), өркеш біреу. Атасы айыр болса, анасы тағы аруана болса, баласы біртума, бір өркеш. Айырға ерекк шөксе, одан қоспақ туады, екі өркеш қосыла біtedі. Қоспақ мықты болады, “Мырза қоспақ” дейді, бақырмайды.

Мая – нардың үргашысы. Бір өркештің табаны кіші, бұлшық еті қалың, табаны ойылмайды. Бұларда первоклассный жырлар бар. Оны аруана дейді – атасы аса таза үлек, айырдан ештене қосылмаган. Бұхара, Қашқария, Хорезм – алыс жолға сондай үлекті үстайды. Индия, Туркмения.

Совхозда бес мың жан. Больница — он койкалы екі больница, үш медпункт, доктор жоқ. Әйелдер больницада босанады, родильная бөлек...

Мектеп үшеу, жетіжылдық, үш бастауыш, бірі орталықта, екеуі бөлімшеде (отделение), детсад жиырма бес балаға, дәтисли жиырма балаға.

Клуб бар, кинопередвижкамыз бар. Бұрын отделениелерде кеңсе болмаған, қазір бәрінде клуб бар, оку үйі бар. Бар совхозда бес отделение.

Перевоспитание жастарға. Арақ ішу мүлде жоқ, демалыста ішу, сенделу, қисалақтау. Кружоктар, әнші музыканнтар, пъесалар. Кей әншілерді Алматыда пластинкаға жазды.

Әшір Момынов өмірбаяны. Рысалды (7 баласы), Бердалиев Сабыр бұрынғы қойшы 1928 ж. туған. Оқыды, зоотехник болды. Қазір отделение бастығы. “Арыс” бөлімшесінің партия мүшесі. Он бес мың саулықтан жүз отыз алтыдан алды. Соц. жарыс отличнигі деген.

Қойда да бригада ком. труда. Әлімбеков Шерхан — шабан, 1936 ж. туған, орта мектеп бітірген. Зооветтің 4-курсында сырттан оқиды. Әкесі қарт коммунист, екі інісі 7-8-класты бітірген, бәрі бір семья. Бір отарда сегіз жұз мал бар, қора жақсы. Жұз саулықтан сексен алты орнына первоокатка тұсақтан жұз бестен алды.

Шайхысламов Мұхтар — бюро мүшесі, коммунист. бригада. Сексен саулықтан жұз қырық бестен алды. Үндеу көтерді. Әрі өз күшімен отар басында үй салып, шөп дайындал алуға.

Оздерінің кітапханасы бар, приемниктері бар. Партия үйімі шопан мәдениеті деп байлау жасаған. Кітапты жұз, жұз елу сомға буып апарған, түие үстінде жүріп кітап оқиды. “Соц. Қаз.”, “Қазақ әдебиеті”; он екі түрлі газет, сегіз-тоғыз түрлі журнал. Әр семья екі-үш журнал, төрт-бес газет алады.

“Жақана” — тұнгі етті таңтертең турал бергенді айтады. “Жорға дуалақ”, “Жиек-жиек” (қаймақ, қыймақ). Мусаев Амантур — парторг жігіт. Ерімбетов Дүйсен — завпартархивом обкома. Осы жердікі, ветеран войны.

— Эй, Әуезов, көрші осы облысты деушем. Екі соғыстың солдатымын. Тілегіме, ойыма бұ кісі ғана лайық деушем. Шолоховты ерткенде, әттең, ертең Мұхтарды неге қоса ертпеді екен деп едім. Жер жүзі біліп отыр, арманым —

арыстың арманы орындаладай... Шәуілдір районы оңалады. Оңтүстік қарт коммунистері атымен тілек тілеймін. Кеүілдері қуаныш кетсін. Жолдас Мұхтар, денің сау болсын, ісің оңсын! Бұткіл дүние сол еңбегінді білсін.

Ерманова Сәлима: Рақмет айтуға рұқсат етіңіздер, әйелдер...

19/V.

Обком пленумы. Береза баяндамасы. Совнархоз істері, жоспары, табыстары сыналып келеді. Қызыл барқыт – Ленин статуясы, қызыл, арзан ағаш трибуна... Бастық алдында микрофон, зал радиоланған, жоғарыда. “Біздің партиямыздың жеңімпаз туы – Ленинизм жасасын!”

Президиумда бюро және көрші облыс екінші хатшысы, ЦК КП-ның бөлім бастығы, орынбасары, қала хатшысы. Жұрт жақсы киінген. Тұстар салмақты, салқын, ойлы. Бастық кердеңсіз, жасанды мінез, көрнексіз, жұрттан, қатардан шыққан адам екені көрінеді.

Береза: Консерватизм көп жерде жойылған. Кемшіліктер бар. Совнархоз нашар алысады олармен. Совнархоз кадрының составы аталғанда, бір тұста жұрт қобалжып, күлісіп қалды – саны молырақ аталған болу керек. Көтерілген адамдар жайы, аттарын санайды – бұл жаңа адамдар болса да жақсы басқарады.

Жаңа заводтар – цементный, Кентауда экскаваторный цех.

Захан – салмақты, орнықты. Бастық та жадыраған қабағы.

Береза: недостатки, упущения бар, соны түзеу керек. Школьное строительство, экскават. з-д успешно выполнил годовой план.

Масложиркомбинат – тоже новое в механизации. Новое автоматич. оборудование на швейно-пошивочн. Химфармзавод – коренная реконструкция. Изменение профиля гидролизного завода. Пресс-автоматы – должны производить новое по нашему заданию. В промыш. строит. мат-лов – крупные панели (в жилстроительстве). Поточное произ-во жилых, обществ., специализированных общежитий. Технич. прогресс слабый у нас. Задача: освоение новой техники, механизация, автоматизация, дальнейшее технич. совершенство...

Большой электровоз в Кентау нужно везти. Для руч-

ного труда до сорока процентов на некоторых заводах (Чимкентский технич. завод).

Режим вращающийся в области проблема.

Засоренный хлопок – вред большой.

Недопустимо медленно строится гостиница.

Культура произ-ва, охрана труда, техника безопасности производства.

36% работает на сокращаемость (раб. труда).

Правило: не говорить бы, а что сколько стоит и ... индивидуальная ответственность.

Стаж работы – деловые взгляды.

Новые варианты.

Урожайность до...

Больницы, ясли, детсады.

Обкому благодарность.

Прения. Осадчий (горком, Чимкент): Крупные недостатки, стиль работы, недостатки руководства.

В стиле – очень, очень много отсталых методов бумажного руководства. Отсутствие увязки между функциональными связями.

Отдельные управления Совнархоза – производят труда, себестоимость – неясны. Многие работы не заканчиваются, затягивают. Горком просил наслаживания произ-ва молочного комбината. Продукция не качественная, возить мороженое из Ташкента для Чимкента.

Джумалиев, зам. Березы, ведает этим, с него не требуют.

Осадчий: Почему наш кирпич расползается после первого дождя? Кирпичный завод.

Реплика Макарова: Это за мой счет? – дейді – құлқі. Улучшением быта рабочих, заботе о них мало занимают совнархоз.

Культуры мало. Театр пример. Прошлое цепляется за ноги... Маркс: традиции прошлых поколений тяготеют над умами поколений. Дикое, феодально-байское в отношении к женщине, к соц. собственности. Идет и поросль...

Быт.

И украшать город, и облагораживать быт. Яслей, детсадов мало. Ун-т культуры, ун-т здоровья, народный театр.

Парки, сады делаем, возводим озера – два, шестьдесят га. площади со стадионом. Зеленое кольцо вокруг города. Пять тыс. га лесов и садов создадим. Три тыс. га на этот и будущий год. Полное пылеулавливание будет обеспечено. Труба на 120 м завода фосфорных солей. Четыре трубы по сто пятьдесят метров. Производство нитрата, улавливая свинц. пыль. Помимо цементного надо собирать, но культурно. Двести тонн пыли каждый день сейчас... Надо наладить электрофильтры. Виноваты инженеры. По Союзу $2\frac{1}{2}$ метра зелени, у нас уже 60 метров. Сегодня к концу семилетки – до 80 метров думаем озеленить. Каждое министерство из семи, строит по-своему. Зеленые насаждения: тополь был, теперь будут каштаны, орехи, ясень, дуб, клен – 550 км. Заасфальтировано 70 км-в.

Одноэтажные дома запретили – 3-этажные. Макрорайонный грунт проекта переделывается. Школа-интернат для начальных кл. – 960 детей, на 61 г.

По профессионально-техническому образованию мало идет молодежи. Есть молодежное общежитие для рабочей молодежи. 60% казашек было, но ушли (замуж и всякое). $3\frac{1}{2}$ тыс. на текстильной фабрике. В Ташкенте 40% – узбеки.

На свинцовом:

- 1) Совет молодых специалистов.
- 2) Совет пенсионеров.
- 3) Женс. совет.
- 4) Университет технич. знаний.
- 5) Общегородское собрание техничес. интеллигенции.

24/X.

Макаров В.И., насчет поголовья. Старое, рухлядь – сдать. Не выйдем по поголовью. Политически выгодно, чтобы область выполнила план. Шестьдесят-семьдесят тыс. потеряли и так. Каждый должен быть маленьким Рокфеллером. С Заханом одного мнения. Не только старые – 340 блоков питания с песком – пять-шесть лет уже старые.

Расчеты чабана иногда ошибочны – сохранения поголовья. У овцы нет в жаркое лето укрытия над головой – вероятно, теряем много (легкие от пыли). Чисто локальное Южно-Казахстанское (жыбырлак). Дайте вакцину! Летняя гибель овцы тяжело и это.

Клещ в пойме Сырдарьи вносит заболевание крови. Круглый год стада паслись бы там. И кило мяса стоило бы 2 руб. 30 коп. Разве не стоило бороться за одно это, против клещей? Местный скот вырабатывает иммунитет.

В первую очередь для детей туберкулезных. Девять чабанских центров поставить. Центры – извечно сложились. Домики есть в Кировчане, Сузаке. Необходимы почта, больница, школа, магазин, жилье. Человек, на котором зиждется все. Прежде всего люди. Половина миллиона денег не дали. В некоторых хозяйствах домики поставлены. Домики и базы... Сено, корм – досрочно. Завоз муки, керосина, спичек, сахара. В районе должно быть до десяти баз, а так тысячи отар разбросаны. Здесь можно бы собрать базы, радиофицировать, телефонизировать. Труднее всего самому чабану. Поднять его самочувствие, сознание. Один Маманов дал полмиллиона дохода. Первая очередь – базы в Киргизии “Кара Кожур” – примерно там все, нужно еще лучше (родильный дом, станцию электрич.).

ЖС–17, ЖС–30. Что мы не можем поставить тыс. ... Семнадцать–двадцать стоят они ...

Второе: школа – революция. По отношению к чабану колодцев побольше. Половина миллиона денег, чтобы строить здания для скота. Потеряли (сто пятьдесят тысяч), денег не было, вырвали. Мы могли бы потерять второй Аманг. р-н, но по смушке (Каракумы). Взять один Сузакский с проектом на шестьдесят второй год. Если десять–пятнадцать миллионов, создать новые совхозы, довести до миллиона на конец семилетки. Каракульская овца не мыслима без табунного поголовья. Это единство. р-н с табунным поголовьем. Мясо, прежде всего казы, освоить на мясокомбинате.

Узел Кентау – спец. питание там нужно. В Сузаке еще рогатый скот – кумыс, на мясо, при каракуле нет мяса. Сузак – кукуруза и фуражные культуры. Досрочный завоз в сентябре.

Приезд.

Отметил подъем и выросли кадры. Уезжали два казах. инженера – один вернулся казах, металлург, горняк.

Свинцовый – провести реконструкцию. Там ун-т техники, вопросы перспективы ставят там – каждый хочет вложить свое. Надо проводить Бухарский газ, не будет теплоцентрали. Надо было, чтобы свинцовый перешел на

газ (нет грязи, высокий уровень культуры). Необходимы технич. конференции. Глав. металлург Кобдабергенов техникум горно-металлургический окончил, отец работал. По промышленности в целом интел. техническая оторвана от рабоч. коллектива и давно нуждается рабочий в ней. Провели с технической интеллэгенцией совещание по Июльскому пленуму и сколько не рули, инженер не только старший по производству, но и старший политический организатор.

Дом техники нужен нам... Инженер будет заниматься над проблемами не только города, но и села, жив-ва, хлопководства и т.д. Чтобы использовать технич. силы такой дом будет... руководящим центром, заставит думать. Есть серьезное, но... В Каз-не нет инженеров-механиков. Паршколу – передать технолог. ин-ту и организовать кафедру механики машиностроения. Откуда взять инженеров в машиностроение? Кафедра машиностроения. У нас базовые: завод экскаватор., трансформат., в Кентау четыре з-да. Практику студентов на инженеров-механиков машиностроения. Кафедра на четыреста-пятьсот.

Нет пищевиков, текстильщиков. Разговоры – откровенные, в открытую. Важно не как сказал человек, а что сказал. Получил только один голос против, а меня пугали.

Декабрь в Ильичевск. р-не встретил зам-ом. Тянулось полтора года. Казашка молодая. Сарсембаев – СМУ, старый работник. Он уговаривал при первом скандале. На конференции я выступил, прокурор. Я против. Приехал сюда Байгалиев. Тасанбаев просил самому разобраться, передали – жду...

Размножили... передали на рассмотрение первич. партийн. организации. Расширенное бюро в январе. Шесть часов сидели, я выступил. Спросил секретарей РК: правильно ли ведет себя ваш товарищ Тасанбаев? Прокурор, СМУ (зам. – его исключили; Тасанбаеву выговор с занесением в личную карточку. Члены обкома требовали исключить Тасанбаева, а до этого говорили: пронесет, пошумит и пронесет).

У меня спазмы, даже брезгливость у меня была...

Второе зло – о женщинах.

Ахунова Турсунай готовит девочек, в группе тридцать девочек. В Ильичевск. районе на хлопкоуборке тридцать

человек... Теперь в колхозах Кировского и Пахтааральского снимем. Сделаем всех студентами-заочниками, девочки пошли на машины... Попробуйте теперь ее продать за кальм. Труд сотен людей заменяет она (машина). Кенжекуль – 75 т собрала. Райхан, с/з “Абай” в Келесе – хочется тепло поцеловать. Будем иметь в 61 г. сто-сто пятьдесят девочек. Но как встретили товарищи – нашим не доверяют, дали только тридцать машин. Не так просто.

Каратаяуск. р-н – ни одной девочки механизатора. В Сарыагачск. – только одна девочка. Пахтааральском, Келесском, Алексеевском совхозах – одна только. Мало женщин-бригадиров – Ханифа, Фатима агрономы, выращивают хороший хлопок. Они, женщины, работают до росы, больше мужчин, выгонять с поля приходится.

Еще о женщинах.

Очень тяжело в быту. В мае пятьсот человек. Как быть с докладом, көк көзбін фой. Не подумают ли, что не лучше ли тебе Садвакасову. Я говорил в прениях. Женщины о базе строит.

Женщины промышленности пригласили женщин села, подарки давали, показывали квартиры, быт на производстве – воспринимали женщины хорошо.

Не только разговоры, обком занимается, чтобы контроль за детсадами, детялями передать пред. колхозов, директорам совхозов и давать материал о них в газетах. Около 20 зданий передано детсадам. Предколхоза обижен на колхоз “Коммунизм” в Сарыагаче. Варвара Васильевна из Сайрама – приезжали к ним девочки из колхозов. Койки, ящики... гуси, овечки, курицы и т.д. Еще возьмем, нужна и детская больница. Детей из детсада дома обрабатывают родители. А где брать койки? Будем менять кроватную фабрику нашу. Штук 40 бань построим. Мы инициаторы по школьному стр-ву. Теперь хватит – будем брать обязательства по культурному стр-ву, культурно-бытовому стр-ву. Баня, больница, роддом, детсады. Форточек нет. Селение беленькое, как гусь. Без решения культурных условий быта женщин – нельзя. Женщин отправить по области смотреть детсады, больницы – в пять районов поехали, взяли медиков – в пяти районах привели в порядок. “Макаровский детсад” – Токсанбаев в “Абае”. Как быть с детьми? Правление – здание хорошее, я уговаривал, правление отдает дом для детсада и роддома. Трудовые

резервы берут, не обеспечивая квартирами. О пьянке — наказать не отдельных, прекратить продавать водку... Чистота во взаимоотношениях — моральный облик нашего человека.

Директор совхоза, пред. колхоза, нач. обл. отделов из-за пьянки.

Не объявлять взыскания, чтобы делали без этого, чтобы сознавали, жили собств. сознанием. На этот разговор я не иду — выручал одного. Не с меня история области начинается. Не капать друг на друга. Собрали всех областных руков, для откровенного разговора — чудесное было совещание. О личных недостатках — не здоровается, сняв трубку. — Маматкарим Утегенов, почему молчите? — Вы говорили о зав. отделах обкома. Непосредственно человеку говорите.

1961 ж., апрель.

Шаян.

Мұхлиса әңгімесі. Былтырғы шопандар тойы... 1) Комиссия — Манасов, Шакиров; 2) план: орын, грейдировка екі километр 3) программынан кім алады, премия (үш бөлік); 4) төрт жұз премия — гардероб, шкаф, машина, приемник, костюм, простыня, пододеяльник. Тәртіп — бір жарым сағат демалыс. Тамақ, концерт, спорт, кино; 5) қырық екі үй — лозунг, жалау, транспоранттар. Электродвижок; 6) әр совхоз, әр колхоз киносы; 7) концерт; 8) кешке айтыс, ән түнгі 1-ге дейін; 9) екінші құн конный спорт — қыз куу, сайыс, бәйге, құнан, жорға.

Бөген.

1) Жетіқұдық. Шопан үйлері. Үш отар; 2) Маусымбаев Ермек. Әйелі депутат райсовет. Балалары тағы — 5 бала, үйлері екі бөлме; 3) Рысбек Қалдыбаев; 6) Рахимов; 7) Маусымбаев 105 тұсақ, бір тұсағы үш қозы. Жолда Ақбұлақ, жері Мыңбұлақ, с/совет Мыңбұлақ. Орталық. Осы үйлер жақсы. Целинный зерновой совхоз; Құрман Шоқанов үйінде қонақта. Ән-әндер, көп ән салу.

Тіл, сөздер: Кеуіл құрсан бола берсе. Манлай, таңлай, уәж, уәжін де көрді. Құмкенттен Маралбай. Ташибабай өзені. Бұрын көк бұлақтан су алып, егін еккен. Мырзабай деп сонда атаған. Бұрын шілдеде құдық қазып, жаздай отыратын болған. Сегіз, он сегіз метрден су шыға берген. Құдық бір-бір отарға жекеше құдық болған. Ұста құдық молырақ болған

(отыста құдық). Құмдағы қоныстар: 1) Қарауыл (Айгене), Алмақан. Қызы-әйелі, түйе шұбаты бар; 2) “Айгене” – бүгін совхоз, жылқы бар. 1942 жылдан; 3) Қобылан... қобыз... домбыралар, бәрі мұғалім... кен. Үрмұзі ойы жақсы. Алғаш көрген стандарт үй. Былтырдан салынған; 4) Сарбас Шаяндық радио. “Кр. Нива” к/зы. Мектеп. Оттон орталығы. Сембек – радиотехник. Софья татар әйелі – больницада. Полат Сарманов – коммунист. Завхоз, қарауыл. Мектеп, больница бес койка. Магазин. Қыш үйлері; 5) Сарбаста Құмкент базары – Үшқұдық, Сондағы шал Ізтілеу Қөшеров; 6) Жақсы құдық. Тұрікпен құдық. Жылқыға қоралар аса жақсы. Қызыл отау, магазин бөлмелері таза; 7) Қарт Алмен 82-де. Сонғы қырық жылда Құмкентке еki-ақ келген. Ақшақұмның бораны, беті күп-күрен; 8) Батыrbай “Алғабас” с/х орталығы, “Алғабас” к/з орталығы. Оку үйі қызыл отау. Іргежалдың түбіне барған жеріміз үш құдық. Бергінің бәрі шайыр делінеді. Өсімдіктері: сексеіл, жүзген, түйесінір (мал жейді), қоянсүйек теріскен. Шөптер: құртташа, ыраң, алабота, балыққоз (шайыр), ерек (ең жақсы шөп), сінбірікбоз, келіншекбоз, изен (отыз тоғыз түрлі шөп бар), торғайоты, киікоты, ешкіюлмес, лакса тікен (жақсы), изен, еркектің басы, осы шөптер ең жақсысы. Осының бәрі қыста да бар. Құртташа – әдемі көк гүлі болады. Бұзаубас шөп, көде.

Жұт.

Қар жауып аш, сүкік, қар жақсы емес. Аяздың өзінде қойға су керек. Тегі, құмда мал жұтамы болады.

Мырзабайдың шөп: 1) жусан (ұлтанды шөп); 2) майда шөп көп; 3) сінбірікбоз; 4) баляыш; 5) қызғалдақ; 6) қоңырабас; 7) мысыққүйрық; 8) күреңсе.

Мың қой бірінің ізімен бірі жүреді. Қарақүйрық, қоянды сойып асқандары, қар қалың, жел қатты, бірақ сүкіткіші күшті. 53 жыл болды... былтыр қойдың құлағы үсіп қалды – отыз жеті, қырық градуста.

Жамбыл шығыс жел – ең залалды жел. Жамбыл желі. Жамбылдан жел шығып жан қалып түр. Қыбладан шықса, қылқүйрық қалмас еді деген. Сонда әйелі желді бұрып жіберген. Содан бері Жамбыл желі шаң бол кеткен (қатты тиеді шаруаға). Тамаша көктем кезінде кездейсоқ боран болады. Ел шыдамастай қарды тозаңтып аспанға шығарады. Бүйірғын шөп көктемде залалды. Бүйірғын қыста ас, көктемде ішті айдайды. Буаз малды өсіреле құртады. Өзи бар

шөптен бұрын өседі. Шайыр да Мырзабайды шығады. Содан өткел көпір салып өту керек болған. Басқа шөп көп болса, басым болса, бүйіргын қыра қоймас еді.

Берденов (ранний окот).

Қарды қөміп қойып отырып қоктейді екен, параны сондайға салса, жұт болмас еді. Шайыр быжырқай жер, бірақ барса ұлтанды шөп бар. Онда қосылар кең алқаптар, база сонда керек.

Мойынқұмның бұрынғы аты Үшкөкше құмы (қызылша деген де жақсы шөп). Бас Қөкше, Орта Қөкше, Аяқ Қөкше – Үш көкше деген.

1961 ж., 21 апрель.

Әділ – о затруднениях, о истории убийства жены в Чаяне. 2) Оқуға биыл он сегіз жасты жібердік. Стажы бар жастар – стипендиясын совхоз төлейтін еткен. Құмкенттен үш студент, бірі сельхоз институт, мөхфак, екі медин-т кетті. Алты бала медин-тке; 4) Сельхоз ин-та, екеуі КазГУ-ге түсken. Құмкентте бірі сиyrшы болған, бірі қойшы, үшінші құрылысшы. Бітіріп келген инженер-строитель, инженер-механизатор, қайтып келген зоотехник, ветврачтар.

Үәйда.

Жиырма кора салынды – негізгі құмда, бірінші жыл және екінші, үшінші жылда. Қорасы бар жердің бәрінде құдық бар, бір құдыққа үш кора. Эр кора бір отар – 6-7 семья. Медпункт, рация, қызыл отау, магазин, гостиница. База – шөп, жем, тұз – биыл көп запас қалды (прессованный).

Су мәселесін шешу, қариялар. Аудан, облыстан түрікмен әдісі, Қаратаев (Шардара) опыты. Багар деген жігіт құдық істеп жүрген. Екі құдық қазған. Он бір-он екі адам әзірле-дік – комсомолдар, оқығандар. Отыз-отыз бір күнде Қаратаев әдісімен бір құдық қазып алдық. Кадр өсіріп алдық. 100-ленточный водоподъемник. Қырық-алпыс метрден шығардық. Кеше Бесмолада жетпіс метрден шығардық. Әуелде отыз екі-отыз жетіден бастағамыз. Сенбеушілік көп еді. Кейі тұз кермектеу. Малышылар сенбейді... Моторға сенбейді... Екі күн семинар өткіздік, запчастарға разбор жасаттық. Ферма мамандары бәрі тез үйрәнді. Парторг пен екеуміз екі жақтан жүрдік. Тұрсынбек қойшыға сексен бестегі шал барып таңданады. Құмнан көл көп пе, ғажап деген.

Аңзы сабак. Шөп орылу, престеу, тасу – үш процесс, бірақ істелуі... тірі жүрген соң жер көтереді. Үялып жүрдім. Тұз Батыrbай қасында... Көкала кен... Шабыр жиекте тұзды кен көп.

Былтыр – шөп бір жақта, мал бір жақта. Алдында жудеп қалған мал. Былтыр база да жоқ... бекетсіз айдай бердік. Енді үш-төрт жерде алдын ала шөп, үй өзірлеп отырып жүрдік. 58 мыңнан екі мың алты жүз бердік. Балансовый отчетқа барып ем. Шымкентке келсем, февральдан апрельге дейін қыындық қүшіне берді. Марттың он төрт-он бесінен жеті күн жел түрді, машина да, трактор да жүре алмады. Үш қунде мал көп өліп жіберді. Апрельде өлсіреп келгені өле берді. Бір отардан сексен бес бас мал өлді бір түнде. Жауапкерлік қүшінен соң – теряться етті.

Қысылған шақта жұрт ауыстыруды кеңес ету болды. Шаянның да себебі болды. Өріс, қоныс белгісіз боп қалды. Жайылымды партизанша (безплановый) пайдалану бар. Екі малшы соныны бұрын жегісі келу. Ақ қой, машина барды жеп кетеді... Ол жүрген жерде қара қой түк таба алмайды. Планмен жайылу жоқ қой.

Юрид. қарта бойынша жуз бес га Шаянға берілген. Бірақ баяғыдан осы совхоз жері. Облыс шешімімен Құлжан жайылымы уақытша пайдалану ретінде берілген. Ал Құмкент қол үзбеген, Шаян ылғи біздің жайылымымызбен өтеді. Сегіз-тоғыз қорага шейін бердік былтыр. Өзіміз қысыла тура соны істедік.

Батыrbай осы жер, адамы Баян – баяғы әйелдері. Қобыланды о да осы жер кісісі.

Құмкентпен жер көршілестік. Отыз үш мың га Құмкент жері, соның жиырма жеті мыңын су алып кеткен. Тоған историясы Сарысу заинтересован... Тоған Сарысуга залал болды, тарыға әсер етті. Жүгері деді, тоғанды бұзды, Сарысуга түк пайда болмады. Ал бізге үш жарым га шөбіміз болу керек еді. Бізге де залал болды. Қазір су Сарбасқа серпіп, кешегі больницианы басып тұр. Сарбаста машина, самолет қонып жүрген жер су астында қалды. Жайылым толық шешілмесе киын-ақ. Құмкентке өзінің занды жерін бөліп беру керек. Мырзабай о да мол, бірақ пайдасыз, мал өсіруге келмейтін жерлер. Тоғанды Құмкент байлаған былтыр (59 ж.). Бұзын 60 ж. көктемде бұзды. Тары да

өсірер ек... Өріс, қонысты анықтаса және бульдозер, грейдер берсе.

Бұлактар (Шашты Әзіз), Қызылқөл суларын жүгеріге, басқаға пайдаланар ек. Бульдозер, грейдер бір-бірден қатты керек. Құмды өзіміз де игерер ек. Мыңға жуық постоянный жұмысшы – сезонный малда, мектеп орталықта онжылдық, жетіжүйлі – бір, бастауыш – екеу.

Шәкір, Әділ.

101 қора. Сексеуіл, жыңғыл, қамыс. Қамыс оңай болмады, жергілікті тек қора бастарында малшыларға киіз үй, база саламыз деп ек, соның он сегізін салдық. Әсіресе қамыс жақсы, типовой үш үй салды. Больница, шопандар үйі саман үй, үш базада моншалар салынды. Гостиница істедік, үй көпшілігі базаларда шөп тасу, жемді ерте апару. Жем комбикорм неше алуан, костная мука, рыбий жир да бар. Бар қыншылық құдық.

Аудан бойынша 67 құдық. Түркменск. 22 метрден. Жиек пен құмда ең терені 52 метр еді, кейін 67-70. Артезиан 21. Бетпақта, құмда – базаны соған орнатты. Жуантөбе, Тастыда бірнеше артезиан орнаттық. Жайылымда ауыз су үшін-ақ артезиан қажет болды. Колхоз, совхозға енген жаңалықтан арттамыз. СЖК искус. өзгеменен қолданбадық. Полеводства квадрат жаңадан. Зябъ та косность, 3800 жүгері быстро жеткіздік. Жуантөбе (500), Тастыға (200 га) жүгері еккіздік, болмаса тек қамыс жеуші еді, бірақ кейін қымбат, барын талап береді. Жүгері әүелі дөн ал деп отырамыз. Түркістаннан тасу қандай қымбат.

Қаранар, Сапалы, Жуантөбе, Тасты, Созақ – жақсы. Бар совхозда каракөл таза емес, аралас түким көп, жаңалық түгел келеді. СЖК былтыр он бес күн жиып өткіздік, үйреттік. Үлкен авторитет. СЖК-де “Киров” пен Шәуіллір, солардан кісі шақырдық, опыт алу. Әзір жүзден аса передовик жогары береді. Ең жоғары Бәймендиев, Тастыда Амантаев Салман, әйел Қанадилова жас, Алпамысова Созақта төмендеу. Депутат Махамбетова Алмагул облсовет, помчабан. Салманов айтады: Өмірімде жұз он сегізден артық алмап ем, жұз қырық алған бар дегенді өтірік деушем, Құмкент тағы артта, СЖК осында төмен.

Шәуіллірден шабан Тасқараев – 172. СЖК, СШК. ЦК пленум мүшесі. Төлешов Тәш 183 алған, “Қызылқұм”

совхозынан еді. Киров ауданынан соны шақырып алдық. Жиналыста айтты. Малды түнде жаю, сызға жатқызыбау, ерте өргізу жайын айтты. Жата берсе, дене тоңазып қалады. Балпаң болады, төл өсіп келе жатқанда осы өсө беру керек, төл салмағындай ол іште тұру керек, қи басқан, бауыры сарғао... Аш баспақ ауру жәйін айтты. 24 мың қосымша ақыдан “Москвич” машина алдық деді. Бір түн өзі қой бақты. Бізде қой жайылмайды деген ғой. Әуелі жайылып, аздан соң бәрі жайылып кеткен. Тәш түнде жаюды үйретті, енді передовигіміз көбейді.

Жұмыс жағы келгенмен, басқа жағы келмейді. Екі шартты: говорим не комбригада – а как люди которые борются деп айтамыз. Шопанның (жасын) өзін үйрету керек. СЖК-ға шалдар қыын. Шабандар тойы (Шаян, Созак, Шәүілдір).

Ең үлкен арман – водохранилище “Калинин” совхозы тұсынан, Көкбұлақтан жасаса, Мырзабай, Маралбай далаларын қөгертуге болар еді. Баресское водохранилище. Бізде жусаннан басқа орып алар жеріміз жоқ (Шаяндай емес). Водный источник жоқтығынан жүгери өсірмесек, малға қыын, бір-екі водохранилище керек-ақ.

Судың шатағы, Тастыда почва жерге сіңе береді, тез жұтып кетеді. Қек бұлақ өзі диаметрі бір метр бола тұра, жиырма километр акқанда бітіп қалады, жерге сіңіп кетеді. Облыс бізді склонять етеді. Бәрі – сулы, ақ егіске неге жүгеріні қоспайды дейді (замена жөні). Ал біз жүгері, жоңышқа екsec, июль, августе су қалмайды, бұларды суара алмаймыз, бидайды ерте суару жетеді. Мыналар жаздайғы сусыз өспейді.

Қалжың – біздің аудан маман ғана алмайды, маманды өзірлеп береді, екі жыл дәрігер дайындаиды, біздерді қалжын етеді, өлтіреді. Дәрігер боп маманданып...

28/IV.

Қалибек.

Аудан бойынша жұз он сегіз қора салынды. Тас қора. Құдық Бөгенде үш артезиан (өзі ататын), жәй құдық, шахтный құдық Шалдар, Жамбыл, Бөген... Жамбылда жетісегіз отар түйемен тартады (шығыр).

Мектепке, медпунктке, детсадқа колхоз, совхоз үйлерін өспердік. Бар совхозда детсад (Алғабаста жоқ). Сезон уағында үйистырылады... Бөгендікі – Жетіқұдық, “Ақбұлақ” фермасы,

“Мыңбулақ” – “Нұрада” үш қора салды (бригадный способ). “Қосбулақ” фермасы Қанбақтының қасында.

Малышылар.

60-жылғы жүттә жақсы шопандар: 1) Сегізбаев Жұніс (“Бөгөн”) сексен бірде; 2) Бектұрғанов Шалабай алпыс жетіде, өлтірген жоқ (қазір пенсия); 3) Маханов (саулық отары) малы тегіс (“Бөгөн”); 4) Тоқпанбетов Айдар жетпіс сегіз жаста, Алғабас; 5) Абдуллаев Иса (“Алғабас”); 6) Қыдыров Амит (“Алғабас”). 7) Найманбаев Тұлікбай. Бар боранда үш қана бас өлтірді – бойдақ еді; 8) (“Кр. Нива”) жас өнші Бердібек; 9) Сапақ (жас) “Алғабас” колхозы, Үсембаев. Біз жол бойы бекет жасатып, киіз үй тіккізіп қойып, шөпті өзірлеп отырып өткіздік. Ол жылда “Бөгөн” олқылық жасады. Содан өлді. “Алғабас” жәрдемге барды, бір ай болды – қоздауда көмек еткізді (Жұма Қарабасов). Созақ сонда бекет жасамады. Бименде сол үшін үрысты. Біз көпірмен өттік Тапшыбайдан. “Құмкент” судан өткізіп жүдетең алды. Ырысқұлбеков оқиғасы. Суық аязда үдай мас, балам жаңа туды. Осы он сегізге келгенде, өзім сексенде бір соғысып ішем, сонда қоям деді...

Қойды үрлап сатушылар болды. Тері сатып ап орнына салады. Бойдақтың, еркек қойдың семізі көп болды. Аштықтан өлді гой. Аяғы үзын кісі журдек болмайды екен. Жүрісте отырмау керек.

Даулар: Құмкентпен қораға таласулар. Мен ылғи қора өзірлейім. Кенжекең Бердібаев алдамақ болады. Қалжыңы: қарға кетер-ау, тек Шаян кетпей ме деп қорқам дейді. Кенжекең өзілі: Қожанасыр айттыпты гой, есегім жоғалғанда үстінде болсам, мен де бірге жоғалам гой деп.

Трактористер үрсусы, хулигандығын елемейміз. Петро запискалары. Кейде арттарынан трактор азық келе жатыр деп те записка тастайды. Қырық екі күн жүргенде бір-ақ рет моншаға Шолақкорғанда түстім.

Жер аттары Шаяннан шығатын жолда: Сасық, Ілме сазы, Үлкен Бөгөн, Бұғыбай сайы, Бала Бөгөн. Алдағы таулар: Қосшора (Кішішора, Үлкеншора), шора – жер бітімі. Үлкен Бөгөн – Үшінші Интернационал, Бала бөгөн – Глинка поселкасы.

III Интернационалдық. Қазір Боролдай – “Сталин” совхозы орталығы, бұл жер Қостұраның түбі, кейін Желтимеске кетті.

“Сталин” совхозы маслозавод бар аудан (Бөгеннен басқасы, ол Кентауға береді). Осыған қаймақ әкеп табыс етеді. Орталық – жоғарғы Боралдай, төменгі Боралдай. Екі поселкте жақсы шошқа фермасы, электр үдайы бар. Крупн. рогат. скот...

**Ғылыми
тәсініктемелер**



“Позор палачам Южного Вьетнама!”

Мақала алғаш рет “Литературная газетының” 1959 жылғы 22 қантардағы №10 санында жарияланды.

1958 жылы 3–11 шілде аралығында Ташкентте өткен Азия, Африка елдері жазушыларының конференциясында Нго Динь Дьема үкіметінін бүйрекшімен Оңтүстік Вьетнам халқын еркіндік, бостандық үшін күреске бастаган ұлттық патриоттар мен 10 мың бейбіт тұрғынның тұрмеде көзі жойылғаны жайында мәселе көтеріледі. Мақала осы көтерілген үндеуге байланысты жазылды. Мақала соңына М. Эуезов, Ш. Рашидов, Ф. Ғұлам, М. Карим, Б. Кербабаев, Б. Полевой, Б. Рахманов, Г. Севунц, А. Сафронов, А. Чаковский, К. Чутунов сияқты алдыңғы қатарлы жазушылар қол қойды.

Оқиға Оңтүстік Вьетнамның Дай-Лок уездінде болған. 1957 жылы Оңтүстік Вьетнам үкіметі 100-ге жуық тұрғынды ату жасасына буйырса, вьетнам халқының 6 мың патриотына құріштен жасалған ботқага у қосып беріп, бір күнде Фу-Лой лагерінде өлтіреді. Бас көтерген халықты күшпен басады. Тұрмеге әкелінген азық-түлік көмегін де, дәрігерді де жібермейді.

1959 жылы 26 ақпанда Мәскеуде Дүниежүзілік бейбітшілік қорғау кеңесінің мәжілісі болып, бейбіт елді қырып-жоюға тыйым салу мақсатында “Великое единение сил, защищающих мир” деген үндеу тасталды.

Жиылдысты Дүниежүзілік бейбітшілік қорғау комитетінің Кеңестер Одағындағы төрағасы Н.С. Тихонов басқарып, сөз сөйлемді. Оңтүстік Вьетнамда болған қанды оқиға сол жылы 5 ақпанда өткен Кеңестер Одағы Коммунистік партиясының кезекті XXI съезінде де сөз болды. “Позор палачам Южного Вьетнама!” және “Свободу Манолису Глезосу!”, “Советские писатели протестуют против репрессий в Конго”, т.б. сарындағы мақалалар қоғаптеген басылым беттерінде жарық көрді. Бұларда “Мы, советские писатели, не можем молчать в дни, когда одному из самых светлых и чистых сынов человечества грозить смерть” деген сарындағы сөздер айтылған.

1. 5-б. **Фу-Лой** – Сайгонның солтүстігінен 30 километр қашықтықта орналасқан тұрменін аты. 1957 жылы салынған, 120 гектар аумақты алғы жатқан Фу-Лой лагері 3 метрлік биік дуалмен коршаған. Саяси қателіктері үшін қамалып, мемлекетке сенімсіз деп табылған жазаланушы вьетнамдықтарды қайта тәрбиелеу үшін арнайы салынған орын.

C. Майлышбай

“Особенности развития литератур социалистических наций”

Мақала алғаш 1959 жылы “Коммунист” журналының №12 санында (69—80-бб.) шықты. Кейін “Вопросы казахской советской литературы” жинағының 2-томында (Алматы: Қазақ ССР Фылым академиясының баспасы, 1960), М. Әуезовтің жиырмада томдық шығармалар жинағының 19-томында (222—242-бб.) берілді.

М. Әуезов мақаланы М.И. Ритман-Фетисовпен бірігіп жазған. Ритман-Фетисов (1907—1960) 1938 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ педагогика институтында әдебиет кафедрасының менгерушісі болған. 1947 жылдан Қазақ КСР Фылым академиясының Тіл-әдебиет институтында қызмет істеген. 1956 жылы “Россия мен Қазақстанның әдеби байланыстары” тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. Әдеби байланыстар мәселелерімен айналысып, Абай, Жамбыл, С. Мұқанов, Т. Жароков шығармашылығын зерттеген.

Мақала сол кездегі идеологиялық талаптар түркесінде жазылған. Билемші құрылымдардың идеологиялық талаптарынан ауытқы алмаған жазушы үлттық әдебиеттер өкілдері шығармаларының көркемдік ерекшеліктері жайында айта келіп, үнемі социалистік мазмұнның болуын талап етеді. Мақалада үлттық түр мен социалистік идеялардың көркем шығарма жазу кезінде ажырамас бірлікте болуы КСРО жазушылары үшін міндettі шарт екендігі айтылады.

1. 8-б. **А. Упит** — Упит Андрей Мартынович (1877—1970) — латыш жазушысы, публицист, әдебиеттанушы, мемлекет қайраткері, Латвия Фылым академиясының академигі. 1950—1954 жылдары Латвия Жазушылар одағының хатшысы қызметін атқарған. “На грани веков” тетрологиясының авторы (1930—1934). Шығармаларында XIX ғасыр соңындағы латыш аулының өмірін суреттеген.

2. 10-б. **А. Файзи** — Файзи (бүркеншік аты, шын фамилиясы Файзуллин) Ахмед Садокевич (1903—1958) — татар жазушысы, драматург. Ұзақ жылдар F. Тоқай шығармашылығын зерттеді. “Тоқай” драмасын (1938), Тоқай жайында роман (1952) жазды.

3. 10-б. **Ч. Цэдэндамбаев** – Цэдэндамбаев Чимит (1918) – бурят жазушысы. Негізгі шығармасы – “Доржи, сын Бандара” (1953) романы.

4. 13-б. **Улуг-заде Сатым** (1911–1997) – тәжік жазушысы, драматург, әдебиеттанушы, аудармашы. 1954 жылы “Утро нашей жизни” атты өмірбаяндық повесть жазды. Жазушының әдебиеттегі үлкен табысы “Рудаки” драмасы (1958) болды.

5. 16-б. **А. Исаакян** – Исаакян Аветик Саакович (1875–1957) – армян ақыны, Армения Фылым академиясының академигі. 1946–1957 жылдары Армения Жазушылар одағының хатшысы болды. Исаакян 1909–1911 жылдары атақты поэмасы “Абул Алла Маариді” жазды, кейіннен ол көптеген шет тілдеріне аударылды. Ал “Сасма Мгер” атты эпикалық поэмасында (1919) қорғансыздардың қоргаушысы Мгер батырдың бейнесін жасады.

6. 20-б. **Саят-Нова** (1712–1795) – армян ақыны, ортағасырлардағы армян поэзиясының ірі өкілі. Саят-Нова – бүркеншік аты, шын аты – Саядян. Оның шығармашылығы армян, грузин, әзіrbайжан поэзиясына үлкен әсер етті.

7. 24-б. **Н. Николадзе** – Николадзе Нико (Николай Яковлевич; 1843–1928) – грузин публицисі, қоғам қайраткері, әдебиет сыйншысы. Николадзе грузин қоғамдық ойы мен әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосты. Үнемі үлттық егемендік идеясын, әділ әлеуметтік қоғам құру мақсатын үстанған.

Д. Қонаев

“Жүрек қазынасы”

М. Әуезов қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, атақты ғалым және көрнекті қогам қайраткері болғандықтан, көп ретте күллі Одақта өтіп жататын түрлі іс-шараларға белсене қатысып отыруға мүдделі еді. Сол кезеңнің саяси-әлеуметтік, қоғамдық және мәдени өміріндегі оң немесе теріс жағдаяттарға бірінші болып ұн қатып, қолдана отыру – Әуезов үшін азаматтық борыш қана емес, партиялық та парызы еді. Осындағанда алуан түрлі мәселелерге орайластырып, ол кездері республикаға белгілі белді басылым беттерінде кейде көлемді, кейде шағын лебіздер мен үндеулер, мақалалар жазудан М. Әуезов те тыскары қала алған жоқ. Бұндай сөздердің көбі сол заманның саяси көзқарастарымен ыңғайласып жатты.

Жазушының “Жүрек қазынасы” атты, бар-жогы екі абзац көлеміндегі Жаңа жылдық бүл күттүктау сөзі осындағанда талап пен сұранысқа сай жазылды. “Қазақ әдебиеті” газетінің алғашқы санында (1960. 1 қантар) жарияланған күттүктау сөздің қолжазбасы сакталмаған және бұдан соң еш жерде жарық көрмеген.

Елу томдық академиялық толық басылымға газеттегі жарияланымы өзгеріссіз берілді.

E. Қанықейұлы

“На пороге шестидесятого...”

М. Әуезовтің очерктік сипаттағы бұл мақаласы 1960 жылдың “Современный Восток” журналының Жаңа жылдық бірінші санында жарық көрген. Кейін еш жерде жарияланбаган. Мақаланың қолжазбасы жоқ.

Мақала журнал редакциясының сұрауымен жазылған көрінеді және мазмұнына қарағанда, шартты түрде үш бөлімді деуге келеді. Алдыңғы бөлімде 1959 жылғы Кеңес өкіметінің шаруашылықтағы, өндірістегі табыстарын қыска, жаксы мысалдармен көрсетіп, келесі бөлімде КСРО-ның ішкі, сыртқы саясатына байланысты уақыт талабына орай ойларын айтқан. Негізгі, үшінші бөлімінде шығыс халықтары мәдениеті мен өнерінің, әдебиеттің мысалдарына сүйеніп, мәдени-танымдық та пікірлерін білдіреді. Бұл мақалада М. Әуезовтің Азия, Африка халықтарының әдебиеттеріне жаңа заман мен гуманизм концепцияларына сай көзқарасы көрінеді. Жазушының ойынша, гуманизмнің терең бастаулары эпикалық табиғаттан шығады. Бұл эпикалық бастаулардың ең биік шыңы – біз ар, үят деп атайдын үғымдарда. Бұған мақаладағы Әуезовтің: “Подлинная культура гуманистична, ее устремления благородны – облегчить и украсить, сделать радостной жизнь каждого человеческого существа” – деген сөздері дәлел.

Мақалада шығыс халықтары арасындағы мәдени-әдеби байланыстар, әдебиеттегі дәстүр мәселесі аз көлемде сөз болғанмен, теориялық деңгейде талданған.

1. 30-б. **Ли Бо** – корей ақыны (лақап аты – Пэгун Коса; 15.01.1169, Еджу қ. – 2.9.1241, Канхвадо аралы). Кедейленген аксүйек отбасында дүниеге келген. Шенеунік болған. Коре династиясының құлдырауы кезеңіндегі бірінші поэмасы “Король Тонмен” (“Тон мен ван”, 400 жыл) біздің дәуірге дейін жетті. Ол алғашқы болып “ел байлығының тірері” – шаруалардың аянышты ауыр жағдайын суреттеді, контрастарды шебер пайдалана отырып, қарапайым халық пен билеуші топ арасындағы орасан зор айырмашылықты көрсетті. Оның табиғатты суреттеген өлеңдері айқын, анық, өте әдемі, шыншыл. Эстетикалық ойларында түр мен мазмұнның ақылға сыйымды арақатынасын қолдады.

2. 30-б. **Хокусай** – Какусико Хокусай (1760–1849) – жапон суретшісі. Эдо дәуіріндегі демократиялық өнердің бастапқы және ақырғы кезеңі гравюралық пейзаждың дамуымен байланысты болды. Бұл кезенің қалыптасуы мен дамуы, негізінде, Хокусайдың шығармашылығымен байланысты өрбіді. Эдо қаласында қолөнершінің отбасында дүниеге келген Хокусай он үш жасында гравюрашы шебер Какаяма Тэкусонудың шеберханасына оқуға кіреді. Кейін суретші Сюнсәмен бірге жұмыс істеп, оның ықпалымен алғашқы гравюраларын жасады (1779 ж.). Хокусай шығармашылығының гүлденуі XIX ғасырдың 20–30-жылдарына сай келеді, оның ең жақсы пейзаж сериялары осы кезенде туды (Фудзидің 36 суреті, “Әр аймақтардағы жаңа көпірлер”, “Елдегі сарқырамаларға саяхаттар”, т.б.).

3. 32-б. “...дух Бандунга” – 1953 жылы өткен Бандунг конференциясын айтып отыр. Бұл конференцияда Индия көршілес елдердің бейбіт қарым-қатынаста болуы принципін қолдады.

P. Қайшыбаева

“Светлая вершина русской литературы”

Мақала орыс жазушысы А. Чеховтың (Чехов Антон Павлович – 17 (29).1.1860. Таганрог – 2 (15).7.1904. Баденвейлер, Германия. Москвада жерленген) жүз жылдық мерейтойына орай жазылып, “Литературное наследие Чехова” (Изд-во АН СССР, 1960. Т. 68. С. 11–12), “Мысли разных лет” (Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961. С. 277–279) жинақтарында жарық көрді.

“Әуезов үйі” тылыми-мәдени орталығының мұрағатында мақаланың көк түсті қағазда машинкамен басылған екі данасы сақтаулы (245-бума, 12–15-бб; 253-бума, 162–165-бб). Ондағы бір данасына автор өз қолымен күлтін көк сиямен түзетулер жасап, бірінші беттегі екінші абзацты қысқартқан. Соңдай-ақ мақаланың сонына “Великую светлую память и дату вот такого Антона Павловича Чехова, и чествуют сегодня вся наша Родина, все ее народы! Торж. собрание, посвященное столетию со дня рождения Антона Павловича Чехова объявляю открытым. 1960 г. январь” деп қолын қойып, қосқандары бар. Түзету жасалған бул нұсқа М. Әуезовтің мерекелік жыында сөйлемеген сөзі. Сонымен катар 245-бумада екі беттік “О Чехове” деп жазушының өз қолымен жазылған қолжазбасы сақталған. Бұл мәтін “Светлая вершина русской литературы” деген мақаланы жазардағы алғашқы нұсқасы сынды. Осы қолжазба нұскаларды жарияланған нұскалармен бір-бірімен текстологиялық жағынан салыстырылганда кейбір сөз, сөйлемдер өзгертиліп, синтаксистік өндөулер жасалғаны болмаса, мазмұндық ерекшеліктер байқалмады. Соңдықтан мәтін томга жеке мақала ретінде ұсынылмай, түсініктемеге қосымша беріліп отыр.

“О Чехове

В моем развитии писателя и работника культурного фронта, значение русской классической литературы было определяющим и было несопротивимо ни с какими иными влияниями других литератур.

С тех пор, как русский язык стал моим вторым родным языком – Пушкин, Гоголь, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Толстой, Чехов, Короленко, Горький – стали еще в пору раннюю, в годы

формирования личности моей как постоянные, немеркнущие светила, как яркие спутники в моей духовной жизни, спутники на моем мыслимом небосводе. Ныне я счастлив, признать, что воспитан на произведениях Чехова — этого русского гения, как все культурные поколения писателей всех народов России, как и русские советские писатели.

Постигал я Чехова далеко не сразу, а постепенно и долго. Начиналось это со средней школы и продолжалось за годы учебы в Ленинградском государственном университете, где на филологическом факультете, в спецсеминарах по драматургии я выступал с авторефератами о драмах Чехова. В иную пору я и переводил Чехова на казахский язык. Дальше в своей писательской и исследовательской деятельности так же многоократно обращался и обращаюсь я к великому наследию Чехова, все больше стремясь глубже постигнуть сокровенные тайны его замечательного искусства: проникновенной мастерской прозы и обаятельной драматургической ткани.

Как бывает с наследиями всех великих художников, нелегко, и в наследии Чехова одно из его произведений предпочесть другому его произведению. Выбор настолько не легок, как скажем, было бы не легко в образцовом культурно взращенном ботаническом саду предпочесть одно растение другому. Каждое творение Чехова, как творение самой природы, естественно, незаменимо и не устранимо одно другим. Только полагаю, что любовь Чехова к родине и глубочайшее, заботливое, участливое, взволнованное любовное отношение его ко всему лучшему, что было пригодно для будущего России — поучительно и дорого навеки.

В этом смысле для меня бесконечно дороги такие его произведения, как “Три сестры”, “Дядя Ваня” и “Вишневый сад”. Дороги эти произведения своими Астровами, Вершининами, Тузенбахами, Иринами — столь искренне притягательно и полно раскрывающими прелести русской души в эпоху безвременья и так крепко роднящими нас, еще одними чудесными проявлениями, с обаятельными сторонами природы и духа русского человека”.

Ал жоғарыдағы мақала “Орыс әдебиетінің шырқау биігі” деген атпен қазақ тіліне аударылып, 1960 жылы “Қазақ әдебиетінің” 29 қантардағы санында жарияланды. Кейінірек “Уақыт және әдебиет” (Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1962. 414—417-бб.) жинағында жарық көрді.

Мақалада М. Әуезов А. Чеховтың суреткерлік шеберлігін, даналығын, орыс әдебиетінің биік шыңы екенін атаумен қатар,

өнерінің тартымды күші — адамның ең асыл сезім, қасиеттерін қозғай білуінде деген. Чеховтың шәкірті болу үшін, одан үйрену үшін өзінің шыгармашылық табигатынмен, бұқіл ішкі бітіміңмен соған туыстас, жақын болып жаратылу керектігін айтқан. Сондай-ақ, жазушы Чеховтың қарымы кең, орыс қоғамының әлеуметтік-психологиялық өмірін терең бейнелеген суреткер екендігін ерекше атап өткен.

М. Әуезов шыгармаларының елу томдық академиялық ба-сылымының осы томына мақала мәтіні “Мысли разных лет” және “Уакыт және әдебиет” жинақтарындағы нұсқа бойынша ешбір өзгеріссіз ұсынылды.

A. Болсынбаева

“Мы хотим слышать и ваш голос!”

“Литературная газетаның” 1960 жылы 17 мамырдағы санында жарияланған бұл мақалада 1960 жылы 1 мамырда Америка Құрама Штаттарының әскери-барлау “Локхид У-2” үшагы шекара бұзып, Кеңестер Одағы аумағына енгені жөнінде жазылған. Бұл үшакты КСРО-ның зымырандар үшіншілдегі әскери бөлімшесі Свердловск түбіндегі атып құлатады. Осы келенсіз оқиғага байланысты 1960 жылы 16 мамырда Франция астанасы Париждегі кездесу өтіп, онда Кеңес Одағының басшысы Н.С. Хрущев, Франция президенті Шарль де Голь, Ұлыбритания министрі Г. Макмиллан, АҚШ президенті Эйзенхауэр өз ойлары мен пікірлерін айтқан. Бұл оқиға бірқатар елдердің баспасөз беттерінде сөз болған. Осыған орай қаламгер Америка жазушыларының назарына ұсынған хатында өзінің наразылығын, ой-толғанысын білдіре отырып, АҚШ жазушыларының да үн қосуын қүтетінін, “ол бейбітшілік жолындағы жазушылық парызымыз” – дегенді ерекше көңілмен жеткізген.

М.О. Әуезовтің осы АҚШ жазушыларына арнайы жазған ашық хатының түпнұсқасы сақталмағандықтан, автордың елу томдық шығармалар жинағының осы томына газеттегі жарияланымы ұсынылып отыр.

A. Пірімбетова

“Это смелее любой мечты!”

Мақала “Правда” газетінің 1960 жылы 18 маусымдағы санында жарияланды. Жазушының бұған дейінгі кітаптарының ешқайсысына енбекен.

Бұл мақалада жазушы “Земля” атты Жер серігінің алғаш космоска ұшырылғанын, бұл совет ғалымдарының әлемдік деңгейдегі жетістігі, техниканың дамығандығы екенін айтқан. “Земля” Жер серігі 1960 жылы 15 маусымда ұшырылды.

М. Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағының осы томына мақаланың газеттегі нұсқасы берілді.

A. Болсынбаева

“Служим одному делу”

1960 жылды тамыз айында өткен мұғалімдердің республикалық съезіне орай жазылған шағын құттықтау мақала “Учитель Казахстана” газетінің 9 тамыздагы (1960) санында шыққан. Кейін еш жерде жарияланбаған, қолтаңбасы “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында сақталмаған. Мақалада құттықтау сипатындаға дәстүрлі ойлар айтылып, педагогикалық қызмет пен жазушылық қызметтің жас баланы, адамды тәрбиелеудегі ортақ сипаттары талданып, сараланды.

Газеттің М. Әуезов мақаласы жарияланған саны түгелдей дерлік съезд жұмысына арналған. Бас мақаламен катарап номерде педагог мұғалімдердің, ғалымдардың, ақын-жазушылардың әртүрлі көлемдегі мақалалары берілген. Әуезов мақаласын жазу алдында газеттен өтініш-тапсырма болғанға үқсайды. Шағын мақаланың мазмұнынан бұл анық байқалады. Мұғалімдердің республикалық съезі болып жатқан кезде М. Әуезов Москвада өткен шығыстанушылардың XXV халықаралық конгресінے қатысып, негізгі баяндамалардың бірін жасаған. “М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресінде” (Алматы: Ғылым, 1997) конгресс басталмай тұрып үйымдастыруышылардың алдын ала хабарласып, конгресс жұмысына орай тапсырмалар бергенін дәлелдейтін деректер бар. Бұған қарағанда М. Әуезов мақаласын Москвада жүргердің алдында газетке беріп кеткен. Томға мақаланың газетке басылған мәтіні берілді.

P. Әбдіғұлов

“О традиционном и новаторском в казахской советской литературе”

1960 жылы 9–16 тамыз аралығында Москвауда шығыстанушылардың XXV халықаралық конгресі болып өтеді. Осы конгреске М.О. Әуезов арнайы шақырту алған. Осыған байланысты үйымдастыру комитетінің басшысы, КСРО FA-ның корреспондент мүшесі Б.Г. Гафуровтан келген жеделхатта былай делінген: “Глубокоуважаемый Мухтар Омарханович! Организационный комитет по созыву Международного конгресса востоковедов избрал Вас одним из руководителей секции Алтайстики (№XI). Учитывая большое значение, которое будет иметь конгресс, оргкомитет надеется, что Вы не откажетесь возглавить работу секции и оказать всевозможную помощь работе конгресса Вашими знаниями и научным авторитетом” (М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. Алматы: Ғылым, 1997. 684-б.).

Нақтырақ айтсақ, 9 тамыз күні Москва университеті маңында конгреске қатысушы 60-тан астам елдің жалаулары желбіреле, 10 күні осы беделді оқу орнының кең залында шығыстанушылардың XXV халықаралық конгресі салтанатты түрде ашылады.

Бұған Қазақстан тараپынан делегация ретінде М. Әуезов бастаған бірнеше көрнекті ғалымдар (Ә. Марғұлан, І. Дүйсенбаев, И. Кеңесбаев, О. Нұрмагамбетова, т.б.) барып қайтқан.

Ал М. Әуезов осы конгреске арнайы тапсырыспен шағын кітапша (100 дана) дайындағы. Алтайстика секциясында жасалатын жазушының баяндамасы негізінде шыққан бұл кітапша (брюшюра) “О традиционном и новаторском в казахской советской литературе” деп аталды (Мухтар Ауэзов. О традиционном и новаторском в казахской советской литературе. М.: Издательство восточной литературы, 1960. 10 с.). Кітапшаның титулдық бетінің жоғарғы жағында “XXV международный конгресс востоковедов. Доклады делегации СССР” деген андатпа бар. Мұражай қорындағы 236-бумада кітапшаның 2 данасы сақталған және де 228-бумада бұл баяндаманың машинкада терілген бір нұсқасы бар. Ал колжазбасы жоқ. Аталған екі нұсқа (кітапша мен машинкадағы) өзара текстологиялық салыстырулардан өтті. Ешбір айырмашылық кездеспеді және бұл баяндама конгреске кітапша болып басылғаннан кейін еш жерде жарияланбапты. Жазушының әр

жылдарда жарық көрген жинақтарына да, көп томдықтарына да енбекен.

Есесіне баяндама “Қазақ әдебиетінің” 1960 жылғы 28 тамыздағы №35 санында “Дәстүр мен жаңашылдық жайында” деген атпен аударылып басылған. Бұнда қысқарған жерлер бар.

Бұл баяндама жазушы шығармаларының академиялық толық жинағына кітапшадағы басылымы негізінде ешбір өзгерісіз тұнғыш рет ұсынылып отыр.

E. Қаныкейұлы

“Дәстүр мен жаңашылдық жайында”

Бұл – М. Әуезовтің “О традиционном и новаторском в казахской советской литературе” деген баяндамасынан аударылып, алғаш рет “Қазақ әдебиеті” газетінде жарық көрген мақаласы. Бұдан соң жазушы шығармаларының он екі томдығының 12-томына (Алматы: Жазушы, 1969. 508–513-бб.) енген.

Аударманы аталған орысша нұсқасымен (кітапшадағы) салыстырғанда “Дәстүр мен жаңашылдық жайында” мақаласы дәлме-дәл аударма екендігі байқалды және мұнда орысшадан аударылмаған, қысқартылған түстар да кездесті. Мәселен, “В каждом жанре можно проследить множество новаторских приемов. Показателен в этом отношении следующий факт. Как известно, из традиционных особенностей национального стихосложения, соответствующего структурным особенностям различных языков, вытекают и образно-стилистические способы поэтического изображения. У казахов метафоры чаще всего были связаны с животным миром. Они порождены социально-экономическим строем казахов. Бывший кочевой, скотоводческий народ не мог воспевать свой образ жизни, не видя прекрасного прежде всего в том, с чем он был теснее всего связан, что его больше всего волновало. Мы и сейчас используем эти метафоры, но обогащая и развивая их, сообразно с теми изменениями, какие произошли в жизни народа, в его представлении о труде и обществе. Вместе с тем расширяется арсенал новаторских изобразительных средств, так как неизменно расширялся и углублялся тематический охват жизни народа, его творческий гений” деген бүтін бір абзац пен “Казахская литература с момента ее зарождения по настоящее время сыграла свою историческую роль в становлении и развитии казахского литературного языка...” деген абзацтан кейінгі 2 бет мәтін (барлығы 8 абзац) “Новаторские процессы и явления в современном казахском языке касаются и его фонетической системы, которая пополнилась новыми звуками: ц, щ, в, ф, э. Наиболее устойчивы в языке грамматические категории. Но современный казахский язык переживает пору развития и обогащения также синтаксических конструкций. Вполне закономерными становятся типы сложноподчиненных предложений, еще в недалеком прошлом имевшие весьма узкую сферу употребления.

Авторская речь внутри прямой речи также лишь в наше время получает широкое распространение. Более подвижным становится порядок слов в казахском предложении. Развиваются и дифференцируются литературные стили, в том числе и индивидуальная манера писателей, публицистический стиль вместе с видами и жанрами литературы, публистики, языка, науки, ораторской речи и т. п.” деген абзацқа дейін түтел (аудармада) кысқартылған.

Бұдан басқа өзгешеліктер жоқ. Аударманың қолжазбасы сақталмаған және әр жылғы жарияланымдар (1960, 1969) өзара текстологиялық салыстырулардан өтті.

Жазушы шығармаларының академиялық толық басылымының осы томына “Қазақ әдебиеті” (1960. 28 тамыз) басылымы негіз болды.

E. Қанықейұлы

“О традиционном и новаторском”

М. Әуезовтің теориялық сипаттағы бұл мақаласы алғаш “Мысли разных лет” жинағында (1961. 18–23-бб.) жарық көрді. Кейін, 1975 жылы Москвада “Художественная литература” баспасынан шыққан бес томдық тандамалы шығармалар жинағының 5-томында (472–477-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағының 20-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 308–314-бб.), 1997 жылы жазушының 100 жылдық мерейтойына орай “Қазақ энциклопедиясы” баспасы шығарған тандамалы шығармалар жинағында (435–437-бб.) басылды. Мақаланың толық қолжазбасы сакталмаған. “Әуезов үйі” FMO қолжазба қорындағы 228, 236-бумаларда “О традиционном и новаторском в казахской советской литературе” атты машинкада басылған, жазушының өз колымен редакцияланған мақала бар. “О традиционном и новаторском” мақаласының мәтінін қолжазба мәтінмен салыстырған кезде “Наибольшую художественную ценность представляют поэмы Сейфуллина...” деп басталатын абзац пен Б. Майлин, С. Мұқанов, Ф. Мұсірепов, Ф. Мұстафин шығармалары аталатын абзац қана бірдей болып шықты. Қолжазбада негізінде кеңестік кезендегі қазақ жазба әдебиетінің мәселелерін дәстүр жөне жаңашылдық проблемалары тұрғысынан талдаған. Мәтінде айқын баяндамалық сипат бар. Мақаланың магынасының, қойылған датасына қарағанда, М. Әуезовтің 1960 жылы 9–16 тамыз аралығында Москвада өткен шығыстанушылардың XXV халықаралық конгресіне дайындаған баяндамасы болуы керек.

“Әуезов үйі” FMO қолжазба қорында М. Әуезовтің 7–25 тамызда Москвага, аталған конгреске жіберілетіні туралы іссапарлық құжат (345-бума, 9-б.), конгреске қатысуышыға берілген 1471-номерлі анықтама қағаз (521-бума) сакталған. М. Әуезовтің конгресте жасаған баяндамасы “Труды XXV международного конгресса востоковедов” атты жинақтың 3-томында (1963, 234–240-бб.) басылған, 1960 жылы “Шығыс әдебиеттері баспасы” жеке брошюра етіп шығарған. Мұндағы мәтіндер 228, 236-бумалардағы мәтінге сәйкес келеді. Салыстыру кезінде “Қазақ әдебиеті” газетінің 1960 жылы 28 тамыздағы санында шыққан “Дәстүр мен жаңашылдық жайында” мақаласы аталған орысша мәтіндерден

аударылғаны анықталды. Тек қазақша мәтінде орыс тіліндегі мақаланың шамамен жарты көлемі қамтылған.

“О традиционном и новаторском” мақаласының “О традиционном и новаторском в казахской советской литературе” атты мақаламен белгілі бір деңгейде байланысы бар екені олардағы біраз сейлемдер мен бірер абзацтардың сөзбе-сөз дәл келетінінен көрінеді. Сонымен қатар қөтерген әдеби-теориялық мәселелері де бір. Конгреске баяндама дайындау барысында көркем әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін арнайы зерттеген Эуезов іле-шала халық ауыз әдебиетіне, фольклорға қатысты осы тақырыпта мақала жазған болу керек. Баяндама мақаласында негізінде қазақ совет жазба әдебиеті өкілдерінің шығармаларын дәстүр мен жаңашылдық түрғысынан талдаса, бұл мақалада талдау объектісі ретінде фольклорлық шығармаларды алған.

Мақалада тек қазақ әдебиеттануғының үшін гана емес, жалпы әдеби-теориялық түрғыда маңызды ойлар айтқан. Жоғары деңгейдегі ауыз әдебиеті мен профессионалды жазба әдебиеті қатар өмір сүрген елдер некен-саяк. Дәстүр мен жаңашылдық мысалдарын осы қатар өмір сүрген ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің параллелінен іздейді. Бұл қатарда Жамбылдың ауызша шығармашылығы мен классикалық Абай поэзиясын қатар, салыстыра талдау үткімді шығып, құнды теориялық тұжырымдар жасауға мүмкіндік берген. Кейбір идеологиялық сипаттағы ойлардың болуына қарамастан, мақала өзі жазылған уақыты үшін құнды теориялық жұмыс болып шыққан.

М.О. Эуезов шығармаларының академиялық толық басы-лымының бұл томына мақала мәтінін алғашқы жарияланымы – “Мысли разных лет” жинағындағы нұсқа бойынша беріп отырмыз.

P. Әбдіғұлов

“Ынтымак”

Мақала алғаш рет “Қазақ әдебиеті” газетінің 1960 жылғы 24 қыркүйектегі санында жарияланды.

Ташкент қаласында өтетін қазақ әдебиетінің Өзбекстандағы апталығына дайындық “Қазақ әдебиеті” газетінің осы жылғы 2 қыркүйектегі санында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д.А. Қонаевтың “Әдебиет – халықтар достығының жаршысы” деген мақаласынан басталады.

Қазақ әдебиетінің осы елдегі апталығы 6 қыркүйек күні Ташкентте Науай атындағы опера және балет театрында ашылды. Осы мерекеге орай қала кинотеатрларында “Жамбыл”, “Біз Жетісуданбыз”, “Біздің сүйікті дәрігер”, “Асая Ертіс жағасында” атты қазақ фильмдері көрсетілді.

Қыркүйектің 6–14 аралығында өткен қазақ әдебиеті апталығы қарсаңында “Шарқ юлдузи” журналының қыркүйек айындағы кезекті санының бірінші бетіне Лениндік сыйлықтың иегері Мұхтар Әуезовтің суреті мен “Қош келдіңіз, тұғандар!” атты жазушының шығармашылығына байланысты көлемді мақала берілді.

Бұл кездесуде қазақ ақын-жазушылары мен сыншылары көркемөнердін кино саласы, әсіресе әдебиет пен өнердегі дамыған ұлттық түр, оның болашағы туралы пікір алысты. Осы апталық алдында өзбектің мемлекеттік көркем әдебиет баспасы қазақ жазушыларының “Қозоқ ҳикоялары” деп аталатын әңгімелер жинағын (Ташкент, 1960. 26 б.т.) шығарған болатын. Оған М. Әуезовтің “Оқыған азамат”, “Бүркітші” әңгімелері енді.

Осы мерекелі күнге орай Кенес Одағының халық артисі Камиль Ярматовтың және бірнеше өзбек қаламгерлерінің М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мұсірепов, Ф. Мұстафин сияқты жазушылар прозасына риза екендігін білдірген мақалалары басылған. 1960 жылы 20 қыркүйекте Қазақ КСР Ғылым академиясының конференц-залында қазақ совет әдебиетінің Ташкентте өткізілген апталығының қорытындысына арналған жиналыс болды.

М. Әуезов бұл мақаласында осы мерекелік шараның қорытындысы ретінде өзбек, қарақалпақ және сонда тұратын орыс жазушылары шығармашылығының табысты болуына тілекtestігін білдіреді. Мақаланың газеттегі нұсқасы академиялық басылымның осы томына сол күйінде жіберіліп отыр.

C. Майлышай

“Әкел достық қолыңды, бауырларым!”

1960 жылы 10–12 қазанда Тәжікстан астанасы Душанбе қаласында (сол кездегі Сталинабад) Азия, Африка халықтарымен ынтымақтастағының бірінші Қенестік конференциясы өткізілді. Конференцияға Азия мен Африка елдерінен көптеген қонақтар қатысты.

Конференцияда қенестік республикалар өкілдері жалпы социалистік ұлт саясаты арқасында өз елдерінің жаңарып, жасарғанын, ғұлденіп, көркейгенін тебірене баяндап, отаршылдық системасын сыйнай сөз етті.

Жазушы Мұхтар Әуезовтің аталмыш мақаласы сол конференцияда сөйлеген сөзі негізінде жазылған.

Мұнда Қазан төңкерісінің совет халықтары өміріне курделі өзгерістер әкелгендігі, оның ішінде Орта Азия мен Қазақстан мәдениетінің өркендең, рухани жағынан кемеліне жеткендігі сөз болады. Ұлттық ғылым, өнер, мәдениеттің салмағы артып, бүкіл қенестік әдебиеттің көркемдік сипатына тың бояулар қоса бастағаны, қенестік түрмис-тіршіліктің жаңарып, сапалық оң өзгерістерге қадам басқандығы, осы жетістіктің барлығы сол ұлы көтерілістің нәтижесі екендігі айтылады.

Мақала “Қазақ әдебиет” газетінің 1960 жылғы 21 қазандығы санында жарияланған.

М. Әуезовтің конференциядағы сөйлеген сөзінің орысша нұсқасы “Руки дружбы, братья!” деген атпен 1965 жылы 6 қарашада “Казахстанская правда” газетінде жарық көрген.

Бұл мақаланың екі нұсқасы да жазушының көп томдық шығармалар жинағына енбеген, түпнұсқасы да сақталмаған. Елу томдық академиялық басылымның осы томына газеттерде жарияланған орысша-қазақша вариантын қатар ұсынып отырмыз.

A. Пірімбетова

“Руки дружбы Вам, наши братья!”

Мұхтар Әуезовтің бұл мақаласы 1960 жылдың 10–12 қазанында Тәжікстан астанасы Душанбеде өткен Азия, Африка халықтарымен ынтымақтастығының бірінші Кеңестік конференциясында сөйлеген сөзі негізінде жазылған. Ал қазақша нұсқасы “Әкел достық қолынды, бауырларым” деген атпен “Қазақ әдебиеті” газетінің 1960 жылғы 21 қазандагы санында жарияланған.

Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының мұрагатында мақаланың “Статьи, выступления и стенограммы заседаний” атты машинкада басылған бір данасы (387-бума, 48–57-бб.) сақталған.

Бұл баяндаманы кезінде ауызша айттылған күйінде үнтаспаға осы конференцияға қатысқан журналист Энуар Әлімжанов жазып алған екен. Кейін қысқартып, “Руки дружбы, братья” деген тақырыппен “Казахстанская правда” газетінде (1965. 6 қараша) жариялады. Мақала соңында: “...Бұл Мұхтар ағаның осыдан 5 жыл бұрын, 1960 жылы 12 қазанда Тәжікстан астанасы Душанбеде өткен Азия, Африка халықтарымен ынтымақтастығының бірінші Кеңестік конференциясында сөйлеген сөзі еді. Бұдан кейін ұлы жазушы денсаулығының нашарлауына байланысты халықаралық кездесулерге қатыса алмады. Сондықтан да мен, Мұхтар ағамыздың өз халқының мактап тұтар жетістіктері жайлы арнайы отырыста сөйлеген сөзін “Казахстанская правда” газетінің оқырмандарының назарларына ұсынып отырмын”, – делінген.

Мақалада республиканың зор табысы жан-жақты, нақты деректермен баяндалады. Кеңестер Одағының бейбітшіл жолын жалпы Қазақстан тұрмысымен, даму жолдарымен салыстыра отырып, отаршылдарды сынаған. Төңкерістен кейін қазақ мәдениетінде елеулі өзгерістер болғанын, әдебиеттің прозалық, драмалық жанрларының, қазақ поэзиясының жаңа, сапалы туындылармен толыға түскенін, бұл Қазан төңкерісі әкелген жетістік пен жаңалық екендейгін айрықша атап өтеді.

Сонымен қатар, сол дәүірдегі қазактың ірі ғалымы, қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаевты да ерекше атап кеткен. Ұлттық ғылым академиясы, жоғарғы оқу орындары, театрлар, ірі-ірі өндіріс орындарын, қалалар мен ауылдардың ізгілікті үрдістері мен

еңбек табыстарын, ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары санының елеулі түрде өскенін мактандыш тұту байқалады.

Мақала жалпы оқырманға арналғандықтан болар, баяндаманың ең қажетті деген жерлері ғана алынған. Сол себепті мақалада: “С самой высокой трибуны мира Н.С. Хрущев провозгласил о том, что Казахстан, республики Средней Азии и даже столица Таджикистана – Сталинабад, где сегодня проходит эта столь важная конференция солидарности, – наглядное свидетельство великого исторического, культурного превосходства расцвета народов в системе социализма, свидетельство преимущества уничтожения колониализма...”; “...в дни XV сессии Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций, когда на по-вестке дня стоит Величайший вопрос времени – судьба всего человечества, всей цивилизации” сияқты бірсызыра абзацтар қысқартылған.

Мақалаға текстологиялық салыстырулар жасағанымызда, баяндама мен баспасөздерде жарияланған мақалалардың мағынасы бір болғанымен, дәлме-дәл аударма емес болып шықты. Орысшасы баспаға дайындалғандықтан, қысқартылып берілгені байқалады. Жазушының мұражай қорында сақталған орыс тіліндегі қолжазбасы мен газетте жарияланған нұсқасына бір ғана ғылыми түсініктеме жазылды.

Елу томдық академиялық басылымның осы томына мақала-ның жарық көрген орысша, казақша нұсқалары қолжазба қорын-дагы вариантымен салыстырыла келе, қатар беріліп отыр.

A. Пірімбетова

“Требование времени”

Мақала алдымен орыс тілінде “Литературная газетының” 1960 жылғы 22 қазандагы санында шыққан. Кейін “Мысли разных лет” (Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1961. 11—17-бб.) жинағында, орыс тіліндегі бес томдық таңдамалы жинағында (М.: Художественная литература, 1973. Т. 5. С. 465—472), “Қазак совет энциклопедиясы” баспасынан шыққан таңдамалы жинағында (Алматы, 1997. 439—442-бб.) басылды.

Мұнда М. Әуезов ғалымдардың космонавтика, физика саласында ашқан жаңалықтарына қарамастан, адам дамуына не қажет екенін ешқашан үміттапа қеректігі жөніндегі ойларын айтқан. Ол бұл мақсаттағы басты құрал ретінде әдебиет пен өнерді атап, олардың образды ойлаудағы басты қару екенін баса көрсетеді. Бұл ойларымен қатар, заман талабына орай басты кейіпкер жасауга аса жауаптылықпен қарауға шақырады.

1. 89-б. **Г. Николаева** — Николаева Галина Евгеньевна (1911—1963) — орыс жазушысы, прозаик, очеркист. Сталин қайтыс болғаннан кейінгі “жылымық” кезеңінің көрнекті құбылысы болған “Битва пути” (1957) романының авторы. Жазушының шығармалары үлкен таралымдармен шығып, көптеген тілдерге аударылған.

2. 89-б. **М. Гусейн** — Мехти Гусейн (1909—1965) — әзіrbайжан жазушысы, сынши. Шығармаларының негізгі тақырыбы — төңкерістен кейінгі әзіrbайжан аулының өмірі. “Половодье” романында (1933—1936) Әзіrbайжандағы азамат соғысы кезіндегі оқигалар суреттеледі.

3. 89-б. **А. Мухтар** — Асхад Мухтар (1921) — өзбек жазушысы. Ол өзбек әдебиетіне жұмысшы тақырыбын кіргізді. Ең атақты шығармалары: “Сестры” (1954), “Рождение” (1961) романдары.

4. 89-б. **В. Овечкин** — Овечкин Валентин Владимирович (1905—1968) — орыс прозаигі, драматург. “Іскер проза” (деловая проза) ағымының өкілі. Бұл саладағы туындылары “Районные будни” жинағында топтастырылған. Көркемдік, танымдық сипаты көп очерктердің авторы.

Д. Қонаев

“Заман шарты”

Мақала алғаш рет орыс тілінде “Требование времени” деген атпен “Литературная газета” басылымының 1960 жылғы 22 қазандығы санында жарық көрген. Арада көп уақыт өтпей қазақшага аударылып, “Қазақ әдебиеті” газетінің 28 қазандығы санында жарияланған. Осы бойынша кейін “Уақыт және әдебиет” кітабында (Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1962. 406—412-бб.), он екі томдық шығармалар жинағының 12-томында (Алматы: Жазушы, 1969. 493—499-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағының 20-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 420—426-бб.) басылды.

Мақала сол кездегі жазушылардың бүкілодақтық “Литературная газета” басылымында орын алған ғылым мен техника жаңалықтарының көркем әдебиет пен өнердің дамуына тигізетін ықпалы жайындағы пікірталасқа арналып жазылған. Осы төңіректе көпшілікті толғандырып жүрген бірқатар маңызды мәселелердің мән-жайын жазушы әдебиет тарихынан мысалдар келтіре отырып, барынша кеңірек ашып көрсеткен. Өмірдің бар саласына біртіндеп еніп жатқан жаңалығы мол космос дәуіріндегі өзгерістер, ғылым мен техника дамуы адамның таным дүниесіне де өсер етіп, рухани сұранысын молайта түспек. Осы орайда қоғамдық сананың өсүіне ықпал ететін әдебиет пен өнер мәселесі қандай жолдармен дамитындығына да болжай жасап, алда түрган сұрақтарға жауап іздейді.

Бұл жайында газет бетінде болған пікірталасқа өзінің жаңаша көзқарастарын білдіре отырып, қай дәуірде де көркем әдебиеттің алда түрган міндеттері өзгермейтінін, оған қойылатын негізгі талаптардың уақыт тынысымен бірге дамып отыратынын сөз еткен. Мақала бастабында орыс тілді басылымға жарияланғандықтан, көп ұзамай жолма-жол аудармасы қазақ оқырмандарына арналып қазақ тілінде, жергілікті әдебиет газетінде жарық көрген. “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған мақаланың төменгі жағына жазушының өз тілегі есебінде шағын ескертпе берілген. Онда оқырманға арналған қаламгер ойы төмендегідей:

“Оқушыларға:

Мен сын мен зерттеу еңбектерін, мақала мен баяндама көпшілігін орыс тілінде де жазатын автор қатарына қосыламын.

Сондықтан да “Әр жылдар ойлары” деген кітабым екі тілде де жазылған еңбектерден құралған-ды.

Осылай болғандықтан, кейбір орысша еңбектерімнің қазақшасы болмайтыны бар. Ондайларды “Қазақ әдебиеті” газеті кейде өз адамдарына аудартады. Сондайда менің қазақша жазатын стилім, әрине, өзгеріп шығады. Әрине, зерек әдебиетші мен тілші аударманы “мынау – аударма екен” деп айырап. Бірақ жүрттың бәрі әдебиетші де тілші емес. Сондықтан тілімізді талдарынаarda жаңағы жәй есте болса деп осыны жазып отырмын. Ал мына мақала әдебиеттің келелі мәселелері жайынан жазылған сөз болғандықтан, қазақша аудармасын өзім жасадым”.

Қаламгердің өз қолтаңбасы болғандықтан, мақала аудармасы жөніндегі шағын пікір сол газеттегі күйінде өзгеріссіз берілді.

Мақала М. Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық басылымына газеттік нұсқасы бойынша дайындалды.

K. Рахымжанов

“Жыл келгендей жаңалық сеземіз”

1960 жылы 25 желтоқсанда С.М. Киров атындағы (қазірі әл-Фараби) Қазақ мемлекеттік университетінде әдебиет үйірмесінің үйімдастыруымен поэзия кеші болып өтті. Сол кездегі үйірме жетекшісі Ә. Кекілбаев кешті басқарып, “Жастар поэзиясы туралы” баяндама жасады.

Содан бері қалыптасқан дәстүр бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде жыл сайын 25 желтоқсанда өтіп тұратын дәстүрлі әдеби жиын “Әуезов күні” деп аталады. 1960 жылғы поэзия кешіне М. Әуезов және басқа да көрнекті ақын-жазушылар мен әдебиетші ғалымдар қатынасты. Мұнда жазушы жастар поэзиясы жайында ұзак сөз сөйлеген.

Жазушының бұл сөзі стенограмма бойынша алғаш рет “Лениншіл жас” газетінің 1960 жылғы 28 желтоқсандағы №254 санында “Жыл келгендей жаңалық сеземіз” деген атпен жарияланды. Осының газетте жарияланған нұсқасы он екі томдықтың 12-томында (Алматы: Жазушы, 1969. 12-т. 449—513-бб.) басылды.

Қазақ әдебиетінің жаңа толқын, жас ақындары туралы осы сөзі “Жастарға айттар бірер сөз” деген атпен сувенирлік кітапша (Алматы: Жалын, 1977. 33 б.) ретінде басылды. Осыған қосымша Г. Бельгердің орысшага тәржімелеген нұсқасын “Слово к молодым” деген атпен қоса шыгарды.

Кейін жиырма томдық шығармалар жинағының 20-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 20-т. 446—456-бб.) енді.

Мақалада тек поэзияға емес, қазақтың барлық өнер саласының даму барысы, жаңадан танылыш келе жатқан сазгерлер шығармашылығы жайынан да мағлұмattар берілген.

Мақала мәтініндегі “онда” — “оның”; “айырмасы” — “айырмыс”; “барлығында” — барлығында да”; “образын” — “образben”; “Расул Фамзатовтың” — “Дагыстан ақыны Расул Фамзатовтың”; “Шығыстың қанқұйлы жолы” — “Шыңғыстың қанқұйлы жолы” деген сияқты қалпына келтіріліп берілді.

Мақаланың алғаш газете жарық көрген нұсқасы және томдар мен басқа да басылымдарда шыққан мәтіндеріне текстологиялық салыстырулар жүргіzlіп, ішінara орфографиялық түзетулер енгізу арқылы басылымға жіберілді.

C. Майлыйбай

“Қайта туған халықтың әдебиеті”

Қазақстанның 40 жылдық мерекесіне арналып жазылған бұл макала алғаш “Советтік Қазақстан ғылымы (1920—1960)” жинағында жарық көрді (Алматы, 1960. 618—634-бб.). Жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 12-томында (Алматы: Жазушы, 1969. 475—493-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағының 20-томында (Алматы: Жазушы, 1985. 426—446-бб.) алғашқы нұсқасы ішінara өзгерістермен басылған.

Жазушы мүнда Советтік Қазақстан ғылымының қырық жыл ішінде жеткен жетістіктері мен жаңалықтарына, қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығына жеке-жеке тоқталып, оның зерттелуі жайынан ой толғайды. Макала мәтініне текстологиялық салыстырулар жүргізіліп, өзгеріске түскен кейбір сөздер мен сөйлемдерге ішінара орфографиялық түзетулер жасалынды. “Сапалы” — “сапалық”; “сананы” — “саланы”; “шығармалары” — “шығармаларды”; “сондықтан да Ленин әр мәдениетте екі мәдениет болады деген” — “Сондықтан да Ленин әр мәдениетте екі мәдениет болады деген. Сталиннің анықтаудың да мәдениет деген үғым кең мағынада алынады”; “Лениндік ұлы партияның талабы жазушы өмірімен тығыз байланысты болсын дейді” — “Лениндік ұлы партияның талабын жазушыларға терең оймен жеткізген Хрущев жолдастың талап-мәслихатында жазушы өмірмен тығыз байланысты болсын деген пікірде анық үстаздық, басшы қамқорлық талаптар бар”; “сол жайларды” — “сол жайлары”; “Алдыңғы” — “Алдағы” болып түзетілді.

Макала елу томдық шығармалар жинағының 40-томына алғашқы, кейінгі басылымдарда жарық көрген мәтіндері салыстырыла отырып өзірленді.

C. Майлыбай

“Выступление М.О. Ауэзова”

Мұнда М.О. Әуезов аймақтық мәслихаттағы пленарлық мәжілісте жасалған барлық баяндамаларды тыңдап болған соң ең маңызды сұрақ – көркем проза мен поэтикалық шығармалардың аударылу проблемасына тоқталады. М. Әуезов ақын М. Айбектің А.С. Пушкиннің “Евгений Онегинін” өзбек тіліне аударған үлгісін туыскан әдебиеттердің басқа аудармаларымен де салыстыру туралы проблема көтеріп, көркем прозаны аудару мәселесінде Гоголь, Тургенев, Толстой, Шолохов туындыларындағы ауызекі мәдениет пен “эмоциялы мазмұн және көркем ыргакты” шеберлікпен түсінуге назар аудартады. Әрі қарай жазушы үлкен аудармашылық мәдениетті де бірте-бірте менгеру керек деген тұжырымға тоқталады.

Бұл мәслихатта сөйлеген сөзі толығымен “Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана 15–18 января 1958 года” (Алма-Ата: Казахское государственное издательство, 1960. С. 361–365) атты кітапта берілген. Баяндаманың түпнұсқасы қаламгердің жеке мұрагатында сақталмаған.

Жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағына аталған кітаптағы жарияланымы ұсынылды.

A. Қуанышбаев

“Речь на открытии памятника Абаю Кунанбаеву”

М.О. Өуезовтің Абай Құнанбаевқа арналған ескерткішті ашардағы сойлеген бұл сөзі “М. Аузов. Избранное” атты кітапта (Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997. 461-б.) жарияланды. Жазушы мұрағатында автордың өз қолымен құлғін көк сиямен түзету жасаған, машинкамен басылған екі данасы сақтаулы (200, 236-бумалар).

Абай Құнанбаевқа арналған ескерткіштің алғашқы тасы 2-ші Алматы теміржолы вокзалы алдындағы аланда 1954 жылдың 5 қыркүйегінде қаланды. Бұл салтанатты оқиғаны белгілі фотокорреспондент М. Галкин суретке түсірген болатын. Суретте Д. Қонаев, М. Өуезов, С. Мұқанов, Ф. Мұстафин бар. Кейін ұлы ақынның ескерткішін қайта көтеру жас мұсінші Х. Наурызбаевқа жүктелді.

Алайда М. Өуезов Х. Наурызбаевтың жасаған мұсінін бірден қабылдай қоймады. Себебі жазушы ескерткіште ақын көзқарасының, қозгалысының жандылығын көргісі келді. “Жұмыс біткенше, мен жазушымен талай талас-тартысқа түстім” дейді мұсінші бұл туралы естелігінде.

1960 жылдың 12 қарашасында Алматы қаласында қазактың ұлы ақыны, агартушысы Абай Құнанбаевтың ескерткіші бой көтерді (сөүлетшісі – И. Белоцерковский).

Қоладан құйылған Абай мұсінінің биікті – 7 метр, Қордай гранитінен жасалған тұғырдың биіктігі – 7,4 метр.

“Казахстанская правда” газетінің 1960 жылғы 13 қарашадағы санында ескерткіштің ашылуы жайында тольк мәлімет берілді. Жазушының жеке мұрағатында оның сойлем түрган кезінде тускен суреті сақталған, онда М. Өуезовпен қатар Д.А. Қонаев, Ж.А. Ташенов, Н.Д. Жангелдин, өзбек ақыны Fafur Fұлам және басқа да қайраткерлер бар.

Бұл томға жазушы сөзінің кітаптағы басылымы мен қолжазба қорындағы нұсқаларына текстологиялық салыстыру жасалып, кітаптағы нұсқасы ұсынылған отыр.

A. Қуанышбаев

“Оңтүстік күнделіктері” (“Өскен өркен” романының деректері)

Елуінші жылдардың ортасында, “Абай жолы” эпопеясы аяқталмай жатып-ақ М. Әуезовті жаңа шығармалар тудырудың жол-жобалары мазалай бастады. “Түркістан” солай тұғаннан”былайғы жарық көрген толғаныстарының көпшілігі осы бағыт, осы мақсат-ойларымен тығыз байланысып жатады. Егер жазамын десе, өзі көрген, өз басынан өткерген, өзінің жан-дүниесіне сіңіп, арапасып кеткен өмірлік құбылыстар ұшан-теніз еді, бірақ заман талабы жаңа өріс, жаңа қияға көз салдыра берді.

Алдын сол өзі түшінган, өзі билетін жай-жагдайлардан бастауды ойлап, оның жол-жөндерін қарастыrsa да, ең соңғы кезеңдердің шындығы алдымен қалам тартуды қалап тұрған сияқтана берді. Сол ой, сол ұстымын елдің талабы мен қалауына жааралықтай еңбектер беру жауапкершілігін жүктеді, өмірлік, ерлік әрекеттердің бейнесін көркем әдебиетте ашпакқа жігерлендірді. Енді осыларды уақыт, заман шындығымен ұштастыру, байланыстыру ойлары күн өткен сайын көбірек мазалайтын болды. Келіп-келіп, ақыры Оңтүстік өнірі ойы мен қиялын өзіне біржола тұрактандырыды, оған себеп: біріншіден, республиканың Жоғарғы Кенесіне депутат болып сайланса, екіншіден, бірсызыра деректермен таныса келе, мұндағы байлық, молдық көздері кейір республикадармен деңгейлес екендігіне көзі жетті. Көне замандарға тартатын тарихи ескерткіштерінің молдығы, жан-жақтылығы да көңіл-ойын аударап, тереңіне тарта берді.

Осында келісімен-ақ мүмкіндігінше білуге, үғынуға түрарлық салалар қайсы дегендерін анықтап алды да, таныстықты облыс орталығынан бастады. Бұл өнірдің бір қыры жал-жал құмға, екінші бір шеті Бетпақтың кең сахаралы жазықтарына, шығысы, орталығы қекпен таласқандай айбынды тауларға ұштасып жататынын көрді. Тағдыры, қызмет-кәсібі, танымы әр саты, әр деңгейдегі адамдармен кездесті, жуздесіп сұхбаттасты, сыр алысты, олардың тыныс-тіршілігі мен өмір ағымының шытырманды шындықтарынан көп ой түйді. Откеннің, бүгіннің әр алуан шындалу мектебінен өткен жол-соктақтарын тереңнен үшінғандай болды. Сондағы сұхбаттары мен пікір-оій алмасулары арқылы осы ел адамдарының тыныс-тіршілігінен өлшеусіз әсер алды. Бұларға өзі көрген, өзі таныған ел адамдарының алдағы күнге

деген сенімі және көрсеткен, білдірген ниет-ықыласы қосылды. “Саяз қалқымау, шала қарпымай” ұстанымы өзін бұл жерде одан да әрі ширектикара түсті. Сондықтан ол көмескі дерекпен, жеңіл-желпі, атусті шолумен шектелуді қанағат тұтпады. Осы ой елдің аргы-бергі тарихы, мәдени-рухани тіршілігі арналарынан хабардар болуға құлышна кірістірді, тіпті сөз саптауларындағы өзіндік ерекшеліктеріне дейін назарын аударды. Олардың айтылуы мен естілупінің өзгешелігі болатынына анық көзі жетті.

Соңғы жылдарды қайта-қайта ойна орала берген басты нәрсе – жаңа заманың қыртыс-қатпарлы ағындарын шығарма арқауна қалай айналдырудың жолдары еді. Мұнда тар ауқымда айналышқатап қалмай, ел, жер байлығы, ырысы мейлінше жарқырап көрінетін ортасың адамын бейнелесем деген ой әрбір кездескен жаңға осы тұрғыдан қарап, осы тұрғыдан бағалап-бағамдауды үйретті. Сондықтан да олардың әрқайсысының ішкі арпалыс-қақтығысының не екенін, айналасына қалай қарап, қалай қабылдайтынын ұғынуға тырысты. Откеннің, бүгіннің қабат-қабат қатпарлы ағымдары өзіне ғажап бір қуат дарытатын сияқтанды. Сондықтан көкейінде пісіп-жетіліп, шиыршық атқан кернеулі ой терең толғанысқа батырды. Бұл ойлар роман қандай болу керек деген ұстанымымен біте қайнасып, бүгіннің, келешектің кейіпкерлерінің бітім-болмысын көз алдына әкелді. Бұл ретте қара басын емес, көпшілік мұддесін ойлайтын сыпаттағы бейне керек, сондаған ол өз дәүірінің құрылышшысы, алға сүйреушісі бола алады. Сөйтіе отырып та шығарма желісін бастан аяқ лиризмге, сезімге, поэзияға, сүйіспеншілікке құруға болады. Бұндайда көрсетпек, үлгі етпек болғаны “Озінің дәүірін бар қайшылықтарымен, бар кең көлемінде даналықпен қамтып тани білетін адам; бүгінгі күннің барыменған бақыт таптық демейтін, алға қарай даму жолындағы кемшілік-олқылықтарды да терең сезінетін” (“Оскен өркен”. 1965. 5-б.) интеллектінің, кең ауқым, терең жауапкершіліктің адамы. Ол – жергілікті халықтың құнделікті тұрмысындағы түйткілдерге дейін зейін аударып, оны он шешүге бар ынта-ықыласымен кірісегін тұлға.

Осылайша жазуга қызу кіріскең алғашқы құндердің бірінде филологияғылымдарының докторы Ысқақ Дүйсенбаевтан: “Мен қазір жаңа романның қызығына, қызықты енбегіне кіргендеймін. Эзірігे ертелі-кешті ой сол дүниеде... Енді бір өтінетінім, жақында біздің көркем әдебиет баспасында очерктер жинағы шығып еді. Сол жинақтың ен басына менің “Онтыстік сапарынан” деп аталағын очеркім басылған. Қазіргі жұмысымға қатты керек болып отыр. Сол кітапты тауып ала келуіңізді құраймын” (385-бума, 2-б.) деп өтінеді. Сондагы сұрап отырганы Қазактың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан “Алғы шептегілер” (1960, 3–36-бб.) деп аталағын жинақ. Қазір өзінің мұрагатында сактаулы тұрған осы очерктиң қындысында көптеген сөз-сөйлемдер мен тұтас

абзацтардың астын сызып, тұсына әртүрлі белгілерін қойып, ойларын жазған. “...Бар болмысина, жайнаған жаразтығына қарағанда, өнерлі, өскелен болған қауым тірлігі көшесіндегі балғын өсken жас емен бейнесіндегі...” дегениң тұсын сызып, араб әрпінде “кейінгі бөлімге” деп жазса, осының екінші жартысы, яғни оның жалғасы саналатын “Әзірge жалғыз ғана ойға ала кетеріміз, қақпағы ашық сағаттың механизмі сияқты бол өзі де сан алуан қайнар ыргағымен жүріп жатқан осы қала тірлігі жайшылықта және де мақтадан жырақ екені даусыз. Бірақ осы Кентауда қай орынға барсан да, “мақталы Оңтүстікке топтарын, лектерін, жас буын жеткіншектерін жөнелтіп жатырмыз” деген үндер есітесіз. Сандар, ақпараттар аңғарасыз. Бұл қала халқы да жаңағы облыс жүртшылығы бар жігерін бір арнаға салған үлкен ағым ішінде” (523-бума, 16-б.) деген жолдардың астын сызып, тұсына “Бұл өзірге керек” деп көрсеткен.

“Осының бәрін Карпов біліп көруі керек”, “Ең соңғы бөлімге керек” деген сияқты, жоба-жоспарларынан хабар берелік сөздері мен ойларын жазып, оның алды-артындағы сөз-сейлемдердің астын сызып, алдағы мақсаттарын айқындайтын белгілерін қойып отырды. Бұлар соңынан белгілі бір мақсат-мұддесіне жарайды дегендегінің белгісі. Осы белгілерінде өмір фактілерін көркемдікке қалай айналдыру әрекеттерінін кілі җолдары жатты.

Осындай ізденісінің жаңа сипаттағы түйіндеулері жинақталып келіп, белгілі бір шешім-тоқтамдарға тұрақтандырыды. Сан рет өлшеп, кесіп-пішкен ішкі ой-толғамдарын түйіндей келе, шығармасын 1960 жылдың 31 тамызында жазуға кірісті. Бұған дейін қаншама жоба-жоспарлардың елес-сілемдері көз алдында көлбендеумен болды.

Қызығылықта сюжеттің жетегінде кетпей, адамдар психологиясын ашуды үстанатын жазушы шын шығарма жүректен ғана тудау деп қарайды. Өзі үшін өмірді білмектен артық ешнэрсе жоқ. Бүгіннің де, келешектің де талабынан табылар кейіпкерлерді Мұхаң өз замандастарының арасынан іздеді. Сондықтан бейнелейтін адамдарының ортасын өз көзімен көрмекті, еңбекте, жай тірлікте, әртүрлі тұрмыс жағдайындағы хал-куйде танымақты үстанған ол бәрінің де астар-ағымын, бұраланды ірімін терең ұғыну, сезіну керек деп білді. Нәтижесіз еңбек, мән-мәніссіз қарекет жаңағылышқа иек арттырмайды. Өмір құбылыстарын қиялдан откізіп, типтік характер жасау, жаңа өмір беру – осындайдан шығады. Шынайылыққа жету шын суреткердің ғана қолынан келеді. Жұрт аңғармағанды аңғару, жұрт айтпағанды айту – хас таланттың еншісі. Осылардың бәрін саралай келе, алған тақырыбын заман, дәүір тынысын кең қамти отырып, қолара ашып актарғанды жөн көрді. “Отанымыздың өсken талабына сай етіп, қалауына жағарлықтай жаңа еңбектер берсем деген зор мақсатым бар” деген ойға бекінді.

Тұсті металлургия, жеңіл өнеркәсіп, мақта, мал шаруашылығы қатар дамыған өнірдің өзендері мен көлдері, каналдары мен бөгеттері, қала, ауыл, аудан, жұмысшы селолары, колхоз, совхоз, мектеп, театр, оқу орындары, мақта, астық, жеміс-жидекпен айналысатын шаруашылықтарына дейін көріп-білуге, түйсініп-тұшынуға тырысты. Тұсті металлургия, ауыр индустрия, химия, көмір өнеркәсібі салаларымен, алыс отарлар мен мал жайылымдарындағы малшылардың жай-жағдайларымен танысты. 1959—1960 жылдардағы мал қыстаратудың қыншылықтары жөнінде ақпараттар алған сон, терістік аудандарының шабындық жайылымдарын аралады. Шу өзенінің құйылар тұсы Алакөл, Айнакөл, Телікөл арқылы Қызылорда облысына, Сарысудың төменгі құйылышы Боктықарын, Қызылжыңыл, Байгана арқылы Қарағанды облысына шектесетін өлкеде Ақтөбе, Қөктебе, Ақназар, Сыпашың сазы, Қызтеккен (аңызда қыз бен жігіт өлтіріледі), Балықшы әулие, Бекембай әулие, Құлметай әулие, Бәжінің белі, Мұзбел, Қексарай, Аққолқа, Қозымолдақ, Шыбықбел, Желтимес, Қөсегенің көк жоны, Сауранбай, Ақтөбенің Ақнары, Талкешу, Шоқат тебешігі, Қарақөл бойындағы Исадай тогамы, Қөрігентүз, Мойынқұмдағы Жамбасжол, Айгене, Сарбас, Батыrbай, Зілқара моласы, Сапақ тұмасы деген жерлер бар. Қаратаудың солтүстігі мен Мойынқұмның оңтүстігіндегі бектерлі жазықтарда колхоз-совхоздар орналасқан. Терістікке құлай аққан Жартытөбе, Үштөбе, Торлан, Біресек, Қошқарата, Суындық, Қарақұр, Ран, Ақсұмбет, Бабатүкіті Шашты Әзіз сияқты өзен-булақтар ерекше көрінеді. Жеті қабат жалдан тұратын Мойынқұмға Айгене, Сарбас, Батыrbай арқылы терендеп енген малшылар араға үш, төрт жыл салып, әрен оралады екен.

Жазы ұзақ, қысы үш-төрт айға созылатын бұл өнірде қар қалың, кейде жұқа түсіп, қатқақтанып жатады. Тау етегінен құмға жеткенге дейінгі далада: сасыры (тау шайыры), қызыл жусан, киқот, арпабоз, бозғанак, тау қақысы, қылша, сүттіген, атқулақ, тобылғы, үшқат, шие, бұлдірген, қарақат, бозжусан, баялыш, қүреуік, теріскен, ебелек, жауқазын, қарғатүяқ, дала қақысы, түйежапырак, қоңырбас (ерте курап қалады), қарасора, алабота, жаужұмыр (адам үтіп жейді), құртташаш, қарабарқын, сары шартылдақ, жантак, адыраспан, қуырдақ, қаралық, шител, сағыз, бидайық, сарбас жоңышқа, кеурек, көк жусан, тұбіржусан, дермене, қоңырбас, бүйрашөп (маусым айында үшып кетеді), бидайық, нокетек, морскеbek (баялыштың бір түрі), бұйырғын (қөктемде залалды, буаз малды құртады, бар шөптен бүрын өседі) сияқты шөптөр мен өсімдіктер кездеседі. Мойынқұм мен Шу өзенінің атырабында еркек, изен, теріскен, жусан, желбас, құм сүттігені, қоянсүйек, түйесінір, жұзген, ақбас, шытыр, түйекарын, Бетпақдалада тасебелек, бозжусан, бетеге, баялыш, сыған, баттауық, ақбүйір, жабырақ, жуа, қақы, қаратүяқ, көреней өседі. Осылардың көбінің

аттарын жазып алыш, белгілерін қойған, өзі білетіндеріне онша көңіл аударып жатпаған.

Енді қайда жүрсе де, осы өнірдің тыныс-тіршілігінің әрбір лебі, езгеріс-жанаңықтары ойынан, көз алдынан кетпейтін болып алды. Бір кездері ақын дәуірі, заманы өзінің алар дем, тынысына айналып кеткен еді, енді қазіргі беталысы да дәл сондай күйтеге ауысты. Америка сапарындағы сезіністері соны еске салады. Сол елдің өзен-көлдері мен тауларынан, далаларынан осы атырапты елестететін ұқсастықтарды кездестірген сияқтанды. Калифорниядан Колорадо штатына бара жатқан жол бойындағы кездескен таулардан Қарату сияқты тұстарын жиі байқады. Феникстен (Аризона штаты) Вашингтонға қарай ұшып шыққанда, төмөндегі қоңыр таулар мен адырлардың төс-төскейіндегі түп-түзу трассаларда ерсілі-қарсылы жосыған көліктеге қарап, елінің “болашагы, жақындағы болашагы осылай болса нетті дейім” (393-бума, 22-б.) деп армандаиды. Негізінде бір қарағанға жалаңаш, құлазыған сияқтанып көрінетін Қарату құт-берекелі өнір. Осыған тіл тигізген Ақпанбетке Мәделі қожа:

“Жаужұмыры құмғандай,
Жау көнілің тынғандай.
Осындей жерді жамандап,
Неден болдың қу мандай.
Жуасы бар аяқтай,
Әр бұтанаң түбінде
Еті жатыр табақтай (қоян).
Кекшекүм деген жерім бар,
Жуасы бар таяқтай.
Қарату деген белім бар,
Алмасы бар аяқтай.
Осындей жерді жамандап,
Атаңа нәлет Ақпамбет,
Ақылың сенің қаяқтай”, –

деп уәж айтады. Осындей ерекшеліктері бар облыстын он алты ауданында жиырма мал, он төрт макта, бес астық, екі жузім, бір жеміс-жидек совхозы, тоқсан алты колхоз, Ащысай, Түркістан, Кентау, Ленгер, Дарбаза, Сағтөбе сияқты қалалы, ауылды жерлерінде полиметалл, экскаватор, пресс-автомат, керамика, қаракөл, гидролиз, кірпіш зауыттары, Зах, Қаным, Левобережный, Правобережный, Арыс, Қараспан, Қемардан каналдары, Оймауыт, Ұшакты, Кескен, Ақсу, Сайрам, Шеуілдір, Шымкорған плотиналары, Шымкент, Кентауда да көптеген зауыт-фабрикалар барын билді.

Миллиондай халқы бар өлкенің елуге жуық пайызы қазак, қалғандары орыс, өзбек, татар, тағы басқалар екен. Осылардың

ішінде шығармада жол табарының да, жанама түрде сөз болуға жаарының да қайсы екенін көніл-көкейіне тоқи жүрді. Осы тұрғыдан келгенде, Қаратудың терістік-түстік салалары тұнып тұрған тарих сияқтанды. Жыр-дастандардан есімдері белгілі Едіге, Қобыланды, Қамбарлар осы өнірдікі. “Қобыланды” жырындағы Қараспан – осы Қаратату. Батыс үшін Алтын Орданың албастысы атанған Едігені кейбір аңыздарда Шашты Әзіздің баласы десе, енді бірде оның батасынан туған деп те айтылады.

Соңғы сапарларында облыстың терістігінде көбірек аялдауга тырысты, себебі шығармада бұл өнірге басымдық бергісі келгендіктен болу керек. Солардың қатарына жана тұрпаттағы Кентау қаласы да жатады. Ондағы атқарылып жатқан іс-шаралар, бағы, көті, тазалығы, құрылымы алуандығы, жоспарлануы үлкен әсер қалдырыды. Ал романын Алматының архитектуралық ерекшеліктерін суреттеумен бастауына осылардың да әсері тиіді.

Екі жылға жетер-жетпес жыл ішіндегі соңғы сапарға 1961 жылдың сәуірінде шықты. Алғашында облыстың онтүстігі мен солтүстігін, шығысы мен батысын тұтас қамтыса, одан кейінгілері қажет деген ауыл-аудан, қалаларда болумен шектелді. Сондағы жинаған деректері мен өзінің жазғандары мұрағатындағы 362, 363, 364, 538, 539, 543, 544, 545, 562, 564-бумалардан орын алған. Өзінің әр барған сапарындағы ойға түйгендери жекелеген қағаздар мен қойын дәпптерлеріне түскен. Осылардың қатарына қорғасын, химфарм зауыттары мен Шаян, Созақ, Түркістан аудандары туралы анықтамалары, соңғы кездің оқиғалары, қылмыстық істердің түсініктемелері жатады. Бұның барлығы алдағы мақсаттары мен бағдарларын, шығарма құрылымын, аумағын анықтап алуына мүмкіндік берді, көп өрнек-оралымдарды кейінге қалдырып, алдымен бірінші кезектегі жалпы нобайын жасаттырыды.

Жаңа заман адамдарының қарым-қатынасында ауыз толтырып айттарлықтай тартыс жоқ деушілер болды, ізде, оны есkei мен жаңаңың арасынан ғана іздеді. Кешегі көшпелі дәүір үрпактарының өздеріне жүктелген жүктөрді талай белдерден асырып өрге сүйреуге, жасартып, жаңғыртуға күш-қарымдары жететінін білген жазушы шығармасы арқыла осыларды дәлелдегісі және оларын ұлттық проблемалармен байланыстырығысы келді. Бұл ретте нақты дерек, күжаттарға жан-жақты тынбай ізденістерінен туған пайымдаулары қосылды.

Улкен толғаныс, ізденіс ширығысымен қатар, қолға алынған шығармасына іріктелген деректердің аумағы аса қолемді деуге болады. Ізденістің осындай жолдары, әдіс-машығы отызынышы жылдары басталды. Өзі көрген, өзі сезінген өмірлік факті, шындықтарды пайдалану тәсілінің негізі осы кезде қаланды. Кейіпкерлерінің түгелге жуығының прототиптері бар десе де болады. Бірақ барлығы бірдей дәл өмірдегі қалпында алынбады, әдебиеттің көркемдік шарттарына, занылыштарына бағындырылды.

Ұнамды, ойлы кейіпкерлері жаңа типті қаһарман ретінде таңдалды. Бұрын тарихи тақырыптың жазушысы саналып келсе, енді жаңа заман тақырыбын игерерлік қарымы барлығын дәлелдeуге тырысты. Жазуға шындаپ кіріскеніне бір айдай уақыт болғанда, яғни 1960 жылдың қазанында, елді тағы да аралауға шыққан кезінде ой-жобаларының мынадай нобайын қағазға түсірді:

- “а) газет, жұмысшылар сындары;
 - б) ЦК-дан келген кісі;
 - в) обком мәжілісі: кімдер болды, кімдер қалай сөйлемді, байлау қандай еді;
 - г) кейін жаңа басшылық қалай бағалады, не шара қолданды. Қыс, жұт, обком шаралары:
 - а) Сәлім әңгімелері, обком шаруасы, адамдар әрекеті;
 - б) жеке шопандар енбегі, ерлігі... Олардың бастарынан кешкен ауыртпалықтар, үй, тамақ, киім, тұрмыс, бала, кемпіршал, орын, ас-азық;
 - в) қыс суреттері: жел, құм, қар қандай, асулар не күйде болды, жолдар не күйде еді;
 - д) жеке шопандар әңгімелері, бейнеті, дала, боран жағдайындағы ерекше мінездері, олардың үй ішіндегі күйлері. Разлад, растройство семьи. Осы жөнде ауыр хал әңгімесі қажет...
 - е) облыстан барған басшы адамның өз бейнеті: адасу, боран, машина жүрмей қалу, сексеуіл.
- 1959-60 жылдың қысында қандай үлкен оқигалар болды:
- а) сол жөнде обком қандай шаралар істеді, қандай жаңалық, бет-бағыт нұскады;
 - г) қазақ қызметкерлеріндегі салмақты, бағалы мінездер кімдерде, қай істер жөнінде;
 - е) Захан Искандеров образы жөнінде қөп мәлімет, өзімен әңгімелесу (әдебиет жөніндегі ойлары)” (562-бума, 32–36-бб.), т.б.
- Бұл да желі арқауына айналар оқигаларды көз алдынан өткөріп, алды-артын кесіп-пішіп, пысықтап, белгілі бір тоқтам, түйіндерге келгендейгін андатады. Осындағылардың көпшілігі романның жазылып біткен тарауларынан өз орнын алды.

T. Әкім

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР, БАЯНДАМАЛАР	3
Позор палачам Южного Вьетнама!.....	5
Особенности развития литературы социалистических наций	6
Жүрек қазынасы	26
На пороге шестидесятого...	28
Светлая вершина русской литературы	33
Орыс әдебиетінің шырқау биігі	36
Мы хотим слышать и ваш голос!	40
Это смелее любой мечты!	43
Служим одному делу	44
О традиционном и новаторском в казахской советской литературе	45
Дәстүр мен жаңашылдық жайында	55
О традиционном и новаторском	62
Бінтымак	68
Әкел достық қолынды, бауырларым!	69
Руки дружбы Вам, наши братья!	75
Руки дружбы, братья!	81
Требование времени	85
Заман шарты	92
Жыл келгендей жаңалық сеземіз	99
Қайта тұған халықтың әдебиеті	108
Выступление М.О. Ауэзова	127
Речь на открытии памятника Абаю Кунанбаеву	132
II. ЖОЛЖАЗБА	135
Оңтүстік күнделіктері ("Өскен өркен" романының деректері).....	137
III. ФЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	241

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ
Шығармаларының елу томдық толық жинағы

40-том

Академиялық ғылыми басылым

*M.O. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесіндегі бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
C. Назарбаева, Б. Канапиянов

Редакторлары: *B. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*
Көркемдеуші редакторы *C. Оспанова*
Техникалық редакторы *H. Ромахова*
Компьютерде беттеген *I. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.
Каріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 14,7.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 344.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-182-1

9 7 8 6 0 1 2 9 4 1 8 2 1